

ISSN 2079-9330



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

1 (15) 2013



БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПІРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. – Абай ат. ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары; **Сейсенбаева Ж.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор; **Михайлова Н.Б.** – пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия); **Мархадаев Л.В.** – Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор; **Байсабаев Б.А.** – ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті; **Айтбаев Ө.А.** – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Тіл білімі институты ғылыми-терминологиялық орталығының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Айталы А.** – Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, филос.ғ.д., профессор; **Әлмұхамбетов Б.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ көркем сурет-графика факультетінің деканы, пед.ғ.д., профессор; **Баймырзаев Қ.М.** – Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, геогр.ғ.д., профессор; **Бөлеев Қ.** – Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор; **Бейсенова А.С.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Берікханова А.Е.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының доценті, пед.ғ.к., доцент; **Ғаббасов С.** – жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Есім Ғ.** – ҚР сенат депутаты, филос.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Есполов Т.И.** – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Жарықбаев Қ.К.** – Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры, педагогика және психология ғылымдарының докторы, профессор; **Иманбаева С.Т.** – Абай ат., ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Қирабаев С.С.** – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Абай ат. ҚазҰПУ ректор кеңесшісі, ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қасқабасов С.А.** – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қыдырәлиев Д.** – Қазақстан Республикасының Президенті Баспасөз қызметінің сектор меңгерушісі, фил.ғ.д.; **Қозыбаев І.М.** – Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтында бас ғылым қызметкер, т.ғ.д., профессор; **Қалиев С.Қ.** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Жалпы педагогика кафедрасының профессоры, пед.ғ.д., профессор; **Қойгелдиев М.Қ.** – Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және доктарантура PhD институтының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор; **Мырзахметов М.** – Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы «Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының» директоры, ф.ғ.д., профессор; **Мұтанов Ғ.М.** – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** – филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры; **Нөкетаева Д.Ж.** – Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің ректоры, пед.ғ.к.; **Нәрібаев К.Н.** – ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор; **Сарыбеков М.Н.** – М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор; **Сманов Б.Ө.** – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың әкімшілік басқармасының бастығы, пед.ғ.д., профессор; **Табылдиев Ә.Т.** – әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, пед.ғ.д., профессор; **Түрікпенов Ж.** – Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры, пед.ғ.к., Қазақ Гуманитарлық академиясының академигі; **Шаханова Р.Ә.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дың магистратура және доктарантура PhD институтының филология мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Ізтілеуова С.Д.** – Абай атындағы ҚазҰПУ-ның «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.д.; **Шолпанқұлова Г.К.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының доценті, пед. ғ.к.; **Құрманғали А.К.** – педагогика ғылымдарының магистрі, жауапты хатшы.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
почетный член НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. – директор НИИ Формирования интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора; **Сейсенбаева Ж.А.** – зам. директора НИИ Формирования интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор; **Михайлова Н.Б.** – к.п.н., доцент, директор центра международного образования и научной информатизации (Германия); **Мардахаев Л.В.** – заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор; **Байсабаев Б.А.** – к.ф.н., доцент Кыргызский Национальный университет им. Ж.Баласагына; **Айтбаев О.А.** – президент международного сообщества “Қазақ тілі”, главный научный сотрудник Научно-терминологического центра института языкового образования, д.ф.н., профессор, академик НАН РК; **Айталы А.** – профессор Актюбинского государственного педагогического института, д.филос.н., профессор; **Альмухамбетов Б.А.** – декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор; **Баймырзаев К.М.** – ректор Костанайского государственного педагогического института, д.геогр.н., профессор; **Болеев К.** – зав. кафедрой “Педагогика и этнопедагогика” Таразского Государственного Педагогического Института, д.пед.н., профессор; **Бейсенова А.С.** – зав. кафедрой «Научно-методический центр по географии и экологии», д.пед.н., профессор, академик НАН РК; **Берикханова А.Е.** – доцент кафедры «Национальное воспитание» КазНПУ им. Абая, к.пед.н.; **Габбасов С.** – писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор; **Есполов Т.И.** – ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК; **Есим Г.** – депутат сената РК, д.филос.н., профессор, академик НАН РК; **Жарыкбаев К.К.** – директор Центра этнопсихологии и этнопедагогики имени Т.Т.Тажибаева, доктор педагогических наук, доктор психологических наук, профессор; **Иманбаева С.Т.** – зав. кафедрой «Национального воспитания и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.п.н., профессор; **Кирабаев С.С.** – советник ректора КазНПУ им. Абая, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.Ауезова, д.ф.н., профессор, академик НАН РК; **Каскабасов С.А.** – директор Института литературы и искусства имени М.Ауезова, д.ф.н., профессор, академик НАН РК; **Қыдыралиев Д.К.** – заведующий сектором Пресс-службы Президента РК, д.филос.н.; **Козыбаев И.М.** – главный научный сотрудник Института стратегических исследований Казахстана, д.и.н., профессор; **Калиев С.К.** – профессор кафедры “Общей педагогики” Казахского Государственного женского педагогического университета, д.пед.н., профессор; **Койгелдиев М.К.** – зав. кафедрой гуманитарных специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, д.и.н., профессор; **Мырзахметов М.** – директор НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, д.ф.н., профессор; **Мутанов Г.М.** – ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** – профессор кафедры “Культурной антропологии” КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.; **Нукетаева Д.Ж.** – ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.; **Нарибаев К.Н.** – зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор; **Сарыбеков М.Н.** – ректор Таразского государственного университета им. М.Х.Дулати, д.пед.н., профессор; **Сманов Б.О.** – начальник административного управления КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор; **Табылдиев А.Т.** – профессор КазНУ им. аль-Фараби, д.пед.н.; **Туркпенов Ж.** – профессор кафедры педагогических специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, к.пед.н.; **Шаханова Р.А.** – зав. кафедрой филологических специальности Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор; **Изтилеуова С.Д.** – ведущий научный сотрудник НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, д.ф.н.; **Шолпанкулова Г.К.** – доцент кафедры «Национальное воспитание» КазНПУ им. Абая, к.пед.н.; **Курмангали А.К.** – магистр педагогических наук, ответственный секретарь.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
dear member of NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. – the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of RK, the professor, first deputy chief editor; **Seysenbaeva Zh.A.** – the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor; **Mikhailova N.B.** – Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany); **Mardahaeu L.V.** – Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor; **Baisabaev B.A.** – the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn; **Aytbaev O.A.** – the president of the international community «Қазақ тілі», the main scientific employee of the Scientifically-terminological centre of Institute of language education, the doctor of philology, the professor, the academician of NAS RK; **Aytaly A.** – the professor of Aktobe State Pedagogical Institute, the doctor of philosophy; **Almukhambetov B.A.** – the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of National Knowledge Academy named after Y. Altynsarina; **Baymyrzaev K.M.** – the rector of Kostanaysk State Pedagogical Institute, the doctor of geographical sciences, the professor; **Boleev K.** – the university chair of “Pedagogics and ethnopedagogics” of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor; **Beysenova A.S.** – the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of NAS RK; **Berikhanova A.E.** – the associate professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Gabbasov C.** – the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor; **Esim G.** – the deputy of senate of RK, the doctor of philosophic sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Espolov T.I.** – the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Zharykbaev K.K.** – the director of the ethno psychology and ethnopedagogics center named after Tazhibaeva T.T., the doctor of pedagogical sciences, the doctor of psychological sciences, the professor; **Imanbaeva S.T.** – Head of the Department of “national education and samoponaniya” KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kirabaev S.S.** – the chancellor adviser of KazNPU named after Abai, the mail scientist of the Literature Institute named after M. Auezov, professor of the chair “Kazakh literature” of KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the academician of NAS RK; **Kaskabasov S.A.** – the director of Literature Institute named after M. Auezov, the academician of NAS RK, the doctor of philology science, the professor; **Kydyraliev D.** – Head, Press Service of the President of Kazakhstan, the doctor of philosophy; **Kozybaev I.M.** – chief research officer of the Institute for Strategic Studies in Kazakhstan, the doctor of historical sciences, the professor; **Kaliev S.K.** – the professor of the chair “General pedagogic” of Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Koygeldiev M.K.** – the university chair of humanitarian specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of historical sciences, the professor; **Myrzakhmetov M.** – the director of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the professor; **Mutanov G.M.** – the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor; **Moldabekov Zh.Zh.** – the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair “Cultural anthropology” of KazNU named after Al-Farabi; **Nuketaeva D.Zh.** – rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences; **Naribaev K.N.** – vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor; **Sarybekov M.N.** – the rektor of the Taraz State University named after M.H. Dulati, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Smanov B.U.** – the director of Republican institute of improvement of professional qualification of the scientific-pedagogical personnel, the candidate of pedagogical sciences, the professor; **Tabyldiev A.T.** – the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNU named after Al-Farabi; **Turikpenov Zh.** – the professor of chair of pedagogical specialties in the Institute of magistracy and doctoral PhD candidacy of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences, the academician of Academy of the humanities; **Shahanova R.A.** – the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, **Iztileuova S.D.** – the chief scientific collaborator of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doktor of philological sciences; **Sholpankulova G.K.** – the associate professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Kurmangaly A.K.** – Master of Pedagogical Sciences, the executive secretary.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012



**«Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы
жоғары елге айналуымыз керек»**

**ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
«Қазақстан – 2050» – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»
атты Қазақстан халқына Жолдауынан
2012 жыл 14 желтоқсан**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ
ҰЛТТЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ДАМУЫ**

ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

ЖОБА

Авторлар: п.ғ.д., академик **С.Ж.Пірәлиев**, х.ғ.д., профессор **М.Е.Ермағанбетов**, тех.ғ.к., профессор **М.А.Нуриев**, псих.ғ.д., академик **Ж.И.Намазбаева**, п.ғ.д., профессор **Ф.Ш.Оразбаева**, п.ғ.д., профессор **С.Т.Иманбаева**, п.ғ.д., профессор **Н.Н.Хан**, п.ғ.к., профессор **С.И.Калиева**, п.ғ.д., профессор **Л.М.Нарикбаева**, п.ғ.к., профессор **А.Е.Берікханова**

Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт - 2020» ұлттық жобасын іске асыру мақсатында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті ректорының гранты бойынша «Жоғары оқу орны жағдайында ұлттың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру» атты ғылыми жоба шеңберінде дайындалған.

КІРІСПЕ

Тұжырымдама Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытудың мақсаты мен міндеттерін, ұстанымдары мен іске асыру шарттарын айқындайтын негізгі құжат болып табылады. Тұжырымдамада ұлттың зияткерлік әлеуетін дамытудың тиімділігін қамтамасыз ететін әлеуметтік-педагогикалық ынтымақтастығын күшейту негізінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамыту мен қалыптастырудың стратегиялық бағыттары анықталған. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына әр жылғы жолдауларында, «Интеллектуалды ұлт -2020» жобасында ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім жүйесімен кіріктіру, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы, ақпараттандыру технологиясы, негізгі халықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту стратегиялық бағыт болып отыр.

Тұжырымдаманың нормативтік-құқықтық базасын Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Ғылым туралы» Заңдары, «Қазақстан – 2030» даму стратегиясы, «Қазақстан Республикасының 2003-2015

жылдарына арналған индустриалды-инновациялық стратегиясы», «Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы», «Интеллектуалды ұлт -2020» ұлттық жобасы, Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы құрайды.

Қазақстанның экономикалық өркендеуінің, саяси және индустриалды-инновациялық дамуының маңызды ресурсы адами капитал құндылығымен өзектелінеді. Ұлттың әлеуеттік капиталы мемлекеттің әлемдік экономикалық және әлеуметтік кеңістікте бәсекеге қабілеттілігінің анықтаушы факторы болып табылады. Оның мәні еліміздің тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуына қажетті жаңа білімдерді игеруге негіз болатын тұлғаның шығармашылық қабілеттері және кәсіби-мамандық, біліктілік деңгейлері арқылы ашылады.

Қазіргі қоғам ақылды, күзиретті, шығармашылық тұрғыда ойлай алатын, қоғамның мүшелерімен өзара қарым-қатынаста өзінің зияткерлік іс-әрекетін басқара алатын тұлғаға мұқтаж. Мұндай тұлғаның дамуы мәселесі Қазақстан саясатының

басымды бағыттына жатқызылады. Осыған байланысты ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыру мен басқару стратегиясына деген талаптарға аса мән беріліп отыр.

Интеллектуалды әлеует – интеллектуалды іс-әрекеттің барлық түрлерін, оның субъектілерін, ғылымды, білімді, жаңашылдықты біріктіретін интегративті ұғым және бұл феномен, ең алдымен, қоғамның интеллектуалдық ресурсы болып табылатын үздіксіз білім беру жүйесінде (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім, негізгі орта білім, жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім, арнайы білім, жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім) қалыптасады.

Қазіргі заманғы білім беру мекемелерінде білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту педагогикалық ұжым үшін жүйетүзуші міндет болып табылмай, қажетті нәтиже бермей, спонтандық түрде (*ішкі себептермен пайда болған, сыртқы әсерден болмаған*) жүзеге асырылуда.

Сондықтан білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін мақсатты қалыптастыру республикадағы үздіксіз білім беру модернизациясының негізгі міндеттерінің бірі болуы қажет. Оның дамуындағы сұранысқа қарамастан, бүгінгі күнге дейін ғылыми әдебиеттерде осы іс-әрекеттің стратегиясы мен тактикасын негіздеуге мүмкіндік беретін нақты тұжырымдама болмаған.

Бұл тұжырымдаманың мазмұны Қазақстан Республикасының барлық білім беру жүйесінің алдында тұрған міндеттермен тығыз байланысты (ҚР «Білім туралы» Заңы, 11-бап):

- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

- жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

- азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

- белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республика-ның қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

- отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту.

Қоғамды интеллектуалдандыру үдерісі жалпылық сипатқа ие, сондықтан Тұжырымдамада ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға бағыттай-тын вектор осы мәселені үздіксіз білім беру жүйесіндегі білімалушылардың жеке тұлғасынан бастап қоғамдағы өзінің интеллектуалды әлеуетін ұдайы өндіруге дейін тұтастықта қарастыру болып табылады. Тұжырымдама интеллектуалды ұлт оның өкілдерінің интеллектуалды әлеуетінің жиынтығы, қоғамның интеллектуалды әлеуетінде оның субъектілерінің интеллектуалды белсенділігінің көптүрлілігі байқалады деген ұстанымды қамтып көрсетеді. Демек, Тұжырымдама интеллектуалды дамыған тұлғаны қалыптастырудың негізгі тұрғыларын анықтайды.

Тұжырымдама төмендегі қағидаларда негізделеді:

- интеллектуалды ұлтты қалыптастыру тұтас алғанда, қоғамның анықталған стратегиялық мақсаты ретінде оған жету үшін үздіксіз білім берудің барлық деңгейлерінде білім беру кеңістігі субъектілерінің ерекшеліктерін ескере отырып, концептуалды тұрғыларды (тәсілдерді) қабылдау қажет деп ұғынылуы тиіс;

- интеллектуалды әлеует өзінің табиғилығы жағынан биоәлеуметтік және бірқатар

ғылымдар, соның ішінде психологиялық-педагогикалық зерттеулердің пәні болып табылады. Оның қалыптасу және даму үдерісі басқару объектісі ретінде қызмет атқарады;

- білімалушының интеллектуалды дамыған тұлғасы (БИДТ) интеллектуалды ұлттың өкілі, жоғары интеллектуалды қабілеттерді меңгерген ғана емес, түйінді құзыреттіліктері және жалпы мәдениеті, патриотизмі, азаматтығы жоғары қалыптасқан адамның тәрбиелі идеалы ретінде түсіндіріледі;

- интеллектуалды дамыған тұлғаны қалыптастыру үздіксіз білім берудің барлық деңгейлері қамтитын сабақтастық қағидасына негізделген жүйеден тұрады;

- интеллектуалды дамыған тұлғаны дамыту, тәрбиелеу, қалыптастыру міндеттерін бірлікте шешетін тұтас оқу-тәрбие үдерісі білімалушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуетін (БТИӨ) дамыту мен тәрбиелеу құралы болып табылады;

- тұлғаның интеллектуалды қабілеттерінің дамуына іс-әрекеттің барлық түрлері әсер етеді, бірақ танымдық іс-әрекет басымдылық көрсетеді;

- білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытудың табыстылығы қайта құруды, білімділік-тәрбиелік ортаны жаңартуды, оның жаңа сапалы деңгейге шығуын анықтайтын білім беру үдерісі субъектілерінің жағымды әлеуметтенуімен байланысты;

- интеллектуалды дамыған тұлғаны қалыптастыру тұтас үдеріс ретінде интеллектуалды күштің, қабілеттің, рухани-адамгершілік сапаның, ұлттық сананы тәрбиелеудің, өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге талпынудың үйлесімді бірлігінің дамуынан тұрады.

Тұжырымдама білім беру жүйесінің педагогикалық ұжымына, қоғамдық ұйымдарға, білім және ғылым Министрлігінің басқармалық құрылымына, әдістемелік орталықтарға, ғылыми-зерттеу мекемелеріне, педагогикалық кадрларды дайындау, біліктілігін көтеру және қайта даярлау мекемелеріне арналған.

Тұжырымдама құрылымы:

I. Кіріспе.

II. Тұжырымдаманың мақсаты.

III. Қазақстан Республикасы білім алушыларының интеллектуалды дамыған тұлғасын дамытудың мақсаты мен міндеттері.

IV. Үздіксіз білім беру жүйесінде білім алушылардың интеллектуалды дамыған тұлғасын дамытудың ғылыми-теориялық негіздері:

1. БТИӨ дамытудың әдіснамалық негіздері.

2. БТИӨ дамытудың қағидалары.

3. Негізгі ұғымдар мен интеллектуалды дамыған тұлғаның сипаттамасы.

V. Үздіксіз білім беру жүйесінде білім алушылардың интеллектуалды дамыған тұлғасын дамытудың негізгі шарттары мен ресурстық қамтамасыздан-дырылуы:

1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыздан-дырылуы.

2. Ғылыми-зерттеушілік және әдістемелік қамтамасыздандырылуы.

3. БТИӨ дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары мен иннова-циялық-технологиялық қамтамасыздандырылуы.

4. БТИӨ дамытуды басқару бойынша кадрлар әлеуетін жетілдіру.

5. Материалдық-техникалық қамтамасыздандырылуы.

VI. Тұжырымдаманы жүзеге асырудың басты кезеңдері.

VII. Күтілетін нәтижелер.

VIII. Қорытынды.

II. Тұжырымдаманың мақсаты

Тұжырымдаманың мақсаты: Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытудың ғылыми-практикалық негіздерін дайындау.

III. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытудың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: тұлғаның интеллектуалды әлеуетін ғылыми негіздеу және үздіксіз білім беру жағдайында оны қалыптастыру үшін шарттар кешенін анықтау.
Міндеттері:

1. БТИӨ дамытудың және қалыптастырудың теориялық негіздерін жасау.

2. Білімалушыардың интеллектуалды дамыған тұлғасына сипаттама беру.

3. БТИӨ дамытудың және қалыптастырудың шарттарын айқындау.

4. Тұжырымдаманы жүзеге асырудың негізгі кезеңдерін анықтау.

IV. Интеллектуалды дамыған тұлғаны дамытудың ғылыми-теориялық негіздері

4.1. Білімалушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуетін дамыту мен қалыптастыру оның стратегиялық бағыттылығын айқындайтын жетекші идеяларды, тұрғыларды (тәсілдерді), теориялық негіздері мен қағидаларын анықтауды талап етеді. Олар интеллектуалды ұлттың негізі – адам капиталын дамытуға бағыттайтын қазақстандық қоғамның модернизация идеясына, білім берудің жаңа парадигмасына сәйкес келуі тиіс. Сондықтан әдіснамалық негізін тұлға, іс-әрекет, таным, басқару теорияларының философиялық және психологиялық заңдылықтары; жүйелілік, интегративтілік, кешенділік, субъектілі – іс-әрекеттік, құзыреттілік, аксиологиялық тұрғылар (тәсілдер) құрайды.

Сондай-ақ ақыл-ойды дамытудың теориялық-практикалық мәселелерін шешуге бағытталған ішкі және сыртқы факторларының бірлігін көрсететін тұрғылар (тәсілдер), интеллектінің құрылымдық-деңгейлік теориясы, үздіксіз педагогикалық білім берудің «интеллектуалды әлеует» тұжырымдамасы; біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы; педагогикалық жүйе теориясы; әлеуметтік жүйені өздігінен ұйымдастыру теориясы; денсаулық сақтау ортасын құру теориялары бағдар болып танылады.

Философиялық және психологиялық таным теориясы, дидактикалық теориялар (дамыта оқыту, проблемалық оқыту) теориялары, сонымен қатар тұлғаның интеллектуалды саласы танымдық іс-әрекетті меңгерумен тікелей байланысты болғандықтан, психологиялық-педагогикалық қолдау теориясы да ерекше маңызға ие.

Философиялық таным теориясы адамның танымдық іс-әрекетін сипаттайтын

жалпылықты зерттейді, бейнеленгеннің біздің санамызға тәуелсіз екендігін және пайымдаудан абстрактілі ойлауға, одан практикаға дейінгі анықтайтын-ын көрсетеді. Ал психологиялық таным теориясы интеллектінің даму механизмін, танымдық үдерістерін, танымдық іс-әрекеттің субъектісі ретінде білімалушылардың интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерін ашып көрсетеді.

Әдіснамалық негіз ретінде тұлғалық тұғыр іс-әрекетпен бірлікте төмендегілерге бағдарлайды:

- педагогикалық үдерісте білім алушылардың тұлғалық аспектісін, оның жеке, жас ерекшеліктерін ескеру;

- тұлғаның табиғи, интеллектуалды, шығармашылық әлеуетіне сүйену және оның ашылуы мен іс жүзінде жүзеге асырылуына жағдай жасау;

- білімалушылардың тұлғалық тұтастығының компоненті ретінде адамгершілік санасы мен мінез-құлқын, интеллектінің бірлігін ескеру;

- интеллектуалды әлеуетті дамыту тұлғаны іс-әрекеттің алуан түріне, алды-мен танымдық іс-әрекетке қатыстыру үдерісінде жүзеге асырылады.

Жүйелілік тұрғы тұлғаның интеллектуалды қабілеттерін, әлеуетін дамыту және осы үдеріске ықпал ететін барлық факторларды ескеруді қарастырады; зерттелініп отырған феноменді жүйе ретінде қалыптастырудың негізгі шарттарын және т.б. ашып көрсетеді.

Мәдениеттілік тұрғы зерттелініп отырған мәселе контекстінде тұлғаның мәдениет әлеміне табысты кірігуін қамтамасыз ететін мәдени құндылықтарды меңгеруге және тасымалдауға жағдай жасауға бағытталған теориялық-әдіснамалық заңдылықтар мен ұйымдастырушылық-педагогикалық іс-шаралар жиынтығын ұсынады.

Аксиологиялық тұрғы білім алушылардың сол не басқа оқиғаларды, өзінікі сияқты басқаның да мінез-құлқын бағалау; адамгершілік таңдауды талап ететін жағдаяттан шығуды саналы ұғыну; өзінің әрекетінің салдарын алдын ала көру

қабілеттерін сипаттайды. Білімалушылардың іс-әрекет, қарым-қатынас үдерісінде ол үшін өмірлік қажетке, тұлғалық мәнге ие құндылықтарды өзектен-діреді.

Акмеологиялық тұрғы білімалушылардың интеллектуалды, эмоционалды, ерік-жігерлік, коммуникативті мәдениеттерін дамытуға және моделдеуге әрі ішкі әлеуетін дамытуға, жоғары жетістікке жетуге бағытталған. Бұл тұрғы педагогикалық үдерісті білімалушыларды оқыту мен дамытуда шыңына шығуға, өзін іс жүзінде көрсетуге талпыныс, жетістікке сұраныс сияқты факторларды ескере отырып, ұйымдастыруды құрылымдайды.

Әдіснамалық тұрғы ретінде психологиялық-педагогикалық қолдау білімалушылардың жеке мүмкіндіктерін және әлеуетін айқындау, интеллектуалды қабілеттерін дамыту, өзін-өзі дамыту және өзін іс жүзінде көрсетуге көмектесу үшін педагог пен білімалушылар іс-әрекетінде білімділік ортаны құру саласында көрінеді.

Құзыреттілік тұрғыға сәйкес білім беру жүйесіндегі негізгі нәтижелері түйінді құзыреттіліктер болып табылады. Мұнда жоғары деңгейдегі қарым-қатынасты игере алуға, талдау жасауға, түсінік қалыптастыруға баса мән беріледі. Бұл тәсіл өмірдің әр түрлі саласында стандарттан тыс тапсырмаларды шешуге деген қабілеттілікті және қоғамда табысты түрде әлеуметтенуге бейімделудің жолдарын игеруге мүмкіндік береді.

Білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту бойынша педагогтың іс-әрекеті оқу үдерісін құру және оны басқарудың теориялық тұрғылары ашып көрсетілетін базалық ұстанымдарға сүйенуді талап етеді. Бұл контексте ұстанымдар шартты түрде келесі топтарға біріктірілді:

1. Білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытуға әсер ететін, олардың тұлғалық сипаттамаларын ескеретін ұстанымдар:

- *Сана мен әрекеттің бірлігі ұстанымы* білімалушылардың танымдық, интеллектуалды және басқа әрекеттерінің өнімділігін, олардың мінез-құлқының тұлғалық-құнды және қоғамдық маңызды формаларын жүзеге асырудағы мүм-

кіндіктеріне әсерін реттейтін және қамтамасыз ететін ішкі психологиялық тетіктерін түсіндіруге мүмкіндік туғызады.

- *Ізгілік ұстанымы* әрбір жеке тұлғаның құндылығы мен бірегейлігін мойындауға, оған сыйласымды қатынас жасауға назар аударады.

- *Жеке тұлғаның әлеуетін дамыту ұстанымы* адам және оның әлеуеттік мүмкіндіктерінің болашақтағы дамуының, өзінің интеллектуалды дамуы мен кәсіби шығармашылыққа қол жеткізуінің объективті заңдылықтарын көрсетеді.

- *Жеке тұлғаның белсенділік ұстанымы* тұлғаны белсенді субъект (орындаушы, бастамашы (инициатор), үйлестіруші) ретінде қарастырады; индивидтің көкейкесті міндеттерді шешу үшін мотивациясын және ақиқат шындықты қайтадан өндіруге қарым-қатынасын түсінуге мүмкіндік береді.

- *Адам психикасы дамуының психологиялық заңдылықтарын ескеру ұстанымы* (жас және жеке дара ерекшеліктері, жеке тұлғаның әлеуеттік мүмкіндіктері, интеллектінің мотивациялық қажеттілік пен эмоционалдық-ерік-жігер саларымен байланысы және т.б.).

- *Рефлексиялық басқару және өзін-өзі басқару ұстанымы* білім беру үдерісіндегі әрбір субъектінің өз әрекетін ұйымдастыруын және өзгелермен қарым-қатынасын қалыптастыруын, өзіндік талдау жасауын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

- *Денсаулық сақтау ұстанымы* білім беру үдерісіндегі (білім беру бағдарламаларының жоспарын жасаудан бастап олардың орындалуын тексеруге дейін) субъектілерге арналған тиімді жүктемелердің бөлінуін қамтамасыз етуді, әрбір адамның өз денсаулығына деген жауапкершілігін қалыптастыруды, білім беру үдерісіндегі субъектілердің денсаулық мониторингін (физикалық, психологиялық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік) жасауды қарастырады.

- *Өз әрекетін ұйымдастыру ұстанымы* субъектінің өз мүмкіндігінен бастап бірлескен әрекетке дейін және дербестікке қажеттілік сипатына ие болашағын талдауға белсенді қатысуын болжамдайды.

2. Тұлғаның интеллектуалды даму үдерісіне педагогикалық ықпал

етуді анықтайтын ұстанымдар:

- *Жалпыдидактикалық ұстанымдар* ғылымилық, жүйелілік, реттілік, көрнекілік, қол жетімділік, беріктік, оқытудың практикамен байланысы тұлғаның интеллектуалды саласын дамытуға бағытталған, білімді жүйелілікпен меңгеру және оны тәжірибелік сипаттағы міндеттерді шешу үшін қолдану қажеттілігін айқындайды.

- *Оқытудың тәрбиелік және дамытушылық сипаты ұстанымы* білімалушыларда білім мен білікті ғана емес, белгілі бір рухани-адамгершілік және интеллектуалдық қасиет-сапаларды қалыптастыруды, жеке танымдық қабілет-терін дамытуды, олардың өзіндік интеллектуалды-шығармашылық іс-әрекет-терін игеруді көздейді.

- *Бірлескен шығармашылық іс-әрекет ұстанымы* білімалушылардың әрекетіндегі интеллектуалды-шығармашылық бастауына, олардың өзін іс жүзінде интеллектуалды көрсетуіне бағдарланған екі жақты (педагогтар мен оқушылар) міндетті іс-әрекет барысында педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеттестігін ойластырады.

- *Проблемалық ұстаным* интеллектуалды саланың өзекті даму деңгейі мен оның дамуының жақын деңгейі арасындағы қарама-қайшылықты шешуге мүмкіндік туғызады. Ол білімалушылардың жеке ақыл-ойы, интеллекісі мен оның тұлғасының дамуы өтетін оқыту үдерісін қалай ұйымдастыру және жүзеге асыру керек деген мәселенің жауабымен байланысты.

- *Мәдениеттілік ұстанымының* қазіргі заманғы анықтамасы тәрбие мен білім берудің мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделуі және этникалық әрі ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін ескере отырып, құрылуы тиістігін көрсетеді. Бұл тұрғы білімалушылардың интеллекісін қазіргі әлемнің, мемлекеттің, қоғамның жалпы құндылық-мәнділік басымдылығында дамытуға, мәдениеттің алуан түрлі пластасына адамды қатыстыру міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

- *Саналылық және шығармашылық белсенділік ұстанымы* оқушы танымдық белсенділік көрсетіп, іс-әрекеттің субъектісі

болған жағдайда, білімалушыларды оқытудың тиімді болатындығын көрсетеді. Яғни оқушы үйренудің, оқудың мақсатын саналы түсінеді, өзінің жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады, интеллектуалды-шығармашылық саланың дамуына ықпал ететін мәселені қоя біледі және оқу әрекетінің вариативті жағдаятта-рында оны шешу тәсілдерін іздестіре алады.

3. Тұлғаның интеллектуалды даму үдерісін басқару аспектісін ескеретін ұстанымдар:

- Білім беру ортасындағы адамзаттық ресурстарды *ғылыми басқару ұстанымы* психогенетика, психология мен педагогика, психофизиология және қабілет, интелект, шығармашылық психологиясының заңдылықтарына шоғыр-ланған басқарудың қазіргі заманғы теорияларының жетістіктеріне сүйенуді талап етеді.

- *Жүйелілік және тұтастық ұстанымы* ҚР үздіксіз білім беру жүйесінде әрбір тұлғаның интеллектуалды даму жүйесін құруды қарастырады.

- *Үздіксіздік ұстанымы* үздіксіз бірізді, кезеңді динамикалық үдеріс (мотивациядан бастап нақты интеллектуалды-шығармашылық белсенді іс-әрекетті қалыптастыруға дейін) ретінде БТИӨ қалыптастыратын іс-әрекетті анықтайды және БИТ қалыптастырудың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ететін білім берудің барлық деңгейлерінде оқыту кезеңдерін қамтиды.

- *Еңбек нарығының сұранысын және оның тұлғаға қоятын талаптарын ескеру ұстанымы* оның интеллектуалды әлеуетін дамыту үдерісінде қазіргі қоғамның экономикалық, әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне сүйену қажеттілігін көрсетеді.

4.2. Негізгі ұғымдар мен интеллектуалды дамыған тұлғаның сипаттамасы.

Бүгінгі таңда тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамыту әрбір педагог жұмысының жетекші мақсаты ретінде түсініледі. Осыған байланысты бұл үдерістің әдіснамалық негізін құрайтын негізгі ұғымдарды нақтылау маңызды болып табылады. Төмендегі

ұғымдардың анықтамасы гносеологияның негізгі ережелеріне, интеллект және танымдық психология теориясына негізделеді. Бұл ұғымдар әрбір педагогтың жұмысында меңгерілуі және қолданылуы тиіс.

Тұжырымдамада білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытудың мәнін ашып көрсететін негізгі ұғымдарға сипаттама беріледі.

Базалық ұғымдарға қатысты әртүрлі тәсілдер негізінде мынадай анықтамалар қабылданған:

- *Интеллект* (латынша intellectus – ақыл, ақыл-парасат, ес, түсінік, таным-ойлау қызметінің жоғарғы типі) – 1) индивидтің ақыл-ой қабілетінің тұрақты құрылымы; 2) белгілі бір мәселені танып-білу және шешуге қатысты және адамның жаңа өмірлік жағдайларға (міндеттерді шешу барысындағы мінез-құлық сипаттарының жинағы ретінде) бейімділігі мен кез келген іс-әрекеттің табыстылығын анықтайтын индивидтің танымдық үдерістердің өзгеретін жүйесінің (ойлау, сезіну, қабылдау, жадына сақтау, қиялдау, елестету және т.б.) және басқа қабілеттерінің негізіндегі жалпы қабілет.

- *Интеллектуалды ұлт* – интеллектуалды тұрғыдан адамгершілік, мәдени қасиеттерді меңгерген, өзінің ғылыми, мәдени, білімі мен білігін еркін тарату әлеуетіне ие бәсекеге қабілетті ұлт.

- *Интеллектуалды дамыған тұлға* интеллектуалды қабілеттің жоғары деңгейін меңгерген, түйінді құзыреттіліктерді, жалпы мәдениеті, патриотизмі мен азаматтығы жоғары қалыптасқан адамның тәрбиелік идеалы деп түсіндіріледі.

- *Білімалушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуеті (БТИӘ)* – тұлғаны әлеуметтік-белсенді интеллектуалды шығармашылық әрекетке, өзін іс жүзінде көрсетуін және өзін-өзі дамытуын оятатын «туа біткен» және «жүре пайда болған» мүмкіндіктерінің өзектілігін қамтамасыз ететін жеке-психологиялық (алдымен ақыл-ой) және тұлғалық ресурстарының (адамның қабілеттері, оның білімі, білігі,

сенімі, бағыттылығы және т.б.) жүйесі.

- *Білімалушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуетін дамыту* – бұл тұлғаның интеллектуалды қабілетінің сандық және сапалық дамуын, оның бүкіл өмірі бойында рухани-адамгершілік дамуын қалыптастыру және ары қарай дамыту үдерісі.

- *Білімалушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуетін (БТИӘ) қалыптастыру* – білім берушілер мен білімалушылардың интеллектуалды білім, білік және қоғамның сұранысына сәйкес құзыреттіліктерін меңгеруі бойынша мақсатқа бағытталған үдерісі.

- *Интеллектінің мәнін сипаттайтын түрлері* – жалпы, әлеуметтік, эмоционалды, тәжірибелік интеллект.

Интеллектуалды дамыған тұлғаның негізгі сипаттамасы оның негізгі салаларын сипаттайтын тұлғаның психологиялық теориясына негізделеді: мотивациялық, танымдық, мінез-құлықтық және эмоционалды.

Эмоционалды сала тұлғаның интеллектуалды-адамгершілік дамуы, өзін-өзі дамытуы және өзін-өзі жетілдіруі нәтижелеріне қанағаттануымен байланысты.

БИДТ негізгі өзегін тұлға интеллектісінің барлық құраушыларының (жалпы, әлеуметтік, тәжірибелік, эмоционалды) даму деңгейі құрайды.

Интеллектінің барлық түрлерін дамыту тұлғаның мотивтерін, қажеттіліктерін, ынтиеттерін сәйкес біліммен жабдықтауды, осы білімді тәжірибеде қолдана алу біліктілігін қалыптастыруды талап етеді. Сондықтан білімалушылардың мәнді нәтижеге қол жеткізуі және одан жағымды әсер алуы маңызды. Интеллектуалды дамыған тұлғаның сипаттамасы өзіне 4-тұлғалық сала бойынша (мотивациялық, танымдық, мінез-құлықтық, эмоционалды) интеллектінің барлық түрлерін енгізеді.

ТҰЖЫРЫМДАМА

Интеллектуалды дамыған тұлғаның сипаттамасы

Жалпы интеллект – индивидтің басқа қабілеттері мен танымдық үдерістерінің жүйесі негізіне жататын, ойлау міндеттерін жылдам, нақты шешуде байқалатын өзекті мәселені танып білу мен шешуге қатысты жалпы қабілеттілігі.	
Мотивациялық	Білімалушылар тұлғасының оқу-танымдық іс-әрекетке және танымның басқа түрлеріне сұранысы, қызығушылығы, мотиві.
Танымдық	Ғылым негіздерін білім беру жүйесінің деңгейлеріне сәйкес меңгеруі, өзінің қызығушылығы мен қабілеті негізінде білім алуы, интеллектуалды іс-әрекеттің тәсілдерін (талдау, салыстыру, тұжырымдау, абстракциялау және т.б.) білуі.
Мінез-құлықтық	Шығармашылық тұрғыдан интеллектуалды әрекет тәсілдерін қолдана отырып, іс-әрекеттің алуан түрлі саласында міндеттерді қою және шешу, интеллектуалды әлеуетін жүзеге асыру біліктілігі.
Эмоционалдық	Интеллектуалды әрекет үдерісі мен нәтижесінен жағымды әсер алуы.
Әлеуметтік интеллект – адамдардың білімдері мен әлеуметтік жағдайларын және оларды әлеуметтік өзара әрекеттесуде шешу дағдысын сұрауға мүмкіндік беретін білім, тұлғалық белгілерінің жоғарылығымен ажыратылатын таным түрі.	
Мотивациялық	Әлеуметтік танымға, әлеуметпен және рефлексиямен әрекеттестікке талпыну.
Танымдық	Әлеуметтік білімдер (адам, қоғамдық тәртіп, қоғамға әрекеттесу және ондағы мәдени мінез-құлық ережелері жайлы білімі).
Мінез-құлықтық	Тұлғааралық қарым-қатынасқа адекватты бейімділігі, қарым-қатынас стратегиясын өзінің ісіне, шығармашылыққа бағыттай алуға қабілеттілігі.
Эмоционалдық	Адаммен, ұжыммен қарым-қатынастан жағымды әсер алуы.
Эмоционалдық интеллект – эмоциямен берілген ақпараттарды қабылдау, адамдармен нақты қарым-қатынаста ойлану және шешім қабылдау үшін негіз ретінде эмоционалды ақпараттарды пайдалану қабілеті.	
Мотивациялық	Әлемді эмоционалды қабылдауға талпынуы, эмоцияның мәнін және оны басқара білудің маңызын түсінуі.
Танымдық	Тұлғаның эмоционалды саласы туралы білімі, эмоционалды кеңістігін ашып көрсететін түсінігі.
Мінез-құлықтық	Эмоцияны түсіну, бақылау, әр түрлі жағдаяттарда қолдану біліктілігі.
Эмоционалдық	Өзінің және қарым-қатынастағы серіктестігінің эмоционалды әрекетіне қанағаттануы.
Тәжірибелік интеллект – тұлғаның тәжірибелік іс-әрекетте оны табысты қолдануға және өзін-өзі дамытудың жеке траекториясын құруға мүмкіндік беретін білім, білік және құзыреттілігінің интегративті сипатын көрсететін тәжірбиені жинақтауы.	
Мотивациялық	Интеллектуалды іс-әрекеттегі қызығушылығы мен сұранысы.
Танымдық	Тұлғаның өмір тіршілігінің алуан түрлі саласын қамтамасыз ететін білімі.
Мінез-құлықтық	Жоғары интеллектуалды-шығармашылық деңгейде алуан түрлі іс-әрекетті жүзеге асыру біліктілігі.
Эмоционалдық	Тұлғаның танымдық және басқа іс-әрекет түрлерінің нәтижесі мен үдерісінен жағымды әсер алуы.

Интеллектуалды дамыған тұлғаның негізгі сипаттамасын қалыптастыру – үздіксіз білім берудің барлық деңгейіндегі психологиялық-педагогикалық жетекшіліктің (ықпалдың) сапасына байланысты үздіксіз үдеріс.

IV. БТИӘ дамуының негізгі шарттары мен ресурстық қамтамасыздандырылуы

Білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытудың тиімділігі бірқатар шарттарды қамтамасыздандыру мен сақтауға сәйкес іске асырылуы тиіс.

1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыздандырылуы

- үздіксіз білім берудің интеллектуалды компонентін күшейту мақсатында бар нормативті құжаттардың мазмұнына сараптама жүргізу;

- білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту контекстінде білім берудің барлық деңгейлерінің мазмұнын жанарту (мемлекеттік стандарттар, типтік оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқу әдебиеттері);

- 12-жылдық орта білім беруге көшу жағдайында білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытуға бағдарланған кәсіптік білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру, мазмұнын жетілдіру;

- білімалушылардың интеллектуалды тәрбиесімен бірлікте ұлттық санасын, рухани-адамгершілік сапасын дамытуға бағытталған құндылық бағдар, ұсыныстар кешенін ескеру негізінде оқыту үдерісінің тәрбиелік компонентінің нормативтік базасын күшейту;

- білімалушылар тұлғасының интеллектуалды дамуына және оған психологиялық-педагогикалық жетекшілік етуге (ықпал етуге) бағдарланған мамандардың (білім беру саласындағы психологтар және т.б.) іс-әрекеті мен мәртебесін белгілейтін ұйымдастырушылық-құқықтық құжаттарды дайындау;

- отбасы және қоғам, білім беру саласы субъектілерінің, әлеуметтік-психологиялық қызметкерлер, ұйымдастырушылар іс-әрекеттерін үйлестіру бойынша нұсқаулық (инструкциялық) құжаттар дайындау.

1. БТИӘ дамытуды ғылыми-зерттеушілік және әдістемелік қамтамасыздандыру

- білім беру үдерісінде білімалушылардың

интеллектуалды әлеуетін дамыту бойынша отандық және шетелдік тәжірибені ғылыми талдап қорытындылау;

- интеллектуалды шығармашылық тұлғаны қалыптастыруды психологиялық-педагогикалық қамтамасыздандырудың ғылыми-теориялық негіздерін дайындау;

- тұлғаның және ұлттың интеллектуалды әлеуетін диагностикалау мен қалыптастыруды әлеуметтік - психологиялық қамтамасыздандырудың ғылыми-әдістемелік банкін құру;

- интеллектуалды шығармашыл тұлғаны дамытуға ақпараттық білім берудің ықпалының мәнін ашып көрсету;

- үздіксіз білім беру жүйесінде білімалушылардың интеллектуалды даму деңгейін өлшеудің өлшемдері мен әдістемесін дайындау;

- тұлғаның интеллектуалды шығармашылық әлеуетін дамыту үшін білім беру үдерісі субъектілерінің іс-әрекетін әлеуметтік-психологиялық қамтамасыздандыруды дайындау;

- интеллектуалды дамыған тұлғаны қалыптастыру бойынша психодиагностикалық, психокоррекциялық, психопрофилактикалық және дамытушылық бағдарламаларын ғылыми негіздеу және іс-әрекеттік тұрғыдан дайындау;

- білім берудің барлық деңгейлерінде білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту және қалыптастыру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындау;

- интеллектуалды шығармашыл тұлғаның маңызды компоненті ретінде сыни, креативтік, толеранттық ойлауды қалыптастырудың шарттарын анықтау;

- білім берудің барлық саласында білімалушылардың интеллектуалды даму үдерісі мониторингінің негізін дайындау;

- білім беру құрылымы психологтарының кәсіптік іс-әрекетінің кешенді психологиялық-педагогикалық сараптамасын дайындау.

3. БТИӘ дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары және инновациялық-технологиялық қамтамасыздандырылуы

- интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерін табиғи дамытуға, ақыл-ой іс-әрекеті тәжірибесін жинақтауға, рухани-адамгершілік сапаны игеруге мүмкін-дік беретін педагогикалық үдеріс ретінде білімалушыларды интеллектуалды дамытуды жүзеге асыру;

- педагогикалық үдерісте интеллектуалды дамыған ортаны, тұлғалық-бағдарлық оқу әрекетін, психологиялық-педагогикалық жетекшілікті құру арқылы білімалушылардың интеллектуалды дамуы, өзін-өзі дамытуы;

- педагогикалық үдеріске білімалушылардың ұлттық санасын дамытуға, рухани-адамгершілік тәрбие беруге, жағымды әлеуметтенуге бағдарлайтын оқу курстарын ендіру;

- таным үдерісінде және іс-әрекеттің басқа түрлерінде тұлғаның оқу мотива-циясы мен интеллектуалды өсуін нығайту;

- білімалушылардың интеллектуалды-шығармашылық әлеуетінің маңызды компоненті ретінде әрбір тұлғаның функционалды сауаттылықты меңгеруін қамтамасыздандыру;

- білімалушылардың ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетін өзектендіру, оларды ғылым, техника, мәдениеттің алуан түрлі саласында зерттеушілік үдеріске қатыстыру үшін жағдай жасау; ғылыми қоғам жұмысы мен ҒЗЖ басқа форма-лары арқылы зерттеу жобаларына және шығармашылық сабақтарға қатыстыру;

- білім берудің барлық деңгейлерінде, соның ішінде қосымша білім беруде оқыту үдерісінің мазмұндық және технологиялық компоненттерін жетілдіру арқылы білімалушылардың үздіксіз интеллектуалды шығармашылық өзін-өзі дамытуына, интеллектуалды өзін-өзі іс жүзінде көрсетуіне ықпал ету;

- педагогикалық үдерісте тұлғаның интеллектуалды-шығармашылық әлеуетін дамытудың инновациялық психотехнологиясын дайындау және қолдану;

- білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру үдерісінде ақпараттық-коммуникативтік, педагогикалық технологияларды (ойлауды қалыптастыру, жобалау,

дамыту, проблемалық, бейімдеу сабақтарының техно-логиясы, ұжымдық шығармашылық іс-әрекет бойынша және т.б.) қолдану;

- білімалушылардың жеке, шығармашылық қабілеттерін дамытуды қамтама-сыз ететін дарынды балалармен жұмыстар жүйесін жетілдіру;

- тұлғаның интеллектісін, білім беру үдерісі субъектілерінің құзыреттілік-терді меңгеруін, білімдерін үздіксіз жетілдіруін дамыту үшін дистанциондық оқытуды қолдану;

- ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту үшін үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде аудандық, аймақтық, Республикалық интеллектуалды олимпиадалар, конкурстар мен турнирлер, білімалушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру арқылы педагогикалық ынталандыру ;

- балалар мен жастарды интеллектуалды дамыту мен тәрбиелеудің барлық аспектілерінің, инновациялық бағдарламасымен бірге ақпараттық-аналитикалық банкін, нақты бағдарламаны жүзеге асыру тәжірибесінің нақты үлгісін, зерттеу нәтижелерін, мониторингін қалыптастыру.

4. *БТИӘ дамытуды басқару бойынша кадрлар әлеуетін жетілдіру*

The celebration of Nauryz Meyramy was halted and made less festive during the occupation of the Russian Empire in the country in the mid-19th century. However, it remained to be part of the people's way of life and has managed to exist until it was formally reinstated in 1988, three years before it finally declared independence from Union of Soviet Socialist Republics (USSR) on December 16, 1991. Kazakh nation, held long period of formation, in which participated many tribes and nations, occupies an important place in the history of Eurasia is one of the oldest ethnic groups. It is the successor of the cultural heritage of all peoples, participated in its formation, so the Kazakh people – one of the richest people in cultural terms.

Culture of Kazakhs until the twentieth century remained nomadic, but not looking at it for thousands of years has gone of not less complex and interesting cultures of other peoples. Nomadic Kazakhs have developed their own way of thinking and social organization, which is synthesis of cognitive forms of East and West. As a result of this mixing most developed traditions, rites and customs. Since the lives and welfare depended on endurance, strength, dexterity and sharpness, special attention was paid to the steppe Raising children these qualities from early childhood. Therefore, many Kazakh rituals in one way or another connected with birth, childhood, adolescence

and legal age a young man. The main tradition of the Kazakhs, which eventually transformed into a feature of national character is hospitality. In the Kazakh society, there is an unofficial law voiced in ancient times. It says "Meet a guest as a God's messenger". Hospitality is considered a sacred duty in the Kazakh society. At all times, the steppe inhabitants did their best to please the guest. Therefore, each traveller going on the road, knew that he would be welcomed anywhere in the Kazakh land. Respect for the elderly is another positive feature of the Kazakh people. Traditionally, a child from early childhood is taught moderation and honesty when dealing with older, wiser and life experienced people. There are some traditions and customs associated with the reception that are held in Nauryz holiday:

- **Konakasy** – a custom associated with treat of a guest. Kazakh people since ancient times were famous for its hospitality. Kazakhs always reserved the tastiest food for guests. Guests are divided into three types. "Arnayy konak" is a specially invited guest, "kudayy konak" - a random stranger, "kydyрма konak" – an unexpected guest. It should be noted that if an owner of a house for any reason refused to honor the custom of Konakasy he could have been penalized;

- **Konakkade** – a tradition under which a landlord has a right to ask a guest to sing a song or play a musical instrument. Konakkade is a test of guest art and a pledge of fun feast;

- **Erulik:** if new settlers came to a village erulik was arranged in their honor – a small celebration that allowed to quickly adapt to the new location. Also, the custom erulik includes assistance in settling domestic newcomers. Neighbors provide them with firewood, drinking water, etc;

- **Toy dastarkhan** – a special form of celebration, organized for holiday or during it. Sports, music, singing competitions (aitys) and jumps are organised in addition to the gatherings during Toy dastarkhan.

Upbringing the child in family is closely connected with the traditions and customs

and there are given traditions and customs associated with birth and upbringing of the child:

- **Shildehana** – a celebration that is associated with childbirth;

- **Besikke salu, besik toy** – a holiday, hosted after the installation of the newborn in a bassinet. As a rule, organized on 3-5 day after dropout umbilical cord at the kid;

- **Esim koyu (at koyu)** is a naming ceremony that can be conducted within the framework of shildehana or during celebrations on the occasion of laying a newborn in a bassinet. Execution of the rite was confided to the most respected people, who among other things blessed a baby;

- **Kyrkynan shygaru** – a ritual performed on the fortieth day after birth that includes bathing baby in 40 tablespoons of water, and the first haircut and nail cut;

- **Tusau kesu** – the Kazakh custom, a day when the baby took his first steps into the tent was invited to the oldest and most respected people in the village. He had a knife to cut the special ropes, beset baby's

legs (cut put). This was done to ensure that in future the kid could walk nicely and run fast;

- **Sundetke otyrgyzu** is a rite of circumcision. The ceremony is held when a child is 5-7 years. This day parents call Mullah to their yurt who conducts the procedure. During that Mullah gets a generous reward. A big festival to which all the relatives and friends are invited is organized on the occasion of sundetke otyrgyzu. Guests usually make generous gifts to the hero of an occasion and his parents.

Nowadays, it has become a truly national holiday of spring, work and unity. It is dear to all the peoples living in the multinational Kazakhstan. The ancient holiday of Nauryz has naturally become a part of the modern life, preserving the old traditions and these traditions and holiday mentioned above give and present spiritual wealth to youth and bring them up, call them to keep their ecology, the unity of the country, friendship and love among nations that live in Kazakhstan, respect older people, to be intelligent and kind.

REFERENCES:

1. <http://books.google.com/books>
2. Josef W. Meri, Jere L. Bacharach, "Medieval Islamic Civilization: L-Z, index", Taylor & Francis, 2006. pp 605: "Buyid rulers such as Azud al-Dawla resuscitated a number of pre-islamic Iranian practices, most notably the titular of shahanshah (king of kings) and the celebration of the Persian New Year
3. "Norouz Persian New Year". British Museum. 2010-03-25. Retrieved 2010-04-06.
4. Boyce, M. "Festivals. i. Zoroastrian". Encyclopaedia Iranica.
5. "But they also celebrate some of the same festivals as the Christians, like Christmas and Epiphany, as well as Nawruz, which originally is the Zoroastrian New Year.". I-cias.com. Retrieved 2010-04-06.
6. "The Baha'i Calendar". Retrieved 2007-03-19.

ТҰЛҒАНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ –
ӘЛЕУМЕТТІК- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ

Иманбаева Сәуле Тохтарқызы

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ХПБҒА-ның академигі

Резюме

В статье рассматриваются формирование патриотических ценностей личности как социально педагогическая проблема.

Summary

The article deals with the formation of patriotic values of the individual as a social and educational problem.

Еліміз егемендік алуымен байланысты және қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында патриоттық тәрбие беру мәселелері жаңа санатқа ие болды. Патриотизм – жеке тұлғаның “табиғат-адам-қоғам” жүйесінде әлеуметтену үрдісін қамтамасыз ететін тұлғаның құнды сапалық қасиеті. Сондықтан да патриотизмді философиялық категориялар тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда патриотизм адамның табиғатпен үйлесе дамуының басты факторы, адамдармен қарым-қатынасының құралы, қоғам дамуының дәйекті әсер ететін себеп-салдар болып табылады. Осыған орай патриотизмнің мәні мен патриоттық тәрбиенің мазмұны “мәдениет – тарих – білім” деп аталатын қоғам дамуының макропарадигмалы логикасы арқылы дамиды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына әр жылғы жолдауларын зерделей келе Қазақстандағы әлеуметтік жағдайлар жылдан – жылға дамып отырғанын көреміз: ұлттық білім беру жүйесінің әлемдік білім жүйесімен кіріктірілуі, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету, денсаулық мәселесі, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы, қазақ халқының моральдық және рухани құндылықтарын одан ары дамытуға, т.б.

Мәселен, *Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы «Ұлы мұраттар ұлы ниеттерден бастау алады немесе дамушы мемлекеттен – дамыған елдерге» атты Қазақстан халқына жолдауындағы «Қазақстандық патриотизм мен саяси ерік-жігер – жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары» атты тарауында «Біз осы таяуда ғана Тәуелсіздігіміздің он бес жылдығын атап өттік. Өткен жолымыз лайықты жол болды, ал біздің бірлескен шешімдеріміз бен тындырған ісіміздің нәтижелері таңданарлықтай болды.*

Мұның бәрі де, жаңа жалпықазақстандық патриотизмнің ірге тасын қалап, біздің Отанымыздың, біздің барша көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың, біздің балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне негізді мақтаныш пен сенімділікті туындатады», – деп Қазақстандық патриотизм жаңа Қазақстанды құрудың негізгі тірегі екеніне тоқтала отырып, халық өзінің ерік-жігерін тарихи ауқымдағы жобаларды іске асыру үшін жұмылдырған кезде жаңа даму деңгейіне жалпықазақстандық патриотизмнің іргесі қаланатынын атап көрсетеді [1].

Елбасының 2012 жылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты

Қазақстан халқына Жолдауы біртұтас ұлтты қалыптастыру, біртұтас қазақ мемлекетін құру идеясы басты бағыттардың бірі болып отыр. Еліміз егемендік алған 21 жыл ішінде экономикалық, саяси тұрғыда, әлемдік кеңістікте белгілі елдер қатарында көріне білген, қалыптасқан мемлекет қатарынан орын теуіп отырғанын көруге болады.

Жолдаудағы «Жаңа Қазақстандық патриотизм біздің көпұлтты және көп-конфессиялы қоғамымыз табысының негізі» атты бөлімде Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі. Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтан-ыш сезімін ұялатады.

Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады [2].

Көп ұлтты Қазақстан халқы үшін Отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы татутәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отан сүйгіштік рух - қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

“Патриотизм” ұғымы философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыда жалпыадамзаттық патриотизм, Қазақстандық патриотизм, ұлтжандылық, қазақ патриотизмі ұғымдары тұрғысынан қарастырылады. Философиялық тұрғыда «патриотизм (грекше *patris* – отан) – адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім, оның мазмұны – Отанға сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаныш, Отан

мүддесін қорғауға құлшыныс. Патриотизм – адамның мыңдаған жылдар бойы бекіген ең терең сезімдерінің бірі. Туған жерге, тілге, салт дәстүрлерге адал болып, олардан қол үзбеу түрінде патриотизмнің тарихи элементтері көне заманда-ақ қалыптаса бастаған» - деп тұжырымдайды [3, 35].

Философ-ғалым М.Изотов патриотизмді ұлттық, жалпыұлттық және жалпықазақстандық тұрғыда қарастыра отырып, ұғымдарға жеке-жеке тоқталады. «Ұлттық патриотизм – өзінің туған жеріне, өз ұлтының бірлігі, мәдениеті, тілі, дәстүрлеріне деген сезімінен туындайды, жалпыұлттық патриотизм – Мемлекет халықтарының бір бөлігі екенін түсінуі, әртүрлі ұлт өкілдірінің өз Отанына деген махаббаты пен шынайы сүйіспеншілігі, жалпықазақстандық патриотизм – республика халықтарының ажырамас бөлігі екенін түсінуі, махаббат сезімі, Қазақстан Республикасына деген шынайы сүйіспеншілігі, халық пен отанының мүддесін қорғау азаматтық парызы» деген тұжырым жасайды [4,45].

Патриоттық тәрбиенің философиялық астарына, даму үрдісіне үңілетін болсақ, түп тамыры Түркі қағанатынан бастау алатынын ауыз және жазба әдебиет үлгілеріне шолу жасағанда айқын аңғарамыз. Түркі жұртының ұлттық ерлік дәстүрі негізінде оқушы жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру ерекше орын алады. Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік жағдайда жеке тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарын қалыптастыру қалыптастыру басты міндет болып саналады. Патриоттық тәрбиенің күре тамыры Күлтегін, Тоныкөк, ХҮІ-ХҮІІІ ғасырда елі мен жері үшін жан аямай күрескен Жалаңтөс, Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек, Қасабай т.б. батырлар ісінен бастау алады. Сонымен қатар, ұрпақ бойындағы ерлік сезімін оятып, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда негізгі орын алады [5,45].

Расында да, көптеген ғылыми еңбектерді зерделейтін болсақ, патриотизмді

қалыптастыруға себін тигізетін қасиетті белгілер: ұлттық сана – сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет – ғұрыптар, парыз, намыс, бірлік және міндет. Патриотизм сапа, сенім тұрғысынан негізделіп, сезім арқылы көрініс береді.

Әр адам ата-бабаларымыз негізін салып кеткен игі дәстүрлерді мақтан ете отырып, өз ұлтын терең сүю арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеуге тиіс.

“Ұлттық мақтаныш, – дейді Б.Момышұлы – ұлттық материалдық, әлеуметтік және мәдени жетістіктерінің негізінде қалыптасатын әрі алдыңғы қатарлы ұлттық идеялар, ой-пікірлерімен байып отыратын, ұлт бостандығы және саяси әлеуметтік бостандық жолындағы күрестің тарихымен байланысты әлеуметтік психологиялық сезім болып саналады” [6, 28].

Саналы азамат болып қоғамға пайда келтіру, білім мен тәрбие алу, ата-ананы сыйлау және қартайған шағында оларға қамқорлық жасау әрбір жасөспірімнің парызы болып саналады.

Ал ұлттық парыз – Отанға деген сүйіспеншілік, сыртқы жаулардан елін, жерін аман сақтап қалу, ата-баба дәстүріне өте сезімталдықпен қарау.

“Парыз - өзінің мағыналық аясына ақыл-ой, сезім, ерік-жігер, ар – ождан, абырой, әділдік, шындық, сүйіспеншілік сияқты қасиеттерді қамтып, оларды адам өміріндегі қайшы құбылыстарға қарама-қарсы қоятын жоғары интеллектуалды ұғым.

Парыздан мықты күш жоқ,

Парыздан берік сауыт жоқ,

Парыздан нәзік сезім жоқ,

Парыздан қатал қазы жоқ”, – дей келе Халық батыры Бауыржан Момышұлы, парыз сезімін қиындықтан қайтпай, дұшпан алдында тайсалмай, Отан үшін ақтық демі біткенше қызмет етуге әзір болу сезімінен туады”, – деп қорытады [6, 29].

Ұлттық парыз, мақтаныш, намыс, сезім, сана, рух, т.б. құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі болып табылады. “Ұлттық идея рухани құндылықтарды

жаңғыртуда үлкен дем береді. Отаршылдық, тоталитарлықты басынан өткізген жалаң интернационализмнің зардабын шеккен этностар үшін ол отарлаушы құлдықтан, ұлтсызданудан арылудың рухани тірегі. Сол себепті де бүгін өткен тарихқа, дәстүрлікке, әлеуметтік тәжірибеге деген ынта өсіп, төлтума ұлттық ерекшеліктерге көз жеткізуге, нығайтуға күш салынауда.

Ұлттық идея - ойдан шығарылған қиял емес, ұлттық болмыстың, тарихтың көрінісі” [6, 34].

Сонымен қатар, ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық игі дәстүрлердің маңызы ерекше. Ата-бабаларымыздың ұрпақтарына қалдырған асыл мұралары әділетсіздікке қарсы күресі, елін, жерін сүйген батыр, сыртқы жауға мейірімсіз болуға баулығанын көреміз. ХҮІІІ ғасырдағы ерлік және жауынгерлік тарихын зерттеп отырғанда ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан игі дәстүрлерге кездесеміз.

Мысалы, Бөгенбай батырдың әкесі Ақша батырдың ақ туын ұрыстарға алып шығып, жеңіспен оралуы дәстүрге айналған. Қабанбайдың сенімді серігі Қубас атқа деген құрметі мұсылман халқында жалғасын тапқан игі дәстүрлері болып табылады. Ақан серінің Құлагерге деген құрметінен осы дәстүрлердің жалғастығын көреміз. Ұрысқа кірерде қарумен, астына мінген атымен серттесуі түркі халқының негізгі дәстүрлерінің бірі болып табылады [7, 45].

Егер тарихи тағылымдық мұраларды зерделейтін болсақ, ерлік дегеніміз – ұлттық тәрбие тағылымының, салт-дәстүрдің, тұрмыс-тіршіліктің негізгі тұтқасы болып саналады. Әр ғасыр, кезең ерлік тарихын, өзіндік қайталанбас батырлары мен ерлерін тудырып отырған.

Жоғарыдағы анықтамаларды саралайтын болсақ, өткен мен бүгінгі тарихты өзара кіріктіре отырып, халқымыздың бірлігін арттыру, олардың Отанға деген сүйіспеншілігін күшейту.

Қазіргі таңда “ұлтжандылық”, «ұлтшылдық», “қазақ патриотизмі” және

“Қазақстандық патриотизм” ұғымдары қолданылады.

Қоғамда қазір ұлтжандылық, патриотизм, т.б. ұғымдар қалыптасқан. Философ А.Айталының пайымдауы бойынша «... ұлтшылдық ұлттың жағымды да, жағымсыз қасиеттерін танытатын сана-сезім, идеология, саясат. Ұлтжандылық халықтың рухани және материалдық игіліктерін көбейтуге арналған жігері, қайраты. Ұлтжанды деп еңбекқор, іскер, талапты, ойшыл, ізденгіш, ұлттық мұраттар жолындағы абзал істің иесін айтамыз. Ұлы ұлттар өздерінің осындай ұлтжандылығымен мықты.

Бір ұлтты мемлекеттерде ұлтжандылық пен патриотизм бір-бірімен дәл келіп үйлесіп жатыр. Бірақ адамдардың ұлттық тегі мен туып өскен, өмір сүретін Отаны сәйкес келе бермейді. Көпұлтты қоғамда ұлттық құрылымына байланысты әр алуан ұлтжандылық көрініс алып, бір ғана патриотизм, отандық сезім басыңқы болады. Ұлтжандылықтың тамыры терең, оның көзін адамға туа бітетін биологиялық, тұқым қуатын, ырықсыз сезімнен де іздейді. Ал Отанды, азаматтықты таңдайды» [8,62].

Ұлтжандылық дегеніміз – елі мен жерін, халқының бостандығын және мемлекет ретінде тәуелсіздігін сақтау, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу. Ұлтжандылықты қазақ патриотизмі деп те қарастыруымызға болады. Ұлтжандылық – ұлт бостандығы, елі мен жерінің тәуелсіздігі, білім мен ғылым, мәдениет, спортта әлем сатыларының биік шыңынан көрінуі негізгі ұстаным болып табылады.

Қазіргі таңда еліміз өзінің тәуелсіздігін алуымен әлемдік жаһандану үрдісінен орын алып отыр. Білім беру жүйесінің Болон декларациясына сәйкес әлемдік білім кеңістігіне кіруі, экономикалық еркін аймаққа мүше болуға ұмтылысы біздің алдымызға үлкен маңызды міндеттерді жүктейді. Тек мемлекеттік тұрғыда ғана емес, әлемдік тұрғыда бейбітшілік пен тыныштықты сақтау мәселесі тұр. Қазақстандық

патриотизм әлемдік тыныштық пен бейбітшілікті сақтаудың негізгі бір тұғыры деп айтуға болады. Қазақстан Республикасы алғашқылардың бірі болып ядролық қарудан бас тартуы, сынақ алаңдарын жабуы бұл әлемдік бейбітшілікті сақтауға жасаған негізгі қадам болып табылады.

Қазақстандық патриотизм – Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекеті әлемдік биіктен көріну үшін білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілік, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау.

XXI ғасыр жаһандану үрдісі бүкіл әлем халықтарын біріктіру арқылы өркениеттілікті сақтап қалу барысында бар күш – жігерін жұмсап отырған тұста патриотизм ұғымы кең тұрғыда тек Отан емес, әлемдік тұрғыда қарастырылуды қазіргі қоғамдағы және әлемдегі даму үрдісі талап етеді.

Бүгінгі жаһандандыру үрдісі тұрғысынан алатын болсақ, патриотизм – халықтар мен ұлттардың өз Отанына, мемлекетіне деген сүйіспеншілігімен қатар, әлемдік дамудың тыныштығы мен бейбітшілігін сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау. XXI ғасыр ұрпағын тәрбиелеуде ұлттық мәдениет пен өркениеттік даму үрдісін өзара сабақтастыра отырып тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыруымыз керек.

XXI ғасыр жастарын патриоттық рухта тәрбиелеуде біз жоғарыда көрсетілген тәрбие (ерлік, жауынгерлік, т.б.) бағыттарын өзара сабақтастыра отырып, жүйелі түрде бүгінгі мектептегі толықтай педагогикалық процесіне енгізу арқылы егемен еліміздің бейбітшілігі мен тәуелсіздігін қорғайтын азамат тәрбиелей аламыз. Ерлік тәрбиесі дегеніміз—ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрі негізінде оқушылардың ерік-жігерін, табандылық, батылдық қасиеттерімен бірге ұлттық сана, парыз, намысты қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бүгінгі күн тұрғысынан алып қарайтын болсақ, егемен еліміздің бейбітшілігі мен

бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың санасына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты ендіру [7,45].

Көне түркілер, көшпенділер тарихына, халқымыздың ерлік және жауынгерлік дәстүріне шолу жасағанда ерлік қасиеті әрбір жауынгерге тән болғанын көреміз. Әрбір жауынгерден батылдық, табандылық қасиеттерді талап еткен;

Жауынгерлік тәрбие – қазақ халқының көшпелі тіршілігіне байланысты – тұтас қазақ қолының жауынгерлік сипаттағы әзірлігін үзбей ұстауы, елін, жерін, тәуелсіздігін үнемі қорғауға дайын тұруды қамтамасыз ету. Қазір әскери тәрбие мағынасында беріледі.

Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықты айқындауда жоғарыда патриотизмге берілген анықтамаларға және құндылық, адамгершілік құндылық ұғымдарын философия, педагогика, психология ғылымдары тұрғысынан саралайтын болсақ, тұлғаның бойындағы патриоттық құндылық

дегеніміз – елі мен туған жерін, Отанын сүю, мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштықты сақтау үшін күресу, өзінің ана тілін, ділін, салт – дәстүрін бүгінгі заман талабына сай ұлттық мүдде негізінде жетілдіру, қоғамдағы ізгілік қарым-қатынасты, табиғат пен адам арасындағы мейрімділікті, ұлтаралық мәдениетті дамыту.

Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі көзі – отбасы, әулет, әлеуметтік орта, аймақ, мемлекет, әлемдік кеңістік болса, тұлғаның бойындағы *патриоттық құндылық* – қазақ патриотизмі, ұлттық патриотизм, Қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық патриотизм арқылы көрініс бере отырып, тұлғаның бойында құндылықтың жоғары көрсеткіштері – мемлекет және ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық сана, және ұлттық тарихқа, салт-дәстүрге деген сүйіспеншіліктері қалыптасады [4,45] (Сурет 1).



Сурет 1 – Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтар жүйесі және оны қалыптастырудың факторлары.

Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылық – қазақ патриотизмі (ұлттық патриотизм), Қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық патриотизм арқылы көрініс бере отырып, тұлғаның бойында құндылықтың жоғары көрсеткіштері – парыз, намыс, ұлттық тарих, ұлттық салт-дәстүр, сезім, таным, ұлттық рух, т.б. қалыптасады [9,45]. Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі көзі – отбасы, әулет, әлеуметтік орта, аймақ, мемлекет, әлемдік кеңістік.

Философияның негізгі бір бағыттары экзистенциализмнің негізгі қағидасы – тұлға, яғни адам әлемдегі ең негізгі құндылық деп қарастырады.

Адам адамгершілік құндылықтарды тара-

тушы дегенді білдіреді. Әрбір адам өзінің “менін” айқындай білуі керек, соны өмірде қолдану қажет. Өмір, табиғат және адамның ішкі дүниесі үлкен күш, адамды дамытуға, қоғамдық өмірге қатынасын қалыптастыруда негізгі орын алады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда патриотизм - тұлғаның бойындағы сапалық белгі. Патриоттық құндылықтар негізінен патриоттық сезім, патриоттық таным, патриоттық сана, патриоттық болмыс, т.б. қамтиды. Психологиялық тұрғыда патриоттық құндылықтар сапаға айналып, іс-әрекет (тұлғаның “мені”) тұрғысынан көрініс беруі қажет.

Көп ұлтты Қазақстан халқы үшін еліміздегі тәуелсіздік пен егемендікті сақтауда әр адамның бойындағы патриоттық құндылықты қалыптастыру негізгі орын алады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Алматы. 2007. -72 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012. // Ақиқат, 2013. №1.
3. Философиялық сөздік. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 325 б.
4. *Изотов М.* Проблемы патриотического воспитания народа в процессе формирования общеказахстанской национальной идеи. //Общенациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа МОН РК. – Алматы: 2006. - С. 280- 305.
5. *Иманбаева С.Т.* Ерлік тағылымы. Оқу құралы. - Алматы: РБК, 1998. - 152 б.
6. *Момышұлы Б.* Қанмен жазылған кітап. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 400 б.
7. *Иманбаева Т., Иманбаева С.Т.* Батырлар тарихы – ел тарихы. Оқу құралы. Алматы: 2009. – 250 б.
8. *Айталы А.* Ұлттану. – Алматы: Арыс, 2003. – 226 б.
9. *Иманбаева С.Т.* Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің теориясы мен әдістемесі. Монография. Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты. 2007. —310 б.

ТІРШІЛІК ТЫЛСЫМДАРЫ

Совет-Хан Ғаббасов

Жазушы дәрігер, фантаст, драматург, Медицина және Педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, Зайсан ауданының құрметті азаматы, Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты, «АЛАШ ҮНІ» қоғамдық бірлестіктер одағының төрағасы, Халықаралық М.Нострадамус атындағы проскофиялық Академиясының толық мүшесі – академигі, профессор

Резюме

В данной статье рассматривается теория воспитания человека и новая форма казахского духа в мировой инновации.

Summary

This article discusses the theory of man's education, a new form of the Kazakh spirit in the world of innovation.

Адамзат қауымы танып білген, Әлемдік сипат үш түрлі жұмбақтан тұратыны әлім-сақтан бері белгілі. Біріншісі тәңір /Алла/; Екіншісі – табиғат; Үшіншісі адам! Осы үштіктің әсері – адам тәрбиесінің ең құпия сыры болып табылады. Қысқаша осы ұғымдарға қасиетті көне ілімдердің қалай қарағанын зерделей зерттеп [1,2,3,4,5,6,7,8], тарата талдамаса – адам тәрбиесінің сыры – ешуақытта да ашылмақ емес.

Ең әуелі, бар әлемді жаратушы Алланың өзі бар ма, әлде жоқ па, – деген сауалға келсек, қалай жауап берер едік?.. Сөз жоқ, бұл аса ұзақ әңгіме?! Сондықтан, бұрынғы өткен ақылмандардың ой тұжырымдарын қортындыласақ, олардың айтуынша «бүкіл әлем атаулы белгілі жүйе мен формада ғана тіршілік ететіндіктен – оны ерекше бір Жаратушының жаратқаны ақиқат. Өйткені, бар әлемді құдретті күш жаратпаса, оның өзіне тән формасыда, һәм жүйесі де болмақ емес», – дейтін аса терең, логикаға сиымды тұжырым жасайды. Осылайша, Жаратушының бар екендігіне көңіл нық сенімге берілсе, онда шынайы Құдайға иландырап – Дініміздің болуы да қак екен. Осындай сенімнен қалыптасқан кез-келген халықтың Ділі де жетілетінін

байыптау қиын емес. Әйтсе де Құдайды бір тұрақтан ғана іздеуге болмайтыны да шындық. Өйткені Ол – әрқайсымыздың тегімізде де, жүрегімізде де бар. Олай болса, мұның – адам тәрбиесіне тигізер ықпалының пәрменділігі, тіпті ештеңемен салыстыруға болмайтындығы да анық.

Тағыда сол көне ойшылдардың пікірі бойынша «Құдай – жоқ? Жан – жоқ? Рух – жоқ? – дейтін дүниені тас-талқан етер бұзық ойдың сарыны мен арандатушы атеистердің түсініктері, жалпы макро және микрокосмостағы тіршілік тыныстары – өзінен-өзі пайда болып, өзінен-өзі қозғалып, ешқандай Бірінші-себепшісіз-ақ туындап жатады-мыс,» деп сендіргісі келетіндеріне үзілді-кесілді қарсы тұжырымдар ұсынады.

Е.П.Блаватская: – “...Нам говорят, /17 с./ что уже прошло девятнадцать веков с тех пор, как ночь язычества была впервые рассеяна божественным светом христианства, и два с половиною века прошло с тех пор, как светлая лампа современной науки начала сиять вом раке невежества веков. От нас требуют, чтобы мы поверили, что в течение указанных эпох началось истинное продвижение нравственного и интеллектуального развития нашей расы. Древние философы, мол,

были достаточно хороши для своих, но они безграмотны по сравнению с нашими современными мужами науки. Так полагают: но каковы факты?.. С одной стороны лишенное духовности, догматическое, очень часто развращенное духовенство; уйма сект и три воюющие между собою великие религии; разногласия вместе единения, догматы без доказательств, ищущие богатства и удовольствий прихожане, лицемерие и ханжество, порожденные тираническим и крайностями в требованиях приличия, респектабельности господствующих взглядов – искренность и действительность благочестия становятся исключениями. С другой стороны, научные гипотезы, построенные на песке; нет ни одного вопроса, по которому достигнуто согласие; ярые ссоры и зависть; общее течение в материализм. Схватка насмерть между науки и теологией за непогрешимость “вековой конфликт”.

...Между этими двумя /18 с./ столкнувшимися титанами наукой и теологией находится обалдевшая публика, быстро теряющая веру в бессмертие человека и в какое-либо божество, быстро спускающаяся до уровня животного существования. Такова картина часа, освещенного сияющим полуденным солнцем христианской и научной эры!..»

«...Мир всегда /108 с./ неблагодарен по отношению к своим великим людям. Флоренция воздвигла памятник Галилею, но едва упоминает Пифагора. ...А тысячи лет до этого расположение планетных тел преподавалось мудрецами Средней Азии, и было принесено от туда Пифагором не как домысел, а как установленная наука.

«Числа Пифагора», – говорит Порфирий, – были иероглифическими символами, посредством которых он объяснял все идеи, касающиеся природы всего /75/.

Истинно, только в древности мы должны искать истоки всего. Как хорошо выразился Харгрейв Дженнингс, когда говорил о пирамидах и как правдивы его слова, когда он спрашивает:

«Разумно ли прийти к заключению, что в период времени, когда наука стояла так высоко, когда человеческие силы, по сравнению с нашими в нынешнее время, были изумительны, – что в такое время эти несокрушимые творения, в которые трудно поверить – такие достижения, как у египтян – были посвящены заблуждению? Что мириады нильских жителей были глупцы, пребывавшие во мраке и что вся магия их великих людей была обманом, и что мы, в своем презрении к тому, что мы называем суеверием и напрасной тратой сил – только мы один? Нет! В этих старых религиях скрыто гораздо больше, чем мы, вероятно, в своей отваге отрицания и в самоуверенности нашего поверхностно научного времени и в высмеивании наших дней без веры – чем мы даже не в состоянии предполагать. Мы не понимаем древних времен. Таким образом мы видим, что классическая практика и языческое учение могут быть примеримы, как даже не еврейское и еврейское, мифологическое христианское гармонирует в их общей вере, обоснованной на магии. Что магия, в самом деле, возможна – в этом заключается мораль этой книги».

«Есть личный Бог и есть личный Дьявол», – как гром гремит христианский проповедник. «Анафема тому, кто осмелится сказать, что их нет». – «Нет личного Бога, за исключением серого вещества нашего мозга», – презрительно отвечает материалист. «И нет никакого Дьявола. И трижды идиот тот, кто говорит, что он есть». А тем временем оккультисты и истинные философы не прислушиваются ни к одному из этих двух спорщиков и упорно продолжают работу.

Человеческая натура подобна вселенской натуре в том, что она не терпит пустоты. Она чувствует интуитивное томление по Верховной Власти. Без Бога космос выглядел бы как бездушный труп. Так как человеку было запрещено искать Бога в единственном месте, где можно обнаружить Его следы, то он заполнил эту болезненную пустоту личным Богом, которого его

духовные учителя построили для него из рассыпающихся развалин языческих мифов и седых философий старины. Как же иначе объяснить обильное появление новых сект, которые растут как грибы, причем некоторые из них до невозможности абсурдны ?...

«...Когда, /12 с/ много лет тому назад, мы первый раз путешествовали по Востоку, исследуя тайники его покинутых святынь, два вопроса угнетали наш ум: – Кто и что есть Бог? Кто видел когда-нибудь бессмертный дух человека и убедился таким образом в собственном бессмертии?..

И когда мы были наиболее озабочены разрешением этих смущающих вопросов, мы пришли в соприкосновение с некими людьми, обладающими таинственными силами и такими глубокими познаниями, что мы можем, поистине, называть их мудрецами Востока. Мы чутко прислушивались к их наставлениям. Они доказали нам, что путем комбинирования науки с религией существование Бога и бессмертие человеческого духа могут быть доказаны так же, как теоремы Евклида. В первый раз мы убедились, что философии Востока нет места ни для какой другой веры, кроме абсолютной и непоколебимой веры во всемогущество бессмертного собственного «Я» человека. Нас учили что это всемогущество происходит от родства человеческого духа со Вселенского Душою Богом! Как Бог творит, так и человек может творить».

* * *

...Иә-ә, көне деректерге құлақ түріп көрсек, кезінде дамыған ғылымның да, тылсыммен тыныстаған танымның да түбегейлі терең сенімдерге қол жеткізгендерін анық байқаймыз. Мәселен, мәдениет пен ғылымның ең алғаш тербеле дамыған алтын бесігі – Индия – деп саналады. Осы арада ашып алатын бір жұмбақ сыр бар?! Ол – көне замандағы Индия деп аталынатын аймаққа кірген жерлер – Тибет- Ұлы Дала / немесе Тұран яки Түркістан өлкесі/ – Ішкі және Сыртқы Мұңғұл даласы – Орта Азия

– болып бірігіп жатқан біртұтас өркениетті қамтыған екен. Бұл айтылған деректердің ізі – адамзаттың ең көне эпостарына жататын Махабхарат пен Рамаанда да – анық байқалады. Мысалы, Махабхаратта суреттелетін аспан әлеміндегі Жеті Қарақшы деп аталынатын жұлдыздар шоғыры, қазіргі Индияның жерінің үстінен көрінбейтіндігі де көп нәрсенің сырына жетелейтіндігі белгілі.

Тіпті, өзге өңірлердегі деректерді термей-ақ, қазақ халқының ықылым замандардан келе жатқан сөз өнеріндегі, – «Алып – анадан туады» – Он сегіз мың ғаламды – бір тарының хауызына сидырған» – «Көз қорқақ – қол батыр» – «Жанды да – балық, жансыз да – қамыс үлкен» немесе Дәстүріндегі – «Жеті атасына жетпей – қыз алыспау» – «Әйелдің жерік асын – жер астынан болса да тауып беру» иә болмаса, Мәдениетіндегі – «Даналық өрнектер» /зверинный стиль/ – «киіз үй» – сияқты жәдігерлер мен тұжырымдар тұрмысымызда ұмытылмай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқанының тамыры тым тереңде екенін түсіну қиын емес. Басқаны айтпай, тек «жеті атасына жетпей – қыз алыспау» дәстүрінің өзі-ақ, басқа көп халықтарда жоқ екендігі еріксіз таңдануға мәжбүр етеді. Бұл – қазақ халқының ескіден келе жатқан Ата дәстүрі болып саналады. Зерделей қараған жанға, мұның астарында телегей теңіз ғылым мен ілімнің негізі жатқаны дау тудырмаса керек. Тұран немесе Түркістан жеріндегі – Мәдениет пен Өнердің айғағындай – Алматы түбіндегі Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» киіміндегі «даналық өрнектер» мен биылғы /1999/ Алтайдағы Берелден табылған табыттағы алтын бұйымдардың бес мың жылдық ғұмырынан да, жетілген өркениетті танымыз. Жоғарыда келтірілген ой тұжырымдарының нақтылығы мен тереңдігіне таңданбасқа шара жоқ.

Ал көне ілімдерде айтылатын мына деректің құндылығын немен салыстыруға болар екен? Мәселен, Библидің «Көне өсиетінде» айтылатын Дәуіт-пайғамбардың бір сәтте өліп кеткен отыз ұлының орнына

келген Сүлеймен-пайғамбар /Саломон – патша/ – он сегіз мың ғаламның тілін білген екен. Сол Сүлеймен-пайғамбардың білім алған жұрты – Тұран немесе Түркістан өлкесі екенін оқығаным да, осы уақытқа дейін түсіне алмай жүрген көптеген мәселелердің төркіні анықталғандай болды. Ендеше, «Халық педагогикасы мен психологиясының негіздері» атты монографиялық еңбекте айтылатын көптеген тың түсініктердің негізі, ежелден-ақ халқымыздың Тегі мен Тағылымында және Дәстүрінде жалғасып келе жатқан құпия жұмбақтардың сырын ашқандай боламыз. Тек қана, – «Он сегіз мың ғаламды бір тарының хауызына сыйдырған» – деген тұжырымның ішкі мәніне ой жүгіртіп көрсек, тарыдай ғана адамның Ұрығы ана құрсағындағы тоғыз айдың ішінде – бір клеткадан бастап, бүкіл жер бетіндегі тіршіліктің барлық сатыларын басып өткен соң ғана – адам формасына жетілетіндігін ғылым айпарадай етіп дәлелдеп отырғаны белгілі. Міне осынау, тылсымы тым тереңде жатқан құбылыстың сырын Ата-бабаларымыз білгендіктен ұрпағына өсиет қалдырып отырған жоқ па?! Бұл тәрізді қатпары қалың ойлардың тылсымын ашу да, келешек уақыттың еншісінде екені түсінікті болса керек. Енді қысқаша Құдай – деген құдіретті қортындылау үшін адам тіршілігінің қос босағасы тәріздес екі ұғымға – сенім мен жігерге аз-кем тоқталмаса болмайды.

* * *

Е.П. Блаватская : – «...Пифагор (134-135, с.) принес свои учения из святилищ Востока, а Платон придал им более понятную для непосвященного человека форму, чем таинственные ч и с л а Пифагора, чьи учения он полностью усвоил. Поэтому у Платона Космос есть «Сын», имеющий в качестве отца и матери божественную Мысль и Материю (89, с. 268).

Египтяне, – говорит Данлеп (94, с. 88), - различали старшего и младшего Гора; первый был брат Озириса,

а второй сын Озириса и Изиды».

Первый есть Идея мира, пребывающая в разуме Демиурга, «порожденная во мраке перед сотворением мира». Второй Гор есть «Идея», исходящая из Логоса, одетая в материю и начавшая действительное существование» (89, с. 268).

«Земной Бог вечен, беспределен, молод и стар, волнообразной формы» (90, с. 24). – говорится в «Халдейских оракулах». Эта «волнообразная форма» – образ, чтобы выразить вибрационное движение астрального света, с которым священнослужители древности были очень хорошо знакомы, хотя их взгляды могут не совпадать со взглядами на эфир современных ученых, ибо они вкладывали в эфир Вечную Идею, наполняющую вселенную, или волю, которая становится силой творит и организует материю.

«Воля, – говорит Ван Гельмонт, – первая из всех сил. Ибо через волю творца все было сотворено и приведено в движение... воля /жігер/ есть свойство всех духовных существ и проявляется в них тем сильнее, чем больше они освободились от материи».

И Парацельс, которого называли божественным, добавляет в том же самом духе :»вера /сенім/ должна подкреплять воображение, ибо вера создает волю... Решительная воля есть начало всех магических операций... Из-за того, что люди не умеют в совершенстве воображать и верить в совершенстве, получается, что результаты их магии сомнительны, не надежны, тогда как они могли быть вполне надежными».

Одной только противодействующей силы неверия и скептицизма достаточно, если то к ее направлен с равною силою, чтобы воспрепятствовать силе веры других и даже полностью ее нейтрализовать. Почему спиритуалисты удивляются, что присутствие некоторых сильных скептиков на сеансах, что мешают проявлениям и часто совсем их прекращают.

Смелые теории и мнения, высказанные в трудах шопенгауэра, широко (136-137,

с.) расходятся с мнениями большинства наших ортодоксальных ученых.

«В действительности, – говорит этот смелый мыслитель, – нет ни материи, ни духа. Тенденция гравитации в камне насколько же необъяснима, насколько необъяснима мысль в человеческом мозгу. Если материя может (никто не знает – почему) падать на землю, то мозг также может (никто не знает – почему) – думать... Как только, даже в механике, мы преступаем границы чисто математического, как только мы доходим до загадочного, сцепления, тяготения, и так далее, мы стоим перед лицом явления, которое является для нашего рассудка столь же таинственным, как *ВОЛЯ* и *МЫСЛЬ* в человеке – мы находимся перед непостижимым, ибо такова каждая сила природы. Где же тогда та материя, на хорошее знание которой вы постоянно претендуете и из которой (будучи так близко знакомы с ней) вы выводите все наши заключения и объяснения и приписываете их всему?... То, что можно полностью понять охватить рассудком и чувствами – только поверхностное; они не в состоянии постичь внутреннюю сущность вещей. Такого было мнение Канта. Если вы считаете, что в человеческой голове присутствует какой то дух, вы обязаны думать то же самое о камне. Если ваша мертвая и совершенно пассивная материя может проявлять тенденцию к тяготению, или, подобно электричеству, может притягивать и отталкивать, искриться, тогда точно так же как мозг – она может также и думать. Короче говоря, каждую частицу так называемого духа мы можем заменить эквивалентом материи, и каждую частицу материи можем заменить духом. Таким образом, декартовское разделение всего сущего на материю и дух нельзя назвать философски точным; но только если мы разделим их на волю и проявление, каковая форма разделения не имеет никакого отношения к прежнему делению, ибо она одухотворяет все то, что в первую очередь реально и объективно (тело и материя), она преобразует каждое

проявление – в волю» (95, II, с. 111-112).

Эти взгляды подтверждают то, что мы говорили о разных названиях одного и того же. Спорщики спорят только о названиях. Назовите феномен силой, энергией, электричеством или магнетизмом, волей или духовной силой, – он всегда будет частичным проявлением души, будь она развоплощенной или на время заключенной в свое тело, частицы той разумной, всемогущей и индивидуальной воли, наполняющей всю природу и известной, вследствие неспособности человеческого языка к правильной передаче психологических представлений, под названием – бог».

* * *

Иә-ә, АЛЛА-атты ақиқатты түсіну, аса күрделі мәселе екені рас?! Әйтседе, өз тегімізден шыққан данышпандарға иек артсақ, ең әуелі ойымызға ғұлама Әл-Фараби мен кемеңгер Абайдың ілімдері еске түседі. Олар да Жаратушы жайында аз толғанбаған ақылмандар еді Мәселен, Ұлы Абай:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөзі айрылмас – дей
келіп,
Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа қол емес.
Дененің барша қуаты,
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты,
Махаббат қылса тәңірі үшін.

Ақылға симас ол Алла,
Тағрипқа /анықтау/ тілім қысқа-ақ !
Барлығына шүбәсіз,
Неге мәужүт /бар нәрсе/ ол куә.

Ақылмен хауас /түйсік/ барлығын,
Білмейдүр, жүрек-сезедүр.
Мүтәкәллимін /сөйлеушілер/ мантакин
Бекер босқа еседүр... [9] – деп нақты

қортынды жасау арқылы, Абай өзінің тұжырымға толы ойларын Әл-Фарабидің философиялық ілімдерімен сабақтастырады. Кезінде Фараби де Мүтәкәлиминдердің іліміндегі жаңсақ түсініктерді жеріне жеткізе сын тезіне алған еді. Алла жайындағы түсінікте Фараби мен Абай бір-бірімен үндесіп жатыр. Бұл мәселе жайлы ізденістер, бүгінгі күнге дейін, бірде-бір сәт толастап көрген емес. Ол әлі де қызу талқылану үстінде.

Екінші мәселедегі, «Табиғат – атаулының тегі мен мәні не?», – деген сауалға жауап іздегенде, оның дәйекті тұжырымындай Макрокосмос пен Миорокосмостың бірліктегі негізі екендігі жиі айтылады. Сонымен қоса, олардың үнемі эволюциялық, жолмен жетіліп отыратын алтын арқауы – тек бұлжымай орындалатын биологиялық және физиологиялық заңдылықтар екендігі де расталған ақиқат. Міне осы арада, басын ашып айтатын ерекше бір жағдай бар?! Ол – осынау жоғарыда айтылған заңдылықтарды – табиғат – қаншалықты ұқыпты орындайтын болса, – адамзат – соншалықты бұларға тәртіпсіз қарауының салдарынан, оның зауалы мен зардабын да аз тартып отырған жоқ. Мысалға, адам баласының тіршілік еткен аймағының экологиялық азып-тозуын былай қойғанда, оның өз ұрпағына қиянат жасап отырған қасиетсіздігіне барынша мән беріп, айпарадай етіп ашып айтқанды жөн көрдік. Егер де, табиғат қойнауындағы жан-жануар атаулы жыл сайын өздерінің ұрпақ өрбіту заңдылықтарына қылдай қиянат жасамай әзірленетіндігі баршамызға аян құбылыс?! Мәселен, иен далада жүрген – Ақбөкен мен Киіктер, тау қойнауларындағы – Арқар мен Маралдар және басқа да Жануарлар ұрпақ өрбітердің алдында әбден жарап, артық май арам терінен ысылып қана қоймай, тіпті нағыз өміршендері ғана жан алысып жан берісе жүріп, ұрпақ өрбітудің иелігіне жетеді. Ал, бұлардан – тіршілік сатысында бір мысқал төмен тұрған құс атаулыны – табиғат өз қамқорлығына алып, жылына екі рет жылы жаққа жөңкілте сапар шектіру ақылы, бойын тазартып алғаннан

кейін ғана ұя бастыруға кірістіреді [10].

Ал, адамдар ше? Олар – табиғаттың ешқандай заңдылықтарын елемей, тіпті нәпсісін тыя алмаудан – ұрпағын ұрығында уландырып, ғасырдан-ғасыр өткен сайын аздырып бітірудің аз-ақ алдында отыр. Қазіргі жатырда өліп жарымжан болып, туып жатқан балалар да қисап жоқ. Осынау – азап шеккен ұрпақ қарғысынан, Адамзаттың өзі де зауалға ұшырап, бақытсыз да қайырсыз тұрмыс кешуде?! Енді бұған не істеуге болады? Істер шара бар ма? Әрине, бар!!! Оның бірден-бір шарасы – халық педагогикасының аясында ұсынылып отырған жаңа іліміміз – адам тәрбиесінің бұрынсоңды жүйеленбеген – методологиясы мен негіздерін дәлелдеп, нақты әдістер мен тетіктерін мемлекеттік тіпті қала берді, адамзаттық деңгейде меңгеруді талап етеді. Бірақ, кез-келген жаңа дүниенің алдынан шығар қиындықтар, біздіде алқымдап тұншықтырып барады. Бұл – бүгінгі ғылым атаулының, – жаңалыққа селт етпейтін ескі қадеті екені де түсінікті. Ал осы арада, ғылым дегеніміздің өзі не? Ол – қайдан шыққан ғажайып? – дейтін заңды сұрақтар туындайды. Егер бір сәт көз алдымызға, – жалпы Жер бетінде Адам баласы жоқ, – деп елестетіп көрсек, Ғылымның да – өзінен-өзі ғайыпқа сіңіп жоғалып кететіні белгілі Олай боса, Ғылым да – Адамзаттың тіршілігі үшін, өзі өмірге алып келген төл туындысы екен?! Ендеше, осы жағдайыттар жайында да, аз-кем сыр шертудің жөні келіп тұр. адам – әлі де, табиғат – қойнауында жүр делікші?! Сондағы, оның көңіл-күйі қандай? Сөз жоқ, жан төзгісіз қиын деуге тура келеді. Неге? Себебі, күндіз де, түнде де, әсіресе түнде, оның бойын билеген үрей – жүйке-жұлыны мен ми қабаттарын қырсаудай қысып, еркі мен жігерін тежеумен болады. Өйткені, Ол – бұл кезеңде азулы мен тырнақтының бәрінен де қорғансыз еді. Ішін тарта ақырған – Арыстандар, тісін ақсыйта ырылдаған – Жолбарыстар түгіл, ылар-шу боп ұлыған – Ит пен Құстан да зәресі кете қорқатын?! Сонда, Адамды – үрейден құтқарған не? Ол – от!.

Адам отты игеру сәтінен бастап-ақ, үрейден құтыла бастайды. Бұл оның жұлын-жүйкесі мен миының жылдам жетілуін жеделдетеді. Олай болса, адамды – адам еткен ең әуелі – от, содан кейін ғана – еңбек – екенін түсіну қиын емес. Ми қабаттарының жедел жетілуімен адамның ойлау қабылеттері де күшейіп, сол отты пайдалану сәтінен бастап – қарапайым физикалық /жылу, жарық/ және химиялық /тағамдарын пісіру/ құбылыстарды аңғара бастайды. Міне, осылайша алғашқы таңырқау мен таңданудан – ізденіс қалыптасып, оның жинақталған тәжірибесінен ғылым атаулы тіршілікке еніпті.

Осынау, от арқылы өмірге енген таңғажайып құбылысты тереңдей толғап зерделей түссек, адамның – Тән құрылысының қажеттілігінен – бүкіл табиғи /физика, химия, астрономия, математика, ботаника, зоология, биология т.б./ ғылымдар дүниеге келсе, ал оның – Жан дүниесінің қажеттілігінен – барлық руханият /филология, педагогика, психология, астрология, философия, т.б./ ілімдері өмірден өз орындарын тауыпты. Осыдан келіп, табиғат пен адам – егіз дейтін ұғымдар қалыптасады. Адам енді табиғат анасының сыртқы қасиеттерін ғана пайдаланып қоймайды, отты игергеннен кейін оның ішкі сипаттарын да қажетіне жарата бастайды. Ол – осы жаңалықтарды, жаратылыс қойнауынан алып шыққан филогенетикалық түйсіктік ақыл мен сананың қарабайыр қалыбын жетілдіру арқылы, ғылымның алғашқы уықтарын қадауға кіріседі. Сөйтіп, тіршілік атаулының Жан дүниесіне қажет тәрбие тағылымдарынан бүгінгі өзіміз айтып жүрген Халық педагогикасының негіздері бастау алса, Тән құрылыстарының дұрыс қызмет етуін қамтамасыз ететін қалыпты физиология заңдылықтарын бұлжытпай орындауға тырысады. Олай болса, адамзат қауымының бүгінгі таңда пайдаланып отырған – Табиғи ғылымдарының атасы – Физиология десек, ал Руханият ілімдерінің анасы – Халық педагогикасы екенін мойындауымыз керек. Бүгінгі күні адамзат

қауымдарының пайдаланып отырған ғылымдарының Атасы мен Анасын – дұрыс пайымдамауымыздан XX ғасырдың парадоксына айналып отыр. Бұлай демеске шарамыз жоқ?! Өйткені, Халық педагогикасы бұрын ашылмаған өзінің методологиясы мен негіздерін тауып – жаңадан ілім болып жатса, ал Физиологияның – ең негізгі саласы – жұлын-жүйке мен ми қабаттары сол баяғы тасқараңғы түнек күйінде тұр. Тіпті, осы тұста Мидың физиологиясынан да күрделі, оның тәңірмен теңдес психикасын сөз етудің өзі бейбастақтық болар еді. Осының салдарынан, бүгінгі – адам тәрбиесінің – керағар кетіп отырған кілттипандары да, осы күрмеудің түйінінде жатыр демекпіз. Ендеше, мынау ұсынылып отырған адам тәрбиесінің жаңа ілімі – жәй ғана пендешілікпен қарайтын жаңалық емес! Тек, мұны адамзаттық деңгейде шешкеннен басқа шара жоқ.

Енді осынау, тіршілік тылсымының Үшінші мәселесі болып тұрған – Адам жайында – қасиетті көне кітаптар қандай сыр шертеді екен?

Е. П. Блаватская: – «...Мы видели (529-531 с.) в Индии небольшое братство факиров, поселившихся вокруг маленького озера или, вернее, пруда с водой, дно которого было буквально выстлано огромными крокодилами. Эти чудовищные амфибии выползают, греются на солнце в нескольких футах от факиров, причем некоторые из последних могут находиться бездвижи-мости, погруженные в молитву и созерцание. До тех пор, пока виден хотя бы один из этих святых нищих, крокодилы безобидны и безвредны, как котята. Но мы никогда не советовали бы иностранцу рискнуть одному приближаться к ним на несколько ярдов. Бедный француз Прадин так и нашел безвременную могилу в утробе одного из этих чудовищ.

Когда Ямвлих, Геродот, Плиний или какой-либо другой древний писатель рассказывает нам о священнослужителях, которые заставляли очковых змей выходить из алтаря изиды, или тауматургах одним взглядом

укрошающих самых свирепых животных, то их считают лжецами или невежественными идиотами. Когда современные путешественники рассказывают нам о тех же самых чудесах, совершаемых на Востоке, их считают экзальтированными болтунами или незаслуживающими доверия писателями.

Но вопреки материалистическому скептицизму человек, в самом деле, обладает такому си́лоу, какую мы видели проявленной в вышеприведенных примерах. Когда психология и физиология станут достойными названия науки, европейцы убедятся в существовании в человеке потенциала той таинственной и грозной мощи, которая скрывается в человеческой воле и воображении независимо от того, сознает он это или нет. И все же как легко понять, что эта м о щ ь заключается в духе, если мы только будем думать о том великом трюизме в природе, что каждый, даже самый незначительный а том в ней движим духом, который един в своей сущности, ибо самая малейшая его частица представляет целое; и что материя есть только конкретная копия абстрактной идеи, в конце концов. В этой связи разрешите нам привести несколько примеров могущественной силы даже несознательной воли, которая творит согласно соображению или скорее по способности различать изображение в астральном свете. Тот факт, что мать может оказать влияние на внешность еще неродившегося ребенка, был хорошо известен древним, и у состоятельных греков был обычай устанавливать прекрасные статуи около кровати, чтобы у будущей матери всегда были перед глазами совершенные образцы.

В одном труде, опубликованном в Лондоне в 1659 г. /290/, был выдвинут сильный аргумент против материалистов, доказывающий могущество человеческого сознания над тонкими энергиями природы. Автор, доктор Мор, рассматривает утробный плод как пластическую субстанцию, которой мать может придавать красивую или некрасивую форму, или сходство с каким-

либо лицом или лицами и может наложить на него отпечаток какого-либо портрета или изображения, которое было бы вернее назвать астрографом, и которое ярко присутствовало в ее воображении. Такое воздействие с ее стороны может быть вольным или невольным, сознательным или сильным, так в каждом отдельном случае. Это зависит от ее незнания или знания глубоких тайн природы.

Авицена (Ибн Сина) повествует о цыплятах с головами коршунов. В последнем случае, который служит прекрасным примером власти того же самого воображения у животных, з а – родыш был отштампован в момент зачатия, когда воображении курицы рисовался настоящий коршун или воображаемый. Это понял доктор Мор, который приводит этот случай со слов Авиценны и очень уместно указывает, что так как яйцо, о котором идет речь, могло быть высижено на расстоянии сотен миль от снесшей его курицы, то микроскопическая картина коршуна, запечатлевшаяся на зародыше, должно была сама увеличиваться и совершенствоваться вместе с ростом цыпленка совершенно независимо от каких-либо последующих воздействий со стороны курицы.

Корнелий Гемма рассказывает нам о ребенке, родившемся с кровоточащей раной на лбу, что было результатом угроз его отца матери «...направившего обнаженную саблю на ее лоб»...

Таинственный процесс девятимесячного формирования человека каббалисты называют завершением индивидуального цикла эволюции». Как зародыш человека развивается в чреве, погруженный в амнион, так и земля зарождается из вселенского эфира или астрального флюида в чреве вселенной. Эти космические дети, подобно своим обитателям пигмеям, сперва становятся ядрами, затем яицами, затем постепенно созревают и в свою очередь становятся материями, развивают – минеральные, растительные, животные и человеческие формы».

Көне ілімдердегі осы келтірілген деректерге сүйене отырып, «педагогика мен психологияның негіздері» атты монографиялық еңбектегі ұсынылған адам тәрбиесінің жаңа ілімінің екі сатыдан тұратын методологиясы мен Екі арналы Жүйесі және Жеті түрлі Негіздерінің ғылыми дәлелінің анық екеніне көзіміз әбден жеткендей болады. Осы ғылыми еңбектегі жан-жақты зерттеліп айтылатын адам тәрбиесінің 1-ші және 2-ші негіздері ең күрделі де, және тылсым сырлары әлі де ашыла қоймаған кезеңдерге жататыны белгілі болып отыр...

Халық педагогикасы мен психологиясы методологиясының бірінші сатысын – биологиялық индивид десек, оған Жүйенің – Жүрек тәрбиесі мен Негіздің 1-ші және 2-ші кезеңдері – қамтылатын болса, ал оның екінші сатысында Жүйенің – Ақыл тәрбиесі мен Негіздің 3-ші, 4-ші, 5-ші, 6-шы, 7-ші кезеңдері қалыптасып, Сананың ашылуы мен жетілуін жеделдетеді. Ең күрделі де, жұмбағы мол кезеңдер. «Отбасын құруға дайындық және ұрық тазалығы» мен «Ана құрсағындағы 9-ай» – Жүрек тәрбиесі деп жүйелене отырып, негізінен Жанның арналарын ашу арқылы, мидың астыңғы қабатында орналасқан экстросенсорлық орталықтардың қызметін реттейді. Міне, осы арада көне де жаңа да ғылымдардың бұрын-соңды көңіл аудармаған, адамның ішкі сипаттарындағы жанартаудай қуаты мен жаратушыға лайық құдіретінің көзін ашу тетігін ұсынады. Енді, осынау адам табиғатының таңғажайып сырларын шешуге аз-кем тоқталып көрелік?! Монографиялық еңбектің алдыңғы тиісті тарауларында Жан дегеніміз не? Оның қандай арналары немесе мүшелері бар? – деген сауалдарға бірсыдырғы тоқталған едік. Жанның негізгі арналарына жататын Түйсік, Ұят, Сүю, Жігер, Мінез, Зерде, Қабылет, Ішкі бес сезім /көру, есту, сезу, тұшыну, иіс/ – барлығы 12-арна /мүше/ болса, міне осыларды басқаратын орталықтар мидың экстросенсорлық қабатында орналасқан. Жалпы, жүрек тәрбиесі, – деп отырғанымыз

да, осы арналарды ояту тәсілдері болып табылады. Осы тәсілдерді іске қосатын құдірет, тіпті Құдайдың қолында да емес, кәдімгі 2-ші Негізге жататын, құрсақтағы Жан иесінің даму сатысы, тек Анаға ғана бағынатынын ерекше атап айтқан жөн. Әрине, Ана құрсағында – жаңадан жаратылып жатқан тіршіліктің – жан дүниесіндегі жабық арналарды, қалай ашу тәсілдерін білсе ғана, оларды іске қоса алады екен. Олай болса, бұл еңбектің мақсаты – күллі Ана атаулыға құрсақтағы тәрбиені – дұрыс жүргізу арқылы, адам тәрбиесінің бүгінге дейін жалғасып отырған, қабағат ауыр қателіктерін түзетуді көздейді. Сөйтіп, Адам табиғатындағы үш жүйенің: Тән – Жан – Рухтың – дұрыс тәрбиеленуін мақсат тұтады. Өйткені, Адам тәрбиесі түзелмей – әділетті қоғам да, Мейірімді мемлекет те болуы мүмкін емес?! Ендеше, Ана құрсағындағы тәрбие тәсілдерінің негізі не? Оны қалай жүргізуге болады? Тоқ етерін айтсақ, мұның – бір ғана жолы бар! Ол – мінәжат, яки медитация жасауды үйрену болып табылады. Бір қызығы, бұған ананың жаратылысы әуел бастан бейім?! Сондықтан, Ананы екі қабат кезінде, табиғаттың өзі-ақ осыған дайындайды. Бұл сәтте – оның Сыртқы және Ішкі сезімдері соншама терең де, қағылез күйге ауысады. Тек қана, мінәжат етудің тәсілін білсе болғаны. Бұл әдіске жоғарыда тоқталған едік.

Енді, жанның әрбір арнасына қысқаша сипат беру жөн сияқты?! Себебі, адам табиғатының жаратылысындағы тылсым күштеріне сонда ғана көзіміз жетіп, бар пейілімізбен илана алатын тәріздіміз. Неге десеңіз? – жалпы жанның барлық арналары – интуициялық сипаттарға жататындықтан, олардың ешқайсысы да, санаға бірден бағына қоймайды.

Түйсік – жанның бұл арнасы – қазіргі адамдарда толық мағанасында бар ма? – деген сауалға – әрине жоқ! деуге мәжбүрміз. Себебін өзіңіз-ақ ойлап көріңізші? Мәселен, отырған үйіңіз үш сағаттан кейін жер сілкінісіне ұшырайды делік, сонда мұны

сезген барлық тіршілік (ит те, тарахан да) иелері үйден, тіпті Үш күн бұрын безіп кетсе де, Адамдар тек апатты көзімен көргенде ғана жан сауғалай бастайды. Міне, бүгінгі адамдардың түйсігінің түрі осындай?! Ендеше, жабылуға айналған бұл арнаны ашудың қажеттігі бар ма? Әрине, бар! Тіпті, соншама керек екені, ешкімнің де күмәнін тудыра қоймас.

Ұят – осы кезде қандай күйде? Оны өмір сүріп отырған қоғамыңның өзі-ақ көрсетіп отыр. Алдау мен арбау жайлаған мынау заманда, әр сәт сайын сорақысы шыққан ұяттың жәйі мүшкіл десе де болады. Мысалы, бұрын кез-келген сәби бала дұрыс жасамаған ісіне, бетінің мөрі тамғандай қып-қызыл болып кетсе, қазіргі балалардан мұндай құбылысты байқау өте сирек кездеседі. Олай болса, жабылуға айналған жанның бұл арнасының да, беріп отырған кесепаты жетіп жатыр. Бұдан шығатын қорытынды, келешек Ұрпақ тәрбиесінде – Жан мен Тәнді өздеріне лайықты әдістермен тәрбиелемей болмайды.

Сүю – сапасы қалай? Біздер – жастарға Отаныңды – сүй, Жерің мен Еліңді – сүй, Адамзатты – сүйе біл, – деп уағыздаймыз?! Бірақ, істің жағдайы жылдан-жылға құлдырап барады. Себебі – неде? Тіпті, адамдар мен адамдардың арасы түгіл, Ата-ана мен Бала арасының суынып бара жатқанын несіне жасырамыз. Өйткені, сүю арнасының жабылуымен қоса, баланың бал-бөбек пен сәби кездеріндегі – айналасына сүйіспеншілікпен қарайтын сәттерін де, дұрыс ұштап жетілдіріп жүргеніміз шамалы ғой. Ендеше, ұрпақ тәрбиесі осыншалық ауыр жағдайда екенін түсінетін мезгіл жетті.

Жігер – жанның ең құдіретті арнасы. Дұрыс тәрбиеленіп жетілген жігердің /воля/ алмайтын қамалы жеңбейтін қиындығы жоқ. Жігерін қайрап бекінген адам ештемеге арбалмайды да, алданбайды. Тіпті, пәнилік нәпсісіне де тыйым сала алады. Жоғарыда айтылған - түйсік – ұят – сүю – арналарының да, не шектен тыс асып кетпеуін де, не қажет мөлшерінің жетпей қалмауын да, осы жігер ғана қамтамасыз етеді.

Ал енді осы – жігердің – қазіргі замандағы күйі қандай? Бүгінгі, әсіресе соңғы буын жастарда жігер бар ма? Өте көмескі?! Соның салдарынан - наша шегу – темекі тарту – арақ ішу – ұрлық жасау – өтірік айту – кісі өлтіру - не бір қиян-кескі қылықтардан өзін-өзі тежеуге жігерлері жетпейді. Кейде ескі әдетпен – Отанды сүю – Ана Тілің мен Діліңді сүю – туған Жерің мен Еліңді сүю – жайында уағыз айтып жатқан идеологиясымаққа күлкің келеді. Япырмау, жандүниені тәрбиелеу мен тазартуды үйренгенше, тым болмаса – Ұрпақ тәрбиесіне бет бұрып, ұрық тазалығы мен ана құрсағындағы тағылымдарды сақтасақ етті.

Мінез – шіркінді сөз ету, тіпті қиын?! Адам бойындағы сан салалы көп қырлы сипаттары бар мінездің, қай қырында мүкістік жоқ дерсіз Әділдік бар ма? Рақым мен Қайырымдылық қайда? Сыпайылық пен Мейірім тозды ма? Осылайша, тозығы жеткендей мінезсіздік жайлаған бұл өмірде, азаматтық пен кісілікті іздеудің жолы тарылып барады. Өйткені, арнасы жабылған өзеннің жойқын апатқа ұшыратары сөзсіз ғой.

Зерде – сенің күйің нешік? Бала атаулы дебиль болып, дүниеге келіп жатқан мынау заманда зерде мен зейінде қандай қасиет қалмақ?! Сонда, дебиль дегеннің өзі не? /Дебильность – { лат. Debilis слабый} – относительно легая степень врожденного психического недоразвития – олигофрении /ср. имбецильность, идиотия/ (Словарь иностранных слов – 19-е изд. С. 151, М.).

Көмейінен сөз маржаны төгілген текті жұртымыз, кешегі 19-ғасырдың өзінде-ақ өмір сүрген Дулат пен Мұрын жыраулардың шәкірттері, ұзақ таңға естіген ұстаздарының жыр-дастандарын келесі кеште, бір сөзін шашау шығармай айтып беретін зерделері бүгінгі таңда, айтсаң құлақ нанбайтын қиялға айналды. Оның орнына қазір магнитофонның таспалары қызмет етуде?! Осыншама сорақылықтың өзін де түзеп аларлық жаңа ілімнің тәрбие тәсілдеріне халық болып, мемлекетімізбен мойын бұруымыз қажет.

Табиғи қабылет – тоқырап, суалу мен

куаруға ден қойғалы қашан?! Әйтпесе, табиғаты жылдан-жылға әлсізденуден басқа ауру-сырқаудың көбейгенінен өзге, бәлендей дамудың жетілу сипаттарын байқатпайды. Бұрынғы өткен замандарды былай қойғанның өзінде, кешегі Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтпаевтар да, қайталанбас алыптардың қатарында қабылданып жүр. Ал анау көкірек көзімен тылсым сырларды біліп те, шешіп отыратын – Асан қайғы, Кетбұға, Келбұға, Корқыт ата мен Қойлыбайдай көріпкелдердің жалғастары туатын күн келер ме екен? Адам баласының осындай ішкі қасиеттері жайындағы көне ілімдерге тағы да құлақ түріп көрелік.

* * *

Е.П. Блаватская: Разоблаченная Изида, т. 1. с. 546-547/.

– «... Что такое воображение?

Психологии говорят нам, что это есть ваятельная или творящая мощь души; – но материалисты путают ее с фантазией. Пифагор утверждал, что воображение есть память о предшествующих духовных, ментальных и физических состояниях, тогда как фантазия есть беспорядочная продукция материального мозга.

С какой бы точки зрения мы не рассматривали материю, как бы ни исследовали, старая, как мир, философия о том, что она была оживлена и оплодотворена вечной идеей, или воображением абстрактное обрисовало и приготавливало модель для конкретной формы – остается неизбежной. Если мы отвергаем эту доктрину, то теория о космосе, постепенно развивающемся из хаотического беспорядка, становится нелепостью, ибо в высшей степени не по философский будет думать, что инертная материя, единственно движимая слепыми силами, без рукоюдящего разума может сама по себе спонтанно сформироваться во вселенную такой восхитительной гармонии. Если душа человека действительно есть результат, частица, вышедшая из сущности вселенской души, бесконечно малый осколок от этого первого творящего принципа, то она

неизбежно разделяет степени всех атрибутов демиургических сил. Подобно тому, как творец из мертвой бездейственной материи создал формы, точно так же и человек, если бы он сознавал свои силы, мог бы до известной степени делать то же самое. Как Фидий, собиравший свободно лежащие части глины, смачиванием водою соединял их вместе, придавал пластичную форму возвышенной идее, вызванной к жизни его творческой способностью; так же и мать, которая сознает свои силы, может придать какую угодно форму своему будущему ребенку. Не зная своих сил, скульптор создает только неодушевленную, хотя и восхитительную фигуру инертной материи, тогда как душа матери, сильно пораженная собственным воображением, слепо, несознательно проецирует поразившее ее изображение в астральный свет и, через отражение, запечатлевает его на своем утробном плоде.

«Это правда, что ее воображение оказывает влияние на плод», признает магенди, противореча самому себе в другом месте; и он добавляет, что – «внезапный ужас может причинить смерть утробному плоду или задержать его рост» [291, с. 520].

В случае, о котором недавно сообщала американская газета, у мальчика, убитого молнией, когда его раздели, обнаружили на груди точное изображение дерева, которое росло вблизи окна, против которого сидел мальчик во время несчастья, дерево тоже было повалено молнией. Эта электрическая фотография, совершенная слепыми силами природы, дает нам аналогию, посредством которой мы можем понять, каким образом ментальные картины матери передаются еще нерожденному дитяти.

Элифас Леви, который несомненно, является одним из лучших авторитетов по некоторым пунктам среди каббалистов, говорит;

«Беременные женщины больше, чем другие, подвергаются влиянию астрального света, который способствует формированию их ребенка, и постоянно

преподносит им воспоминания о формах, которыми он заполнен. Вот почему очень добродетельные женщины часто вводят в заблуждение наблюдателей и вызывают злобу, порождая сомнительные сходства. Они часто запечателевают на плод своего брака изображение, которое врезалось им память во сне, и таким образом те же самые физиономии сохраняются из века в век». Если материнское воображение может остановить рост или разрушить жизнь утробного плода, почему оно не может влиять на физическую внешность?.. Давайте рассмотрим утверждение магенди в свете зарегистрированных наукою примеров власти воображения в случаях образования уродливых деформаций, где это не касается беременных женщин. Магенди признает, что такие случаи – ежедневное явление у потомства низших животных. Как же он тогда объяснит высиживание цыплят с ястребиными головами, если не при помощи теории, что появление векового врага ястреба воздействовало на воображение курицы, которая, в свою очередь, сообщила материи, входящей в зародыш, определенное движение, которое расширяясь, произвело уродливых цыплят?

Ван Гельмонт говорит:

«Сила воображения женщины в сильно возбужденном состоянии создает и дею, которая связующим посредником между телом и духом. Это передается тому существу, с которым женщина в то время наиболее тесно связана и запечатлевает на нем образ, который наиболее волновал ее».

В труде {с. 550-551} по демонологии, написанном пераматусом имеется повествование об уроде, родившемся в Сент-Лоуренсе на Западно-Индийских островах в 1573 г., подлинность этого случая засвидетельствована герцогом мексиканской империи.

Этот ребенок! «кроме ужасающей деформации рта, ушей и носа, имел на голове два рога подобно юному козленку, длинные волосы по всему телу, мясистую

опояску посередине от которой свисал кошелеподобный кусок плоти, а в левой руке колокол из плоти наподобие тех, которыми пользуются в танцах индейцы, на ногах высокие сапоги из плоти с загнутыми вниз голенищами. Короче говоря, вся его форма была ужасающая и дьявольская; считали, что это результат испуга матери, которая испугалась древнего индейского танца» [290,с.399].

Прежде чем оставить эту тему, мы хотим еще сказать несколько слов в отношении тех случаев, когда голова, рука или кисть утробного плода были мгновенно растворены, хотя было очевидно, что до этого момента все тело ребенка формировалось полностью. Из чего состоит тело ребенка при рождении? Химики скажут нам, что в нем содержится дюжина фунтов уплотненного газа и несколько унций зольного остатка, воды, кислорода, водорода, азота, угольной кислоты, немного извести, магнелии, фосфора и несколько других минералов; это все! Откуда они взялись? Каким образом они были собраны вместе? Каким образом были эти частицы, которые по словам мистера проктора, – «извлечены из глубин пространства, окружающего нас со всех сторон», – были сформированы и как им была придана человеческая форма? Мы видели, что бесполезно об этом спрашивать ту доминирующую школу блестящим представителем которой является магенди, ибо он признается, что он ничего не знает о питании, пищеварении и кровообращении утробного плода; а физиология учит нас, что до тех пор пока яйцеклетка окружена граафовым пузырьком, она является составной частью целестного организма матери. Но после разрыва этого пузырька она становится почти такой же независимой от нее в отношении материалов на постпойку тела будущего существа, как зародыш в птичьем яйце после того, как курица его снесла. Среди наглядно доказанных фактов науки мало найдется чего-либо, что противоречило бы идее, что утробный ребенок матери

значительно отличается от квартиранта дома, в котором он нашел приют, тепло и удобства.

Так как мы указали на существование силы в человеческой воле, которая, посредством сосредоточения потоков этих атомов на объективную точку может создать ребенка, соответствующего обра у материнского во-ображения, то почему будет невероятным, что эта же самая сила, будучи применена матерью, может путем интенсивного, хотя и неосознанного обратного переключения рассеять, дезинтегрировать любую часть тела или даже все тело ее неродившегося еще ребенка? И вот здесь место вопросу о ложной беременности, которая так часто вызывает недоумение и врача, и пациента.

В лекции, прочитанной /Изида, с.555/ хирамом корсоном, профессором англосаксонской литературы в Корнельском университете, Итака, Нью-Йорк, перед бывшими питомцами колледжа Сент-Джонса в Аннаполисе в июле 1875 гюб лектор заслуженно бросает упрек и науке:

«Существуют вещи», – говорит он, – «которые наука не в состоянии совершить, и попытки их совершить будут только высокомерием. Было время, когда религия и церковь, переступали свои законные границы и вторгались в област науки, мешали ей и облагали ее тяжелой данью; но кажется, что их нынешние, взаимоотношения теперь подвергаются большим переменам, и наука перешагнула свои гранцы и теперь вторгается во владения религии и церкви и вместо религиозного папства, нам угрожает научное папство – на самом деле мы уже подчиняемся такому папству; и точно так же, как в шестнадцатом веке в интересах свободы мысли поднялся протест против религиозного и церковного деспотизма, – точно так же в нынешнем, девятнадцатом /XX/ веке духовные и вечные интересы человека требуют протеста против быстро развивающегося деспотизма науки; нужно требовать, чтобы наука не только держалась в своих законных пределах феноменального и обусловленного, но чтобы “она также

пересмотрела свой научный багаж, чтобы мы могли убедиться, насколько слитки золота вее погребесудя до тому, сколько об этом пишут – в самом деле соответствуют чистому золоту истины”.

“Если это в науке не будет проделено, то, так же, как и в деловом мире, ученые могут допустить ту ошибку, что слишком высоко оценят свой капитал и соответственно этому, будут продолжать опасное раздутое дело...” Истинно так; и в то же время они отказывают в этой привилегии другим. Они протестуют против “чудес” церкви и отвергают столь же логические современные феномены...”

Ішкі бес сезім – дегеніміз не? Адам ағзасындағы сыртқы бес сезім мен ішкі бес сезімнің айырмашылығы неде? Қысқаша жинақтап айтсақ, ішкі бес сезім – Жанның ең құдіретті, ең әмбебап, ең терең де тылсым құпиясы мол арналары болып табылады. Сондықтан да данышпан Рудаки:

«Жүрегіңмен сезбесең,
Әлемнің сырын ұқпайсың.
Көзіммен көрем дегенмен,

Барлығын байқап шықпайсың» – деген тұжырымында теңдессіз терең мағына жатыр. Тіпті жоғарыдағы сыртқы және ішкі бес сезімдердің айырмашылығын, бұдан артық дәл сипаттау тіпті де мүмкін емес.

Көкірек көзі – адамның табиғи қасиеттерінің ішіндегі ең бір тамаша сипаты болып табылады. Көкірек көзі – жүрек тәрбиесімен ашылған адам – таңғы-махшар нұрын да бар болмысы арқылы сезінумен қоса, тіпті тіршілік атаулының келер болашақтағы өмірлерін де дәл айтып көріпкелдік жасайтыны жайлы мысал көп. Өзгені айтпағанда, кеше ғана өмірден өткен – Ванга-әжені еске түсірсек жетіп жатыр. Ол осынау жарық дүниедегі құбылыстар түгіл о дүниедегі құпияларды да, тек көкірек көзі арқылы көре білген жан?! Оның айтуынша, «Жер бетіндегі кез-келген тіршілік иелері, бүкіл Әлемдік ырғақ пен тәртіптің аса қатаң үндестіктерін сақтамаса, тартар жазасы мен көрер бейнетінің көп болатынын үнемі

ескертіп өткені белгілі. Сонда одан осы үндестіктерді бұзбай, қалай өмір сүруге болады? – деп сұраған да, – Иә-ә, болады!.. Жолы бар!.. Ол – қайырымдылық, тек қана қайырымдылық, – деген екен. Оның тағыда жиі қайталап айтатыны, – Уақыттың аса ауыр кезеңінде өмір сүріп жатырмыз. Адамдар арасында келісім жоқ! Тіпті, жаңа туған бала анасының сүтіне жарымауы қажыған жүйкеден ғана емес, олардың өзара үндестіктері мен жалпы байланыстарының әлсіздігінен екенін ұғынуымыз керек. Барлық буындағы адамдардың бір-біріне деген реніштері мен өкпелері тым көп. Өзімшілдік пен қанағатсыздыққа ден бере-бермей, рақым етуге бет бұрудың қажеттігін жиі уағыздайды». Адамдардың көкірек көзінің ояу болуы, тек көріпкелдік үшін ғана қажет емес, ең бастысы тіршілік динамикаларын дұрыс аңғарып, дер кезінде нақты шешімдер қабылдауына көмектеседі. «Жаман айтпай – жақсы жоқ, – дегендей, Жазатайым, сыртқы көру мүшелері – Көзден айрылған жандардың – Көкірек көздері ашылған болса, аса үлкен қиыншылықтарды сезінбей-ақ, тіршілік ету қабылеттерінен жаңыла қоймайды. Міне, ішкі бес сезімдерді жетілдірудің ауадай қажеттілігі айтпаса да түсінікті болар.

Ішкі сезіну – телепатия?! Адам бойындағы бұл қасиет те көпшілігімізге белгілі. Бірақ, жан-дүниенің ашылмауынан – кез-келгеніміздің маңдайымызға жазылмаған да құбылыс екенін айта кеткен жөн сияқты. Әйтседе, өзінің ішкі дүниесіне мән беретін жандар өздерінің ең сүйікті адамдарымен бір жайсыздық болақалса, міндетті түрде сезінбей

де қалмайтыны рас. Мұндай уақиғаларды, адамдардың екісінің бірі айтып отырады. Бұл жайында жазылып қалған тарихи деректерде жетіп жатыр. Олардан мысал келтіріп, сөзді ұзартқанды жөн көрмедік.

Ішкі дәм мен ішкі иіс сезіну – жайында, көбінесе көне жазбаларда айтылады. Сол ескі замандарда адамдар иіс пен дәмді табиғатынан бейім, тағы жануарлардан бір де бір кем түспейтіндіктері жазылады. Тіпті, қайбір адамдардың иіс арқылы жоғалғанды тауып беру қасиеттері, иісшіл және ізшіл деген иттерден де артық болғандығын келтіреді. Міне, адамның сыртқы бес сезімі мен ішкі бес сезімдері үндесе жетілгенде, оның бүкіл болымысындағы жетілу мен тереңдеудің өрнегін танығандай боламыз.

Қорыта айтқанда, ғылымда бар ескі мен жаңаны салыстыра сөз етіп, бүгінгі адам тәрбиесіндегі жіберіліп отырған ағаттықтарды кешеуілдете бермей, ең әуелі мемлекетіміздің деңгейінде шешіп, содан соң, бірте-бірте адамзаттық мәселеге айналдыру арқылы, туған еліміздің абыройын қаншалықты асқақтатқан болар едік. Тек бұған пендешіліктен биік, азаматтықпен астасқан сана керек. Сонда ғана Ел болып егемендігіміздің де игілігін сезінер едік. Жалпы адам тәрбиесінің теориясын – Хауас, Имани гүл, Жәуанмәрттілік – ілімдерін жасау арқылы Әл-Фараби ашса, оның ақырғы формуласын – «толық адам, нұрлы ақыл» – деп Абай қортындылап, Өмірдегі алар орны мен механизмін – Біздер ұсынып отырған жаңа ілім орнына келтіреді. Бұл іске кері кеткендер керағарлық жасамаса – орындалары анық ақиқат! Ендеше, Алла жар болып, арманымыздың ақ жолын берсін.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- ¹. *Е.П.Блаватская* Раз облаченная Изида. М., 1999. Том 1-2.
- ². Теогенезис «Рефл-бук» 1994.
- ³. Д-р Папюс. Оккультизм. М., 1994.
- ⁴. *Идрис Шах*. Суфизм. М., 1994.
- ⁵. *Шакти Гавэйн*. Созидающая визуализация. М., 1997.
- ⁶. *Люк Рейнхард*. Трансформация. М., 1997.
- ⁷. *Лама Йешей*. Введение в Тантру. Жур. «Путь к себе» № 1-8
- ⁸. *Далай-Лама* О Буддийском пути к миру. /лекции в Гарварде/
- ⁹. *Абай Құнанбаев*. А., 1977, 268, 303 бет.
- ¹⁰. *Әл-Фараби*. Философиялық трактаттар. А., 1973, 219-248 бет.

ҰЛТТЫҚ ТІЛ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ

Әдібай Табылды

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері, п.ғ.д., профессор

Резюме

В статье рассматривается роль национального языка как основа национального воспитания. В статье изложены материалы международной конференции.

Summary

The article discusses the role of the national language as the basis of national education. In the article of the International Conference.

Қазақ халқының ұлттық тілі (қазақ тілі) – түркі тектес тілдердің ішіндегі ең бай, әуезді, бейнелі, ойға оралымды, ауаны ауқымды, келешегі келбетті тіл. Бір кезде профессор Қ.Аханов: «Дүние жүзіндегі мыңдаған тілдердің ішінде, біздің тіліміз он үшінші орында тұр» деп, ғылыми тұжырым жасаған болатын. Педагог – ақын Мағжан Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы... Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болмақ, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз кәміл» деген еді [Мағжан Жұмабаев Шығармалар. А., 1996 ж. 269-270 б.].

Ғасырлар бойы қалыптасып, барынша байып келе жатқан мемлекеттік тіліміз –

ұлттық тәрбиенің қуатты құралы. Қандай тәрбие болса да тәрбие жұмысы белгілі бір ұлттың тілінде жүргізілетіндіктен, біз тәрбиені ұлттық тәрбие деп түсінеміз. Ұлттық тәрбиеде сол ұлттың тілінің рөлі зор екендігі айқын көрінеді.

Ұлттық тәрбие (жан тәрбиесі, тән тәрбиесі) ұлттық тілдің құдіретімен нәресте дүниеге келмей тұрып, оның ата-анасының «жар тандау» кезеңінен басталады. Қазақ халқы болашақ отау иелерінің «көргенді», «тәрбиелі», «жаны таза», «тәні таза», «ақылды, саналы» болуын қалап, «құдандастық», «шаңырақ көтеру», «үй болу» үрдістеріне аса зор жауапкершілікпен қараған. Осының бәріне ана тілінің шешендігі, өнегелі өрнектері, эстетикалық әсерлері пайдаланылған болатын.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі қазақ тілінде: отбасында, балабақшада, мектепте, жоғары оқу орындарында, қоғамдық орындарда тәрбиеленушінің жас ерекшеліктеріне қарай (отбасын құруға дайындық кезеңі, ана құрсағындағы даму кезеңі; нәресте, балбөбек, сәби, балдырған, бүлдіршін, өрен, жеткіншек, жасөспірім, жастық кезеңі) жүргізіліп, өмір бойы жалғасады.

Әрбір адам «талбесіктен» бастап «жербесікке» дейін ұлттық тілде тәрбиеленеді. Үздіксіз тәрбиеде ана тілінің

атқаратын қызметі зор. Ұлттық тіл арқылы жеке тұлғаның ұлттық болмысы, ұлттық мінезі, ұлттық әдебі, ұлттық мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрлері, ұлттық психологиясы қалыптасады, сөйтіп, ана тілі ана сүтімен бірге жеке тұлғаны ұлттық құндылықтармен қаруландырады да, оның ұлттық қасиеттерін қалыптастырады.

Ұлттық тәрбиенің басты құралдары: ұлттық әдебиет, ұлттық мәдениет, ұлттық салт-дәстүрлері ұлттық тіл арқылы тәрбиелік қағидаларын іске асырады. Ғасырлар бойы халықтың іс-тәжірибелері арқылы қалыптасқан салт-дәстүрлері (қыз абыройы, жігіт намысы, сыйласым, ата-ана міндеті, бала парызы т.б.) – ұлттық тәрбиенің алтын арқауы. Олар отбасында, балабақшада, мектепте, ұжымдарда, қоғамда жан-жақты қолданылып жүр.

Ұлттық тәрбиеде халық қазіргі отбасында, балабақшада, мектепте қолданылып жүрген тіл құралын – «тілашар» дәстүрін қалыптастырды: бесік жыры, тұсау кесер жыры, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама, тақпақ, мақал-мәтел, ойын өлеңдері баланың эстетикалық сезімін оятып, сан үйретіп, тілін ширатып, ойын дамытып, намысын қозғап, жадын жақсартып, қиялын шарықтатып, сыйласымдық hareketін дамытады. Сөйтіп тілашар дәстүрі арқылы баланың сезімі сергіп, түйсігі түріліп, қабылдау қабілеті қалыптасады. Ұлттық әдебиеттің тәрбиелік қуатымен жеке тұлғада ұят, ар, намыс пайда болып, жігер-қайраты ұшқырланады, зердесі тереңдеп, ұлттық мінез құлқы қалыптасады. Осының бәрі тек ана тілінің құдіретімен іске асырылады.

Ұлттық (мемлекеттік) тіліміздің қажеттілік ауқымы оқу-тәрбие ісінде жоғары дәрежеде екендігін өмір дәлелдеп отыр. Сол қажеттіліктерді өтеу жолында: отбасында, балабақшада, мектепте, жоғары оқу орындарында, қоғамдық орындарда ұлттық тәрбиенің бағдарламалары, оқу құралдары ұлттық тілде түзілген. «Балабақшадағы ұлттық тәрбие» оқу құралымен қатар, мектептегі ұлттық тәрбиенің оқу құралдары

– «Әдеп әліппесі» (I-IV сынып 1997 ж., 2006 ж.), «Әдептілік негіздері» (V-VII сынып 1998 ж.), «Әдеп және жантану» (VIII-X сынып 1994 ж.), «Қазақ этнопедагогикасы» (жоғары оқу орындары үшін 2001 ж., 2004 ж.) баспадан шыққан болатын.

Отбасында, мектепте, балабақшада, жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілде жүргізіліп жатқан ұлттық тәрбие жұмыстарында қажеттілікті өтеуге лайықты аталған оқу құралдары мен бағдарламаларын одан әрі дамыта даярлап, оқу-тәрбие ісіне кеңінен пайдалану қажеттігі туып отыр.

Мемлекеттік тіліміздің оқу-тәрбиелік қажеттіліктерін іске асыру үшін, ең әуелі ана тілінде жүргізілетін тәрбие жұмыстарын жоспарлы түрде жан-жақты жүргізіліп, баспада жарияланған және жарияланатын оқу құралдары мен бағдарламаларын (білім министрлігі арқылы) жан-жақты пайдалану қажеттілігі туындады. Оған қажетті нәрсе-жабылып қалған кітапханаларды қайта ашып, оқу құралдарын мемлекеттік сұраныспен қайта шығарып, мемлекеттік тілде жазылған оқулықтармен, көркем әдебиетпен оқушыларды қамтамасыз ету қажеттілігін өтеу мүмкіндіктерін пайдалану керек. «Қаражат қатшылығын» себеп қылудың орнына, сол «қатшылықты» жеңу жолдарын іздеп, бұл жолдағы күресте жеңіп шығу – елдік намысқа байланысты.

Қазақ тілінің (мемлекеттік тілдің) бағы жанатын жағдайларға жетуі үшін, ең әуелі осы тілде жүргізілетін тәрбие жұмыстарын жауапкершілікпен қолға алатын болсақ, біздің ұлттық-мәдениетіміздің де өркені өседі. Өнерпаз, меймандос, иманды, дана халқымыздың әдет-ғұрпы, әдебі, дәстүрі, салты тек ана тілінде ғана салтанатты дәрежеде ұрпағымыздың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға зор себін тигізіп келеді. Оған ешбір «ғаламдастырудың» қажеті жоқ. Өркендеген халқымыз ғаламдағы өркениетті өрнектерді өнеге тұта қабылдап, өз мәдениетін (ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетін) жаңаша (инновациялық) тұрғыда көркейте алады. Біз дүние жүзілік

мәдениеттің өркениеттік өрнектерін таңдай біліп, өз тілімізде оны ұлттық мәдениетімізге сәйкес қолдана дамытып, қабылдаймыз.

Ана тілін үйретуді ата-аналар бөбектің тілі шыға бастағаннан жауапты түрде іске асыра бастайды. «Бөбек бір жасында кем дегенде 50-60 сөз үйрену керек», – дейді педагог ақын М.Жұмабаев.

Ең әуелі бөбек отбасындағы жақындарын қалай атауды үйренеді, содан соң ата-ананың, тәрбиешінің қызықтыру, ынталандыру, үйрету тәсілдері арқылы бөбектер мен балдырғандар заттарды атауды, санауды, сөз тіркестері мен тақпақтарды жаттауды үйренеді. «Бұл кім?», «Анау не?», «Мынау не?», «Бұл неге қызыл?» т.б. сұрақтарға жауап тауып, ана тілін (өз тілін) ынта-ықыласпен дамытады.

Бала отбасында, балабақшада санауды, сөйлеуді, жаттауды, айтып беруді тілашар дәстүрі арқылы үйренеді. Отбасында мектепке шығарып салу рәсімі, мектепте алғашқы жетіден соң ұйымдастырылатын тілашар дәстүрі кезінде балалар санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама, тақпақ, мақал-мәтел айтып, тілашар салтанатында ұлттық тілдің қадір-қасиетін түйсінеді.

Ұлттың этикалық ерекшеліктерін дамытатын құдіретті құбылыс – ұлттық әдеп болып табылады. Ұлттық әдеп ұлттық тілдің сөз құдіретімен, сөйлеу мәдениетінің әдептік әсерімен жеке тұлғаның бойына сіңіп, жүрегінен орын талады. Жеке тұлғаның тіл үйрену әдебі – өмір бойы үздіксіз іске асырылатын құбылыс. Ол игілік, көбінесе, жеке тұлғаның ана тілін ардақтай білуіне байланысты өз нәтижеелерін береді. «Ана тілін сүймеген Халқын сүйіп жарытпас» деп, ақындар тауып айтқан. Ұлттық әдептің педагогикалық, психологиялық қонымдылығы ұлттық тіл арқылы іске асырылады. Баланы ана тіліне қызықтыру, мадақтау, ынталандыру тәсілдерімен қатар, талап ету, мәжбүр ету тәсілдері де қолданылады.

Әрине, әліппені, фонетиканы, морфологияны, синтаксисті үйрену бағдарламасы

ұлттық тілді жан-жақты толық үйренудің негізі екендігі рас. Әдебиетсіз, мәдениетсіз, салт-дәстүрсіз бұл «үйрену» тек ереже ретінде есте қалып, жазу мәдениетінде әсерін тигізеді де, жеке тұлғаның тіл байлығын дамытуда грамматикалық тұрғыда ғана білімін қалыптастырады.

Қазақ халқының жаттап алу (жад) қабылеті басқа халықтардан әлдеқайда жоғары екендігі – анық. Ұрпағымыздың жадтық қабылетін дамытып, сөзді, тақпақты, мақал-мәтелдерді, жырларды жаттап алуды үйретіп, айта білуді талап ету – ұстаздық міндет. Бұл ретте ұлттық тілдің көркемдік көріністері зор тәрбиелік қуатқа ие болып тұрады.

Жеке тұлғаның тілін (ұлттық тілін) дамыту әрекеттері тіл-әдебиет үйірмелерінде, тілге байланысты түрлі жарыстарда (сөз жарысы, білім жарысы, ой жарысы т.б.), айтыстарда (әріптер айтысы, тыныс белгілерінің айтыстары, жұмбақ айтыс, қыз бен жігіт айтысы, жануарлар айтысы т.б.), скетчтерде, интермедияларда, қойылымдарда пәндік үйірмелер арқылы іске асырылады. Жеке тұлғаның ұлттық тілін дамытуға радио, теледидар, ғаламтор т.б. ақпараттық құралдар, қолданылуына қарай, ерекше әсер етіп, тәрбиелейді.

Ұлттық тілдегі әдебиетті жүйелі түрде (жоспарлап) оқытуды ұйымдастырудың тәсілдерін іске асыру оқытушылардың (ұстаздардың) абыройлы міндеті болып табылады. Оқушыларға оқуды ұсынумен қатар, сол оқыған тақырыптарын айтып беруін, кейбір жыр жолдарын жатқа айтып беруін талап етіп отыру ана тілінің тәрбиелік мәнін арттыра түседі. Қазақ халқы – жадына сақтағыш халық. Сол ана тілі арқылы қалыптасқан халықтық қасиетті тілдің тәрбиелік әлеуетіне әдемелеп пайдалану қажет.

Жеке тұлғаның ана тілін (ұлттық тілді) үйренуінің негіздері: ұлттық әдебиет, ұлттық мәдениет, ұлттық салт-дәстүрлер әрбір сабақта да өз үлесін табады. Жеке тұлға ана тілін (ұлттық тілді) 4-сыныпқа

дейін толық, жан-жақты үйренуі тиіс. Одан кейін басқа тілді де үйрену қажеттіліктері қарқындап, мүмкіндіктері мүдірмейді. Жеке тұлға ана тілін толық үйреніп болғаннан кейін ғана, басқа тілді сол ұлттық тілмен аудару арқылы, үйлестіріп үйрене алады. Бірден үш тілді үйретемін деушілер, әсіресе балабақшада, бастауыш сыныптарда өз мақсаттарына жете алмай жүр. Мұндай ерте басталатын «үштұғұрлық тәсіл» бөбектер мен бүлдіршіндердің ана тіліне деген ықыласын, сүйіспеншілігін жойып, ұлттық (мемлекеттік) тілді сүйіп, оны құштарлықпен

үйренуіне қиянат жасайтыны көрініп тұр. Бала психологиясының ауқымдық ақуалына қарай әрекет жасамау әбестік екенін өмір көрсетіп отыр.

Абай дана «...өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас» деп, қазақ тілін жоғары бағалаған. Қасиетті қазақ халқы өз тілін өзегіндей бағалап, көп тілді меңгеру үшін, ең әуелі өз тілін өңменін сала үйреніп алады. Өйткені, ұлттық тіл – ұлттық тәрбиенің басты құралы. Тілсіз тәрбие болмайды. Ұлттық тәрбие ұлттық тілде жүргізіледі.



***“Халықтың кемеліне келіп өркендеп, өсуі үшін ең алдымен
азаттық пен білім қажет”***

Ш.Уәлиханов

«Мұғалімге көмек»

Құрметті «Ұлттық тәрбие» журналының оқырмандары! Журналымыздың осы санынан бастап «Мұғалімге көмек» атты айдар өздеріңізге жол тартпақ. Бұл айдармен берілетін мақалалар легі, ұлттың интеллектуалын көтеру тақырыбында, жас мамандарға, мұғалімдерге, жалпы оқытушы қауымға көмек ретінде таралмақ. Мұнда ұстаздар, күнделікті сабағында, баланың ұлттық интеллектуалын арттыру жұмыстарына байланысты ата-баба мұрасын, халықтың салт-дәстүрін, ұлттың қадір-қасиетін, еліміздің құндылықтарын дәріптеуге негізделген материалдармен танысып, оны өз әдістемелерінде кеңінен пайдалана алады. Сонымен қатар, өз тәжірибелерінде жинақталған әдіс-тәсілдерін әріптестерімен бөлісу мақсатында, осы айдарда мақалаларын жариялай алады.

Ал журналымыздың осы санында, яғни «Мұғалімге көмек» айдарының алғашқы басылымында, сіздерге, мемлекеттік символдармен және ұлттық символикаларды оқушыға қалай түсіндіру керек екендігі туралы материалдарды көмек ретінде беріп отырмыз.

ҰЛТТЫҚ СИМВОЛДАРДЫҢ ОҚУШЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЫН КӨТЕРУДЕГІ РӨЛІ

Нуриев М.А.

«Интеллектуалды ұлт қалыптастыру»

ҒЗИ директоры

Саметова Ж.Ш.

«Оқушының интеллектуалды

әлеуетін дамыту» бөлімінің expertі

Резюме

В статье говорится об особенностях государственных и национальных символов, их роль в развитии интеллектуального потенциала учащихся.

Summary

The article considers about the features of state and national symbols, their role in the development of the intellectual potential of the pupil.

Символ, грекше symbolon – танымдық белгі, таңба деген мағынаны білдіреді.

Лингвистика, логика, математика ғылымдарында «таңба» ұғымын білдірсе, өнерде, философияда нәрсенің, құбылыстың қасиетін, сыр-сипатын бейнелеп, астарлап білдіретін әмбебап эстетикалық категория [1].

Символ көркем бейне мен ұғымның аралығында екеуінің де қызметін атқара алады. Алайда символ ұғымнан гөрі астарлы мағынаға бай, ал көркем бейнеден гөрі нақтылы мәнге ие. Символдың

символикалық формасы сақтала отырып, ишаралайтын нәрсемен салыстыра тану барысында көпқырлылығы да ашылады, бұл оның ерекшелігі болып табылады. Символдың табиғаты мағынасын ашып, түсінуді қажет етеді. Символ астарлы мағынаға бай болғандықтан әркім өзінің ұғым-түсінігінің дәрежесіне сай тереңдеп түсініп, өз мүмкіндігіне лайық қажетті мәнді табады.

Сонымен бірге әр елдің, әр ұлттың өзіне тән, өздерінің түсінігіндегі, тіпті әлемдік түсініктегі символикасы болатыны

белгілі. Сол ұлттық символиканың оқушы интеллектуалын арттырудағы рөлі қандай? Ұлттық тәрбиеге тікелей ықпал жасайтын білім ордасы – мектептер. Ұстаздар – мемлекет пен халықтың мүддесін ойлайтын, «елім, туып өскен жерім, мен Қазақстан Республикасының азаматымын» деп жүрегі соғатын ұрпақ тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін үйретуі шарт. Ең алдымен, мектеп оқушысы мемлекеттік рәміздерді білуге міндетті. Бұл жайында Елбасымыздың пайымдауынша: «...Елдің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуден, құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек. Әрбір адам бала кезінен: Қазақстан менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей еткен жөн» [2], – дейді.

Өз тәуелсіздігімізге аяқ басқан кезеңде төл рәміздеріміздің дүниеге келді. Мемлекеттік символдарымыз Ту, Елтаңба және Әнұран ата-бабаларымыздың неше ғасырдан бізге тастап кеткен алтын мұрасы және егеменді Қазақстанның бүгінгі өмірінде жалғасын тауып, туған жерді және тәуелсіздігімізді, бірлігімізді көздің қарашығындай сақтап, бір қасық қанымыз қалғанша қазақ елінің дамып өсуіне қолдан келгенше үлес қосуға шақырады. Оқушыға таныстырғанда, біздің мемлекетіміздің рәміздері – Ту, Елтаңба, Әнұран, бұл рәміздер 1992 жылы 4 маусымда қабылданды, – деп бастаймыз. Мемлекеттік Елтаңба – дөңгелек нысанды және көгілдір тұсаясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі

алтын түстес – дегенмен қатар, көктің киелі түс – бірлік пен ынтымаққа шақырып, барлық халықтар үшін әрдайым тыныштық, бейбітшілік пен береке символына айналғандығын, ал нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Күн – қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі. Күн – уақыт, замана бейнесі. Қанатын жайған қыран құс – бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі. Ұлан-байтақ кеңістікте қалықтаған қыран ҚР-ның еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жан-дүниесінің кеңдігін паш ететіндігін түсіндіре кеткен жөн. Қыран бүркіт образы – оқушы дүниетанымында еркіндік, бостандық, ерлік, жоғарыны аңсау, жан дүниесінің кеңдігі, асыл мұрат, жүрек тазалығы сияқты адамгершілік ұғымдарымен астасуы қажет.

Елтаңбаның негізі – *шаңырақ*. Оқушы Елтаңбамен танысу барысында, шаңырақ мемлекеттің түп негізі, отбасының бейнесі, *тұлпар* – дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар – қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты тұлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол – өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. *Бес бұрышты жұлдыз* елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы екенін өз бойына сіңіруі керек.

Ал, Әнұранды естігенде, оның тек салтанатты музыка мен сөз ғана емес, бұл ерекше музыка және дана сөз деп ұғынуы тиіс. Әнұран орындалғанда оқушы бойынан жігерлендіретін, өз Отанына деген мақтаныш сезімін ұялататын қасиеттерін

ояту үшін, мұғалім әнұранда қазақ халқының ерлігі, даңқы, намысы, еліміздің кеңдігі, бірлігі, достығы туралы айтылатындығын жете түсіндіріп, оның интеллектуалын арттыра түсуі керек. Мысалы:

Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,

Қазағым мықты ғой – деген шумағында, оқушы қазақ тарихында болған үлкен және кішігірім шайқастарды қазақтың ерлігі дастанға айналғандығын, қазақтың жауға қарсы күресте елі үшін, жері үшін ерлікпен күрескендігін анықтайды. Оған дәлел, тіпті кейінгі соғыстағы қазақстандықтардың Мәскеу түбіндегі көрсеткен ерліктері. Қазақ өлімге өмірін қисада, намысын бермеген.

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,

Тәуелсіз елім бар – деп келетін жолдарынан, балаға біз жетімі мен жесірін жылатпаған халықпыз. Тіпті, Ұлы Отан соғысы жылдары, өмірдің ауыр тауқыметіне тап болған, Отанынан, жерінен айырылған халықтарға пана болып, сұрапыл соғыс кезінде өзі де жұпыны отырған тамағын бөліскен, бірлігі жарасқан, дархан халық екенімізді жеткізгеніміз жөн.

К.Д.Ушинский айтқандай: «Тәрбие дәрменсіз боламуы үшін ол халықтық болуы тиіс»[3] – дейді. Яғни, әрбір ұлттың өзіндік рәміздерін, дәстүр, салтын сақтай отырып тәрбиелеуге баса назар аудару қажеттігін ескерткен.

«Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады»[3], – деген В.А.Сухамлинский. Яғни, біз баланың интеллектуалын арттыруда ұлттық символдарымыз бен дүниетанымымызды сіңіре білсек, ол өскенде интеллектуалы ұлттық деңгейде жанданған отансүйгіш, елжанды азамат болып қалыптасады. Бұл жайында Н.Ә.Назарбаевтың «...болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады,

яғни тәрбиенің түпкі мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде рухани дағдарыстан жеңіп шыға алатын, елін, жерін қорғай алатын, Отанын, халқын сүйетін өмірге икемделген жан-жақты мәдениетті дара тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру»[2] – дейді. Сол себептен де, оқушыға, оның интеллектуалын арттыру барысында, ұлттың ерекшеліктерін, ұлтты ерекшелендіретін символикасын таныстыру шараларының орны ерекше екенін аңғарамыз. Мемлекеттік рәміздерді дұрыс пайдалану азаматтық сана-сезімді және қауымдық сезімдерді қалыптастыруға әсер етеді.

Елдің ерекшелігі тек мемлекеттік символдармен ғана шектелмейтіні тағы бар. Ол үшін, әлемдік брендке айналған, ұлттық ерекшелікті растайтын символдарымызды түгендеп алсақ.

Қазақ ағартушысы Мағжан Жұмабаев: «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» – деген. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен мұғалімнің жан-жақты жетілген білімді, әдістемелік шығармашылық шеберлік иесі, халықының әдет-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс [4].

Мұғалімнің ең қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды, интеллектуалы жоғары тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, мәдениеті, ұлттық символикасы мен өнері және шыққан түп-тамырына жататыны белгілі. Сол ұлттық құндылықтарды, символдық ерекшеліктерді бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзі сенімін арттырып, интеллектуалын нығайтуға ықпал жасауымыз керек.

Оқушы үшін, ұлттың ерекшелігін білдіретін символдарымызға тоқталғанда

мұғалім, ата-бабамыздан мұра болып қалған киіз үйден бастауы керек. Киіз үй-ғаламның моделі. Қазақ үй мемлекеттік елтаңбамыздың ортасынан орын алған – шаңырақтан бастау алады. Шаңырақ – күннің символы. Шаңырақ көтеріліп жатқанда ешкім сөйлемейді. Өйткені, ұлы іс атқарылып жатқанда үнсіздік орнауы тиіс. «Жеті уық шаншылғанша – жетесіз ғана сөйлейді» деген сөз осының дәлелі. Киіз үйдің есігі әдетте шығысқа қаратылады. Бұл – күннің сәулесі үйге бірінші түссін дегенді білдіреді. Есікке қарама-қарсы бетте төр. Төрдегі адам есікке қарап отырады. Қазақта: «Еділ үйдің – есігі, Жайық үйдің – жапсары, Түркістан – ұлы төріміз» деген сөз бар. Бұдан мұғалім оқушыға халқымыздың қасиетті жерін киелі киіз үйдей қастерлейтін ұғындырады. Сосын төрге қыз бала отырған. Өйткені, қыз – қонақ. «Қыз бала – төр иесі, ұл бала – үй иесі» – деген де бабалардан қалған сөз бар.

Одан кейінгі ұлттық, азаттық символикасы – Алтын Адам. Қазақ халқын көбінесе көшпенді халық болған, көшпелі халық дүниежүзінің ұғымында «шала дамыған халық» деген түсінік бар. Қазақ жартылай көшпелі халық болғанымен, жартылай отырықшы халық болған. «Алтын Адам» сол отырықшылықтың көрінісі. Азаттық символы дейтініміз «Алтын адам» бейнесі, Алматы қаласында орналасқан, «Тәуелсіздік монументінің» негізгі элементі.

Оқушының интеллектуалын нығайтатын символикалардың бірі – ұлттық ою-өрнек. Себебі, ою-өрнек ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра екенін білеміз де, бірақ символдық мәні жоғалып көбінесе тұрмыс-тіршілікте эстетикалық тұрғыда ғана пайдаланылып келеді. Қазақ оюларының, өзге халықтардікінен ерекшелігі мал шаруашылығымен астарлас болып келуінде. Оның бастапқы элементтері де төрт түлікке жақын. Осыған орай: «қошқармүйіз», «арқармүйіз», «қырықмүйіз», «сыңармүйіз», «сынықмүйіз», «түйетабан» деген атауларға ие. «Қошқармүйіз» тіпті мемлекеттік

туымызда бейнеленген өрнек. Сондықтан, бала танымын кеңейтуде ою-өрнектің де алатын орны ерекше.

Келесі ұлттық символдарымыздың бірі, ерекше түрі, аққудың үні мен аттың дүбірін қос ішегіне сыйғызған – киелі домбырамыз. Оқушы оған қазақ халқына тән музыкалық аспап деп қана қарамай, оны қазақ халқының тілі, өнері, тарихы деп түсінуі керек. Домбыра – оқушыны қазақылыққа, адамдыққа тәрбиелейді. Домбырада айтылған ән, шертілген күй кең даланы көз алдына елестетіп, адам тілімен жеткізе алмағанды, қазақ даласында болған талай қырғын, аштық, шапқыншылықтар өшіре алмаған үнімен жеткізе алатын қасиетке ие.

Ал, қазіргі кездегі символдарға келетін болсақ – «Астана – Бәйтерек» нышаны. Қазақ халқының қайта өрлеуі мен тілеуінің, мемлекеттілігінің, биіктік пен тереңдіктің, кеңдіктің белгісі, дархандықтың көрінісі іспетті. Оқушы «Бәйтерекке» қарағанда «Бәйтеректей тамыры терең жайылған ұрпағың көп болсын, елің, жерің тыныш, қабырғаң қайыспасын, тіккен отауың шайқалмасын, бәйтеректей беделді тұлға бол» деген аталы сөздің мағынасын ұғынатындай дәрежеге жету керек. Сонда ол, бәйтеректі – Астананың символы ғана емес, халықтың символына айналғын дүние екенін түсінеді. Оның, «тоңсаң отының, көшсең – арба, жексең – мойынтық, киелі бесік, қасиетті шаңырақ, адассаң ен далада жол көрсетеді, жапырағы сылдырлап ән салатын, дала құстарына ұя салғызып, пана болатын» жай ағаш емес – қасиетті ағаш екенін ұғындыру ұстаз міндеті.

«Қазақ елі» монументі ХХІ ғасырдағы сәулет өнерінің озық үлгісі. Озық үлгісі ғана емес, қазақ халқының асқақ рухының нышаны, мемлекеттіктің қастерлі белгісі. 91 метр болатын зәулім мұнара, Тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылды меңзейді. Мемориалдық ансамбль бірнеше мүсіндер жиынтығынан тұрады. «Тұңғыш Президент және халық» бедербейнесінде – Қазақстанның Тұңғыш Президентінің

бейнесі мен сан қилы соқпақтан аман келе жатқан халықтың еркіндікке, гүлденген ел болуға деген ұмтылысы көрініс тапқан. «Қаһармандық» бедербейнесінде – Отан қорғау қазақ ұлтының ежелден басты және қасиетті құндылықтарының бірі болғанын көрсететін образдар шоғырланған, «Жасампаздық» тақтайшасында – халқымыздың көшпелі дәуірден космосқа ұшқанға дейінгі даму және өркендеу жолы бейнеленген. «Болашақ» барельефтері – ғылымда, мәдениет пен спортта үлкен жетістіктерге ұмтылып келе жатқан жастар көрсетілген. Дәл ортасында жас отбасы бітімі сомдалған. Ол отбасы құндылығы, Қазақстан қоғамының негізі болып табылатындығының көрінісі деп түсіндіру керек.

Бейбітшілік және келісім сарайы – «Бейбітшілік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съезін» өткізу үшін арнайы салынған. Осы атаудағы «Бейбітшілік» деген сөздің өзі адамзатқа бірден жылы естілетін түсінік. Бейбітшілік болса ғана өмір болатыны түсінікті. «Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қырғиқабақ соғыс» басталды. Бұл шынын айтқанда қарусыз үшінші дүниежүзілік соғыс еді. Міне осындай заман орнаған кезде, Елбасымыздың бастамасымен дүниежүзінің дәстүрлі діндерінің өкілдерін бір үстел басына жинауды ұйғарған, оған арнайы сарай салдырғандығы қазақ халқының тағы бір даналығының белгісі. Пирамида әртүрлі діндердің, этностар мен мәдениеттің бірлік белгісі, халық пен елдің ашықтық

белгісі болды. Басқосулар өткізу үшін пирамиданың жоғарғы жағында Қазақстан байрағының ұлттық түсімен әшекейленген 200 орындықты зал орналасқан. Ол зал «Бесік-Колыбель» деген атауға ие.

Қазақстандағы тағы бір көз тартатын әсем, Орта Азиядағы ең үлкен кешенге айналған «Хан Шатыры» ғимараты. Бұл қаладағы ең биік және әлемдегі киіз үй пішіндес ең үлкен ғимарат болып қана қоймай, ұлттық идеологиямызды паш ететін дүние. Ғимараттың негізгі элементі – киіз үй жобасында жасалғандығында. Бірақ, ұшар басы космосқа қарай ұмтылып тұрған, биікке талпынысты, дамуды білдіретін, атауы «Ханның баспанасы» деген мағынаға ие ғимаратта, тек ойынсауық кешені ғана емес, үлкен бір ойдың, түсініктің бар екенін аңғартады.

Мінекей, қарап тұрсақ, ұлттық символикаларымызда баланың интеллектуалын байытатын қаншама философия жатқанын аңғардық. Шығыс ғұламасы Абу Насыр әл-Фараби «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздің болашағыңызды айтып берейін»[5] – деген екен. Оның себебі, ел тізгінін ұстайтын, жерін, жұртын қорғайтын – өскелең ұрпақ екенін білдіреді. Сондықтан да, еліміздің болашаған мектеп қабырғасынан бастап ұлттық ерекшеліктермен сусындатып өсірсек, ол бойынан ұлттық символиканы, елдік ерекшелікті, халықтың келбетті таныстыра алатын, интеллектуалы жоғары қасиеттерге ие болған тұлға екенін дәлелдей алады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұратқызы Б. Қазақстанның символы не? //Халық сөзі. №12, 15 ақпан 2013 ж.
2. Назарбаев Н.Ә «Қазақстан – 2030». Алматы: «Білім», 1997 ж.
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. «Педагогика». Алматы, 2006 ж.
4. Жұмабаев М. Педагогика. Ташкент, 1923 ж.
5. Әбу Насыр әл-Фараби 10 томдық шығармалар жинағы. «Мәдени Мұра», Астана, 2007 ж.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік символдары



Мемлекеттік Ту



Мемлекеттік Елтаңба



Мемлекеттік Әнұран


Қазақ елінің ұлттық символикасы Қазақтың ежелгі баспанасы – киіз үй



Киіз үйді әдетте 2-3 адам 1 сағаттың ішінде құра алады




Қазақтың ұлттық ою-өрнектері



Арқар мүйіз



Қошқар мүйіз



Қырық мүйіз




Сыңар мүйіз



Түйетабан

Тәуелсіздіктің символикалары



Алматы қаласының орталық алаңында орналасқан, 1996 жылдың 16 желтоқсанында тұрғызылған – Тәуелсіздік символы.



Астана қаласында 2009 жылдың 20 қазанында ашылған «Қазақ елі» монументі. Биікті 91 метр, ол еліміздің 1991 жылы тәуелсіздік алғанын білдіреді.

ҰЛТТЫҚ СИМВОЛДАР



«Тұңғыш Президент
және халық»
бедербейнесі

«Қаһармандық»
бедербейнесі

«Жасампаздық»
бедербейнесі

«Болашақ»
бедербейнесі



Әлемдік тарихқа жаңалық
әкелген «Алтын адам»
- бабаларымыздың
отырықшы мәдениетін
айғақтайтын құнды
жәдігер



«Астана-Бәйтерек» кешені 97
метрлік биіктікке көтерілген
тендессіз ғимарат - жана
замандағы даму мен өрлеудің
белгісі



Қазақ халқының
сан ғасырлық сыр-
ын сақтаған, түрлі
шежіреге бай, нағыз
табиғи, ұлттық, төл
музыкалық аспабы



«Бейбітшілік пен Келісім» сарайы
дүниежүзі дін өкілдерінің басын
қосқан тұңғыш ғимарат



Ұлттық идеологиямызды паш ететін, ұшар басы космосқа ұмтылған
биікке талпынысты бейнелеген «Хан Шатыры»

СТУДЕНТТЕРДІ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
БЕЛСЕНДІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Сарбасова Қарлығаш Базарбекқызы

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Талдықорған қаласы E-mail: Bazarbekovna54@mail.ru

Резюме

В данной статье рассматривается роль воспитания творческой активности с помощью самостоятельной работы студентов.

Summary

This article examines the role of education creative activity through self work student.

Жоғары оқу орындарының оқытудың кредиттік жүйесіне көшуі белгілі бір мақсаттарды көздейді. Оның басты мақсатының бірі – кәсіби әрекетінде шығармашылықпен еңбектене алатын маман даярлау. Жоғары оқу орындары қабырғасында білім алушы студенттің шығармашылықпен қызмет атқарып, мамандығына қатысты кездескен кез-келген проблеманы өздігінен шеше алатын маман болып шығуы – оқу үрдісінде студенттің өзін-өзі ұйымдастыруы, өздігінен іздену мен білім алуы іс-әрекеттерімен тығыз байланысты. Сондықтан да оқытудың кредиттік жүйесінде студенттердің өзіндік жұмысына ерекше мән берілген. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру жоғары оқу орындарының негізгі нормативтік құжаттарына, жұмыс бағдарламасына, оқу материалдарына арналған пәннің бөліміне сәйкес іске асырылады [1, 225]. Студенттің өзіндік жұмысын жоғары оқу орнының оқытушысы жоспарлайды, яғни өзіндік жұмысты ұйымдастыру, қадағалау және бақылау – оқытушының міндеті. Пән бойынша жүргізілетін өзіндік жұмысының нәтижесі біздің тәжірибемізде оқу мерзімінің төртінші, жетінші, он бірінші және он бесінші аптасында қабылданып, балдық жүйесімен бағаланады. Студенттің өзіндік жұмысының нәтижелілігі бақылауға

тікелей қатысты. Бақылау аудиториядан тыс уақытта өткізіледі. Бағалауда жұмыстың мерзімінде орындалып өткізілуі, сапасы ескеріледі. Студенттің өзіндік жұмысы үш бағытта жүргізіледі: оқу, ғылыми-зерттеу және шығармашылық. Оқу бағытындағы студенттің өзіндік жұмысына студенттің дәріс, лабораториялық, практикалық сабақтарға дайындығы, үй тапсырмасын орындауы, ағымдық бақылауға дайындығы жатады. Студенттің өзіндік жұмысының маңыздық бағыты – ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыс. Бұл бағыт бойынша студент ғылыми мақала, аннотация, сараптау жұмыстарын отырнайды. Нәтижесінде конкурс, олимпиада, конференцияға қатысады. Тақырып бойынша бастаған ғылыми-зерттеулерінің нәтижесін курстық, дипломдық жұмыстарын орындауда пайдаланады. Студенттің өзіндік жұмысы сипаты жағынан репродуктивті (конспектілеу, оқып танысу); танымдық – ізденіс (презентация, бақылау жұмысын орындау, курмс жұмыстары); шығармашылық (арнайы шығармашылық тапсырма орындау, талдау, сараптау, сипаттау, диплом жұмысын орындау). Әр өздік жұмысы 3-5 тапсырмадан тұрады, әрқайсысын әзірлеуге, ізденуге, бір жүйеге келтіруге 2-3 апта мүмкіндік беріледі. Өзіндік жұмысының нәтижесі студенттің ынтасына, білім, білік дағдыларына және

тақырып пен жұмыс түріне байланысты болмақ. Бұл орайда оқытушы оқытылатын пәннің қарастыратын мәселелерінен студенттердің қызығушылығын тудыратынын, шығармашылық белсенділікті қажет ететінін әрі дамытатынын таңдағаны жөн. Студенттің өзіндік жұмысы – теориялық білімді өздігінен игеріп, практикалық міндеттерді іске асырумен ұштасатын жұмыс. Оқу-әдістемелік әдебиетпен, әдістемелік нұсқаулармен, тапсырма шарттарын орындаудағы зерттеу әдістерімен «қаруланған» етілген студент жұмысы өз нәтижесін берері анық. Студенттің өзіндік жұмысы мынандай кезеңдерді қамтиды:

- студенттің өзіндік жұмысын жоспарлау;
- оқу – әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету;
- орындалу барысын қадағалау және бағалау;
- қорыту, өзін-өзі дамыту.

Өзіндік жұмысы оқытушы мен студенттің тығыз әрекеттестігі жағдайында өтеді. Оқытушы - біріншіден, ұйымдастырушы, таныстырушы.

Екіншіден, бағыт-бағдар беруші. Үшіншіден, бақылаушы – түзетуші. Төртіншіден, сарапшы, бағалаушы.

Ал студент:

- өз іс-әрекетін ұйымдастырушы;
- тақырып, тапсырма бойынша ізденуші;
- өз іс-әрекетін басқарушы;
- белгілі бір нәтижеге жетуші.

Біз өз тәжірибемізде ұйымдастырылып жүрген өзіндік жұмыстары және оның нәтижелерін тілге тиек етсек...

«Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» пәні – 3 семестрде 2 кредиттік көлемде өтілетін базалық пән. Пәннің оқу-әдістемелік кешені жалпыға білім беру стандарты, типтік және оқу жұмыс бағдарламалар талабына сай құрастырылады, оның бөлімдерінің бірі - студенттің өзіндік жұмысын жоспарлау, өткізу.

СӨЖ кестесі. Студенттің өзіндік жұмысының тақырыптық-күнтізбелік кестесінде тақырып, тапсырма шарттары, жұмыс түрі, орындалу, тапсыру мерзімі көрсетіледі.

Тақырыптың студенттердің қызығушылығын тудырып, белсенділігін артыратын дәрежеде болуы, тапсырма шарттары тақырыпты жан-жақты ашуға негізделуі, жұмыс түрінің реферат жазу, конспектілеу тәрізді дәстүрлі түрінен гөрі күрделі мәселені шығармашылық түрде шешуге мүмкіндік беретіндей болуы ескерілгені дұрыс.

Студенттің өзіндік жұмысын жоспарлауда мынандай мәселелер назарда болды: 2 кредитті сағатқа шаққанда, дәріске - 1 сағат; практикалық сабақ – 1 сағат; (студенттің оқытушымен бірлесе орындайтын өздік жұмысына 1 сағат) бөлінеді. Оқу материалдарын бөлінген сағат көлемінде қамту мүмкіндігі шектеулі, сондықтан оқу материалдары ішінен әлі де зерттеуді, анықтауды қажет деп танылған тақырыптар, сонымен қатар, өздігінен ізденіске «сұранып» тұрған мәселелер СӨЖ кестесіне шығарылады. «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» пәнінен студенттің өзіндік жұмысының жоспарын үлгі ретінде ұсынамыз.

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

СӨЖ-дің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

№	Тапсырмалардың мазмұны	Сағат саны	Тапсыру мезгілі	Бақылау түрі
I. I	Сөз мағынасының түрлері: 1. Ұғым, сөз және ойлаудың байланыстылығына сипаттама беру. 2. Сөз мағынасын классификациялау мәселесіндегі қазақ ғалымдарының еңбегіндегі ұқсас тұстар мен айырмашылықтарды кесте арқылы көрсету. 3. Ауыс мағынаның метафора тәсілі арқылы берілуіне қатысты ғылыми мақалаларды жинап, талдау.	8	4 апта	Реферат жазу, кесте жасау.
II.	Қазақ тіліндегі қарапайым лексиканың қызметі: 1. Әдеби тіл нормасына жатпайтын сөздердің көркем әдебиетте қолданылуы мен стильдік қызметіне сипаттама беру. 2. Табу мен эвфемизмдердің қоғамдық сананың өзгеруіне, қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеруіне, этикалық принциптердің жаңаруына қарай сипатының өзгеруін түсіндіру. 3. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эвфемизмдер жайлы М.Жұмағұлова, Ә.Ахметов пікірлерін салыстыру.	7	7 апта	Конспект-сараптау
II II.	Қазақ тілі лексикасының шығу тарихынан: 1. Ғ.Әнесовтың тарихи лексикологияға қатысты еңбектерін пайдаланып, мақал-мәтелдер құрамындағы мағынасы күңгірт немесе архаизм сөздердің байырғы түбірін табу және тарихи-дыбыстық өзгерісіне талдау жасау. 2. Туған өлкесіндегі жер-су атауларының шығуы жайлы халықтық және қызықты этимология материалдарын жинастыру. Олардың ғылыми этимологиямен байланысын анықтау. 3. Лексиколог-ғалымдардың пікірлеріне сараптама жасай отырып, қазіргі қазақ тілі этимологиясының алдында тұрған міндеттерді анықтау.	8	11 апта	Жазбаша пікір, слайд даярлау.

II Ү.	Қазақ тілі фразеологизмдерінің стильдік қызметін анықтау: 1. Көркем мәтіндегі тұрақты тіркестерді лексика-семантикалық тақырыптық жағынан топтастыру; 2. Тұрақты тіркестердің көркемдегіш құралы ретіндегі қызметін анықтау; 3. Кейіпкер тіліндегі фразеологизмдердің кейіпкер бейнесін ашудағы қызметін анықтау.	7	15апта	Жазбаша талдау, сипаттама.
	Барлығы	30	15	

Байқағанымыздай, студенттің өзіндік жұмысының тақырыптық-күнтізбелік жоспарына қазіргі қазақ тілі лексикологиясының семасиология, лексиканың тұрмыстық-әлеуметтік қабаты, этимология, фразеология сияқты салаларының қызықты, әлі де зерттеу, зерделеу жұмыстарын қажет ететін тақырыптар қамтылған.

Енді көрсетілген кестедегі студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру, бақылау, нәтижесі туралы мәселеге тоқталайық.

Студенттердің өздік жұмысын шығармашылық жұмысқа ұштастыру мақсатында таңдалған тақырыптар бойынша жұмыс шарттарын орындау үшін білімгерлерге нұсқаулар беріледі. Мысалы: СӨЖ, №4. Тақырыбы: Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолдану ерекшеліктері. Мақсаты: Белгілі көркем шығарма негізінде қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің стильдік, көркемдегіш құрал ретіндегі қызметі мен ерекшеліктерін анықтау. Лингвистикалық талдау жасау арқылы студенттің өзіндік жұмысын орындауға нұсқау.

I Әдебиеттермен танысу. Көрсетілген әдебиеттер мен танысыңыз.

1. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы - Алматы: Мектеп, 1972 жыл.

2. Болғанбаев Ә., Қалиев Б. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. - Алматы: Санат, 1997 жыл.

3. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологияның ұлттық-мәдени аспектісі. - Алматы: Ғылым, 1998 жыл.

4. Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы. - Алматы, 2010 жыл.

5. Қоңыратбаева Ж. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер. - Алматы: Арыс, 2005 жыл.

II Көркем шығармамен жұмыс. Авторды және көркем шығарманы таңдап, тақырыпқа сай мәтінді таңдаңыз.

1. Мәтіннен тұрақты тіркестерді жинап, карточкалар жасау.

2. Тұрақты тіркестерді көркемдегіш құрал ретіндегі қызметін анықтау үшін тұрақты теңеу, гибербола, литота, синекдоха т.б. түріндегі фразеологизмдерге талдау.

3. Тұрақты тіркестерді лексика-семантикалық тақырыптық жағынан топтастыру. Ол үшін бәдебиетпен танысыңыз. Синонимдес, антонимдес, көп мағыналы фразеологизмдердің қолданылу себеп-мақсаттарына сипаттама беріңіз.

4. Авторлық баяндау мен кейіпкер тілінде қолданылған фразеологизмдердің стильдік, кейіпкер бейнесін ашудағы қызметін анықтап сипаттаңыз.

III. Жұмыс нәтижесін рәсімдеу.

1. Жұмыс жазбаша сараптау түрінде орындалады.

2. Белгілі бір (студенттің өз таңдауымен) көркем шығармадан іріктелген мәтін жоғарыда берілген нұсқаулық ретімен жазылып талданады.

Студенттердің өздік жұмыс тапсырмаларын жеке, жұп, топқа лайықтап беруге болады.

Осындай ізденіс бағытында жүргізілген өзіндік жұмыстар маманның теориялық білімінің толығуына, практикалық дағды мен іскерлігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Болашақтағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі әдебиет сабағында көркем шығармаға лингвистикалық талдау

жұмыстарын міндетті түрде жүргізеді. Екіншіден, тілдік элементтердің қолданылу аясы, өрісі қазақ тілі сабақтарында қамтылып отырады. Жас маманның жоғары оқу орнында алған білім, білік, дағдылары кәсіби даярлығын, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін ары қарай дамуының негізі болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кредитная система обучения: Опыт внедрения, проблемы и перспективы. Под общей редакцией Мырзалиева Б.А. – Ғарыш-Ш, 2005г.

ПРОИЗВОДСТВЕННОЕ ОБУЧЕНИЕ – ОСНОВА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО СТАНОВЛЕНИЯ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА

Ж.Н. Жумаева

*мастер производственного обучения Жайсанского многопрофильного колледжа
Мартукского района*

Түйін

Мақалда техникалық кәсіптік білім беру мамандарын ақпараттық – педагогикалық ортада оқытудың қасиеттері мен сипаттамасы қарастырылған.

Summary

In the article the job training – the foundation of the future of professional development specialist.

Особое место в системе учебно-воспитательной работы занимает производственное обучение, в ходе которого формируются трудовые навыки будущего специалиста, закладываются основы его профессионального мастерства.

Производственное обучение – основа профессионального становления будущего специалиста, оно является составной частью учебного процесса и направлено на формирование профессиональных умений и навыков, развитие предприимчивости и самостоятельности в определении своих будущих целей, овладения первоначальным

опытом профессиональной деятельности по избранной специальности. Целями производственного обучения являются закрепление, углубление и систематизация знаний обучающихся, полученных в процессе теоретического обучения, привитие необходимых практических умений и навыков по избранной специальности, а так же приобщение их к будущей трудовой деятельности.

Профессиональный облик мастера и педагога профессионального обучения, их профессионально – педагогическая компетентность формируются, прежде всего,

в системе профессионально педагогического образования. Успешность профессионально – педагогической деятельности выпускников колледжа, будет зависеть от того, насколько процесс обучения будет ориентирован на готовность к непрерывному образованию, способность к научному познанию, необходимость в котором обусловлена возрастающим темпами развития науки и культуры, перестройкой общественного сознания и отношений, изменением содержания и методов профессионального обучения.

Мастер производственного обучения должен обладать высокой степенью профессиональной компетентности, постоянно совершенствовать свои знания и умения, заниматься самообразованием, обладать многогранностью интересов, вызывать интерес к профессии, владеть культурной речью, четко грамотно, содержательно, ярко и убедительно излагать учебный материал, быть заинтересованным в успехах учащегося.

А также умелая организация урока производственного обучения, личный пример и авторитет мастера п/о, сплочение ученического коллектива, установление тесных взаимоотношений с родителями и многое другое.

Работа мастера производственного обучения трудная. Научить мастерству намного сложнее, чем научиться самому. Поэтому, моя преподавательская деятельность требует постоянного поиска новых идей, расширения кругозора, поддержания интеллектуального уровня, творческого подхода к своей работе.

Я изучаю и внедряю в учебный процесс новые педагогические технологии (к примеру, саморазвивающее обучение), применяю на уроках проблемно – поисковые, игровые, информационные технологии, которые побуждают учеников размышлять, анализировать, делать самостоятельно выводы.

Трудно переоценить значение эмо-

ционального контакта мастера производственного обучения с учащимися, так как это позволяет создать условия, при которых они не бездействуют на занятиях, а испытывают потребность в углубленном изучении предмета, самостоятельном поиске дополнительной информации, развитии своих творческих способностей, повышении качества знаний, в усвоении приемов эффективной учебной деятельности. В современных условиях развития общества возрастает внимание общественности к проблемам образования, продуктивность введенных реформ систем высшего, среднего и профессионального образования в нашей республике напрямую зависит от качества педагогической деятельности. Поэтому немаловажным вопросом, актуализирующим проблему качества образования, является вопрос о профессиональной подготовке личности мастера производственного обучения.

Осуществление педагогической деятельности в условиях образовательных учреждений разного уровня происходит через деятельность мастера, реализация сложных функций требует от современного мастера производственного обучения таких личностных параметров как потребности и способности к активной и разносторонней профессиональной и широкой социально-культурной деятельности, такта, терпеливости и терпимости в отношениях с детьми и взрослыми, готовности принимать и поддерживать их, а если нужно, то и защищать;

- понимания своеобразия и относительной автономности саморазвития личности;
- умение обеспечить внутригрупповое и межгрупповое общение, предотвращать конфликты.

Следовательно, перечисленные параметры дают представление о личностных особенностях мастера и, соответственно, могут рассматриваться в совокупности как личностный компонент в целостной структуре личности педагога, причем

профессиональная компетентность в системе подготовки кадров имеют двойную направленность: на обучающихся и на самого себя.

Педагогическая профессия, как уже отмечалось, является одновременно преобразующей и управляющей. А для того, чтобы управлять процессом развития

личности, нужно быть компетентным. Понятие профессиональной компетентности мастера производственного обучения выражает единство его теоретической и практической готовности в целостной структуре личности и характеризует его профессионализм.

ЛИТЕРАТУРА

1. В.А.Сластенин, И.Ф. Исаев, Е.Н.Шиянов Педагогика. – М., 2006.
2. Л.Куприnikова /Педагогическое мастерство принципы оценки/. Высшее образование в России. – М., 2003.

М.КАШГАРИНИН “ДИВАН ЛУГАТ ИТ ТҮРКҮ” МЕНЕН АЗЫРКЫ КЫРГЫЗ ТИЛИНИН ЛЕКСИКАЛЫК ӨЗГӨЧӨЛҮКТӨРҮ

*Султаналиев Ишенбек – ф.и.к.,
Ж.Баласагын атындагы КУУнун доценти*

Резюме

В данной статье рассматриваются лексические особенности словаря «Диван лугат ит түрк» М.Кашкари.

Summary

This article discusses the features of lexical dictionary “Sofa lugat um tyrk” M.Kashkari.

Түрк тилдүү элдердин асыл кенчине айланган атактуу түрк аалымы Махмуд Кашгаринин “Диван лугат ит түркү” жеке гана башка түрк элдери үчүн эмес, азыркы кыргыз тили үчүн да баалуу лингвистикалык, тарыхый, адабий мурастарыбыздын бири болуп эсептелет.

М.Кашгари XI кылымдагы түрк, түркмөн, огуз, чигил, ягма, кыргыз урууларын кыдырып, сөздөрүн чогултум дейт. Бирок сөздүктө алардан сырткары тухси, тавгач, басмыл, таңут, карлук, йагма, уйгур, уч, аргу, кенжек, йабаку, булгар, отлук, согдий, хутан, тубут, хаканийа, узкиш, алка булак, арамут, кужат, булак, чумул, атүгүл жогорку жана төмөнкү Син, араб, перс тилдеринен кирген сөздөр кездешет. Урум өлкөсүнөн күн

чыгышка карай жайгашкан урууларды катар тартиби менен санаганда беченек, кыпчак, йемек, башгырт, йасмыл, кай, татар уруулары эскерилет, бирок сөздүктө аларга таандык сөздөр эскерилген эмес. Мындан эң көп камтылган сөздөр огуз, чигил, кыпчактарга таандык, андан соң аргу, кенжектер турат.

“Диван лугат ит түрктө” камтылган сөздөрдүн көпчүлүгү азыркы кыргыз тилинде да кездешет, өзгөчө уңгу морфема. Мындай көрүнүш, биздин оюбузча, кыргыз тилинин байыркылыгы жана М.Кашгаринин бул тилди жакшы билип, ага жакын тургандыгы менен түшүндүрүлөт. Сөзүбүз куру болбос үчүн мисалдарга кайрылалы. Биринчиден, Сөздүк менен азыркы кыргыз тилинде фонетикалык, лексикалык,

грамматикалык жактан бирдей сөздөр көп: ун, көбүк, көл, ком, карарт, кабарт, (этиштин аркылуу мамилеси), кумган, кузгун, талкан, кетмен, балдыз, кундуз, күндүз, каргыш, бучгак, чакмак, камгак, канчык, таргыл, ж.б. Экинчиден, башка түрк тилдеринде жок, азыркы кыргыз тилинде гана бар сөздөр арбын кездешет: көвүргөн-көбүргөн, кабды-жел кабыз, чылашты, чарылды, кысрак-кысыр, капуг-каалга, йугуркан-жууркан, йитүк-житкен, жоголгон; йарындак-жаргак, ызук-ыйык, арыг-аруу, таза; аңыт-аңыр, өңин-өңгө, бөлөк; алкыш-алкыш, ичлиг-ичмек, үпкүк-үпүп (чигил), эшил-эшил, энлик-эндик (аялдар эринин боёгон кызыл боёк), элүк-эликтөө, шылдыңдоо; утру-утуру; анда; арбаган-арпаган, үкөк-үкөк, үң-үңүү, оюу; икеш-ыкташ, арыт-актоо, бычуу; үзүр; убраш-упуроо, убалануу; итриш-итерүү, сүрүү; ысын-ысырынуу, искенди-искенди, ашлат-аштоо, кадоо; ыйын-ыйынуу, егсү-өксүү, кемүү; утрула-утурула, ашук-кызыл ашык, эмгек-эмгек, сөкөт-сөгөт, кур-кур, кемер, чыш-чыш (баланы тоскондо аялдар айтат); бек-бекем, шүк-шүк отур, б.а. тынч отур маанисинде; чагыр-чыйыр, көвич-көңдөй, кобул; бычыг-бычуу, келишүү, казык-кайуу (кездемени); белек, күзүк (өрмөк, саймада), бүкөн-бөөн, мөөн; согон-пияз, кырма-кыруу, оюу, кесүү, келекү-келемиш; талгуч-толгооч, бөктир-бөктүр, сызык-шырык, йаңшак-жаңшап, түрбик-түрпү, челбек-чылпак, көбчүк-көпчүк, кызыг-кыйык, калыт-каргыт, катур-каткыр, кавур-кабыр, кыс; көмөлдүрүк, чыгды-чычандады, чукды-шукшурулду, тил-тилүү (терини), тун (түн) -түнөрүү, тунаруу, чевүр-чимир, күбүш-күбүү (кийимди), коп-тур, кадыш-кадуу, тигүү; кериш -- урушуп--керишүү, какыш-кагылыш, чылашди-чылашты (сууга), савул-сабылуу, түрүл-түрүлүү, оролуу; маныл-малын (метатезаланган), мунал, мөнөл-мөөнөл, б.а. мөөнөп кесүү; бүрүн-бүркөн, тутун-тутунуу (баланы); титин-титинүү (Юд., КРС, II т. 239-б.) тушан-тушалуу, чылан-чылануу, тердөө, суулануу; сүрүндү; сөкүндү-чөктү,

чөгөлөдү; кычынды-кычышты, тозгырды-тоз болду, чалтур-чалдыруу (союу, издетүү), саврук, саркуди-сарыкты, кертүр-кердир, талбыш-талпыныш, чалпаш-чарпышуу, сандырыш, сандыраш--талаш; туграл-тууралуу, жыртылуу; сармал-чырмал, бертин-мертин, тер бурчакланды-тер бурчактады, кыргаг-кыргак, кевкек-кекеч, бекитти-бекитти, билат-бүлөт; йанут-жануу, курчутуу; тикретти-текиреңдетти (атты), чыкрат-кычырат(метатеза), ковшат-копшоо, жылмалоо (жебени, Юд., КРС, II т. 405-б.), бозлат-боздот (төөнү), тушлат-туштат, чуглат-чулгат, орот; сызлат-сыздат, кыглат-кыктат, кык төгүү; мөңрет-мөөрөт, саңлат-заңдат, йин-жин, бок; йарби йазилди-жарпы жазылды, йөгез-өйүз, йагыр-жоор, йитук-житүү, жоголуу; йөрүн-өөн, йалаа-жалаа, йелү-желе, йайа-жайа (жамбаш эт. Юд., КРС, II т. 242-б), йөлекү-жөлөнгүч, йугрум-жуурум, йошулган-жошулган (кан), йабакулак-жапалак үкү, йувушди-жубантышты, йутик-жут, йүкүн-жүгүн, йезек-жесек, кароол (Юд. КРС, II т. 243, 251-бб.), йелбирди-желбиреди, йелбиш-желпиш, йугру-жууру, йамрашти-жамырашты (козу), йыгрыл-жыйрыл, бог-бокчо, куржун; чоғ-чок, бөк (чүкө), ком-төөнүн кому, куй-куй, аң; сал-сал (агызуу), тал, йек-жек, шайтан (М: Жерден жек чыкты, эки кулагы тик чыкты (табышмак), куйма-куймак; тайган; сайрам сув-сайран суу, б.а.тайыз, булгайык-булганыч, бур-бур этүү, торуг-арык; чык, чыкди-чык, чыктоо (М.сорпону чыгы), суулоо; тайиш-тайгалануу, күйвен-күймөл, куба (өң-түс), күбе-күбөк, сөйкө; бото (төөнүн ботосу); ката-бир жолу, чыла-чыла, кык; букурсы-буурсун, турумтай (куш), өте-өтөө, ин-эн, төле-төлдө, сүри-сүрөө, көкле-көктө, йүрге-жүйрө (отуруу), табала-табалоо, кирит-килит, кулпу, чыгыр-чыйыр (жол), курут-курут, соң-кийин (жандооч), мең-мең, коңур (үн), кыңыр-кыйшак, кылынч-кылык, йаңак-жаак, кырңак-кыңырак бычак, йаңшак ер-жаңшаган киши; жавшаң-жуушаң, кепсең-кепсен (эгин), сиң (суу жерге сиңди; сөз көңүлгө сиңди; аш сиңди), сүнүлө-сүңгүлө,

қаңырсы(жыт); йинч-жанч, көкүрөчкөн-көгүчкөн, үрк-үркүү; бертди-бертинди, мерт кылды; казти-кайыкты, суукка тоңду; өкүнч-өкүнүч, сибек-шимек, ж.б.

Жогоруда биз атайын арбын тартуулаган мисалдардан көрүнүп тургандай, *“Диван лугаттын”* лексикалык байлыгынын сакталышы боюнча азыркы түрк тилдеринин бири да кыргыз тили менен атаандаша албайт. Биз буларга кыргыз тилиндеги уңгусу окшош сөздөрдү кошкон жокпуз, анткени алар абдан көп. Экинчи бир көңүл бура турган нерсе, Каракандар мамлекетинин учурунда *чигилдер* орчундуу орунду ээлешкендигин окумуштуулар белгилешет. М.Кашгари чигил тилинде деп шилтеме берген сөздөрдүн көбү байыркы кыргыз тилине жакын. Алсак, чигилдер аякты-азак, “карын тойду” дегенди “тозды” дешерин автор өзү эскертет. Түрк тилдериндеги “з” чылдык байыркы кыргыз тилине таандык экенин эске алсак (Э.Тенишев), чигил тили менен байыркы кыргыз тилинин теги бирби деген ой келет. Баба тилибиздеги оң, ажун, түвек, бузун, (будун, эл), йарлыг, муш (мышык), бел, жавшаң (жуушаң) деген сөздөрдүн эки тилде бирдей кездешүүсү да кызыктуу. Бирок окшош эмес жактары да арбын. Бул маселе терең изилдениши зарыл.

“Диванды” азыркы кыргыз тили менен жакындатып турган дагы бир лексикалык жалпылык - бул макал-ылакаптар. Караңыз: “Тилкү өз иниге урса узуз болур”, “Бөринин ортак, кузгунуң йыгач башында”, “Куш канатын, эр атын”, “От теса агыз күймез”, “Бир карга бирле кыш келмас”, “Киши сөзлөшү, йылкы йызлашу”, “Бөри кошнысын йемес”, “Ики кочкар башы бир ашычта бышмаз”, “Коркмыш кишига кой башы кош көрүнүр”, “Карга карысын ким билир, киши аласын ким табар”, “Каныг кан биле йумас”, “Суф көрмегинче этүк тартма”, “Тилин түгмишни тишин йазмас”, “Эрдам башы – тил”, “Киши аласы ичтин, йылкы аласы тыштын”, “Бирин бирин миң болур, тама-тама көл болур”, “Карга казга өткүнсе, буту

сынур” “Тайган йүгүргени тилкү севмас”, “Кош кылыч кынга сыгмас”, “Йитүглиг анасы койун ачар” (“Алдырган анасынын койнун ачат”), ж.б. Жогорудагы макалдар кыргыз тилинде азыр да ошол калыбында айтылат, б.а. лексикалык мааниси эч өзгөргөн эмес.

Макал-ылакаптар тилдин тарыхый өнүгүшүндө өзгөрүүгө аз учураган катмары экендигин эске алсак, анда жогорудагы мисалдар кыргыз тилинин байыркылыгын, XI кылымда да кеңири колдонулгандыгын далилдейт.

“Диван лугаттагы” уңгу сөздөрдүн басымдуу бөлүгү азыркы кыргыз тилинде бар. Андан да, бир же эки ариптен турган сөздөрдүн 80% жакыны кыргыз тили менен дал келет, ал эми узун сөздөрдүн көбү дал келбейт. Бул XI кылымдагы түрк сөздөрүнө байыркы кыргыз тили түп негиз (первооснова) болушу мүмкүн деген ойду бекемдейт. М: ат, от, ит, үч, ич, эр, ыш, ок, эм, үн, өң, оң, алп, арт, өрт, эрк, өт, уч, уз (чебер), иш, эш, ууг, эл, ой, өгүз, өбүш, атыш, адаш (аяш), идиш, эриш (аркак), уруш, үлүш, ж.б.

М.Кашгари ареалдык сөздүк түзгөнбү деген да ой кетет. Анткени бир бөлүмүндө кыргызча сөздөр көп да, экинчи бөлүмүндө аз.

Кандай болгон күндө да, “Диван лугаттын” лексикалык корун изилдөө азыркы түрк тилдериндеги көптөгөн сөздөрдүн этимологиясын ачыкка чыгарат. Алсак, “Көсөгү узун болса, алик (элиг) күймес” деген макалда “алик”-кол дегенди билдирет. Мындан “алакан” сөзү жасалгандыр, б.а. алик + эн, колдун эни маанисинде. Кирук (М.К.) -шал, экөөнүн катар айтылышынан – шалкирук б.а. шалтурук пайда болгон деп ойлойбуз. Ушундай эле: көз этти-күзөттү; эбленип-үйлөнүп; йаг-май, отту май менен тутантуудан йагыш б.а. майды жагуу сөзү пайда болгон десек болот.

Көптөгөн сөздөр тыбыштык жактан өзгөрүп, мааниси сакталып калган: йергү-жерүү, эгил-ийил, эйгү-изги, ийги, тагар-таар, конук-конок, телик-тешик, йогурт – жуурат, кугшак - көпшөк, ж.б. Айрым

сөздөрдүн мааниси өзгөрүп кеткен, же сейрек колдонулат: чаначлык-жүүнү бош, б.а. чаначтай болгон эби-сыны жок киши.

1. Бөк-жашын. М: Ал мени көрүп бөктү, же бөгүп калды, б.а. жашынып калды. 2. Ал сууну бөктү-бөгөдү, бууду. 3. Ал ашка бөктү-тойду. Кериш - кер-мур, айтышуу, кыжындашуу. Бак -кара, көр. Бул сөз азыр башбак, күлө бак, жан бак, бала бак, багар-көрөрү жок, ж.б. сөз айкаштарында кездешет. 1.Каш-тунук, (каштай тунук суу). 2. Каш –чети, кыры (жардын кашы). Жубра-жулдубар (кийимдин). Тукуш -урушуу. Терилди -жыйылды (жыйын-терин). 1. Ол битик чекди – ал катка чекит койду. 2. Ол атын чекди-ал атынын тамырын чекти, б.а. кан алды. Йарындак -жаргак, кайыш. Куй -терең чуңкур, аң. Демек, куйук -кудук. Эмгек-кыйынчылык, азап. Азыр көбүнчө “иштөө” маанисинде гана колдонуп жүрөбүз. XIX-XX кылымдагы кыргыз ырчыларынын айрым чыгармаларында эмгек сөзү “башка түшкөн оор кыйынчылык” маанисинде жолугат. Алсак,

Тартууга ушул эмгекти

Таалайга тагдыр туш келди.

(Казыбек. Казалдар, -Б.,1992, 68-б.)

Айрым сөздөр кыргыз тилинин говорлорунда сакталып калган: агыл -короо (Баткен), чүрек - нандын түрү (Баткен, Ж.Муканбаев, КТДС, Б., 2009, 1088-б.)

Түрк тилдеринен орус тилине өткөн сөздөр бар: керпич-кирпич, башмак-бут кийим, үтүк, түнөк-түрмө, кайачук-каучук, табар-товар, сургуч-сургуч, чайыр, көрке-кружка, кафтан-сырт кийим, ж.б.

Унутулган төл сөздөр. Баба тилибиздеги көптөгөн сөздөрдү араб, орус тилинен кирген сөздөр сүрүп чыгып, унутта калган: икит-тарбияла, чигаи-кедей-кембагал, тулум-курал-жарак, умлук-шым, куту-чатыр,крыша; там-дубал, стена (мааниси өзгөргөн); тарус-шып, потолок; теблешти-ыраазы болушту, учмак-бейиш, асыглыг-пайдалуу, өрүг-жип, куб-чака, челек; уулчук-жатын, танук-күбө (иран), тергү,терги-дасторкон, стол; табуг-кызмат, кызмат

кылуу; төрү-мыйзам, тамгалык-стол, ж.б. Биз колдон келсе унутулган төл сөздөрүбүздү жаңыртып колдонушубуз керек.

Архаизм, эскирген сөздөр

Айрым сөздөр эскирип колдонуудан чыгып калган. Атүгүл бир эле сөздүн бир нече айтылышы кездешет, бул ошол кездеги диалектилик көрүнүш же уруулук тилдерге мүнөздүү деп ойлойбуз: аял-кудуз, эблиг, тышык, эшлар, ж.б. ат, жылкы – ат, йунд. Бакыр- бал, болуш-пайда, тилдаг-уруш, тугсак-жесир, сундири-деңиз, дарыя; басарлик-чесноктуу, куйручук-куурчак, тувурган-чөл, көчүт-ат, обут-уят, кабай-бешик, аңыт-күнөө, соңкур-бүркүт (сокол?– И.С.), йарук-балык, йаган-пил, саб-кезек (очеред), чагыр-сок, бурта-алтын, сазынчы-гипс, сыңар-тарабы, жагы; су-кошуун, кол; ус-бүркүт, йалыңук-адам, балыг-жарадар, баш(ыг)-жара, умлук-шым, кур-мартаба, даража; йылкы-мал, бакыр-жез, чавык-камчы, алын-тоо (Ала-Тоо?), ойма-кийиз, ж.б. Жогорудагы сөздөр азыркы кыргыз тилинин лексикасында жолукпайт, алардын ордуна чет тилинен кабыл алынган же жаңы жасалган сөздөр колдонулат. Кандай болгон күндө да төл сөздөрүбүздүн колдонулбай калышы - тилибиз үчүн чоң жоготуу.

“Диван лугатта” сөздөрдүн тике маанисинен сырткары, өтмө маанисинин да берилиши, көп маанилүүлүк, омоним, синоним, антоним, ж.б. сөздөрдүн берилиши да өзүнчө изилдөөнү талап кылат.

“Дивандагы” сөздөрдүн лексикалык маанилеринин өзгөрүп кетишине азыркы кыргыз тилиндеги айрым уңгу жана мүчөлөрдүн тыбыштык жактан өзгөрүшү, сөздөрдүн “узарып” же “кыскарып” калышы себеп болгон.

Тил илминде алгачкы негиз (перво основа) деген түшүнүк бар. Ал боюнча азыркы көп муундуу сөздөр байыркы мезгилде бир-эки гана муундан, атүгүл бир-эки тыбыштан гана турган. Чындыгында эле, буга М.Кашгариден көптөгөн мисалдарды келтирсек болот, б.а. азыркы биз колдонуп жүргөн сөздөр “узарып” кеткен: үрсе-үйлөсө,

түдеш-түстөш, түзди-түзөттү, сызды-сызгырды, чакды-чагымдады, чагым кылды; санды-саналды, тойур-тойгуз, басур-бастыр, кысур-кыскар, кыкыр-кыйкыр, барынды-баргансыды, сүчүк-суусундук, отра-ортодо, муш-мышык, саклашты-сактанышты, ба-байла, са-сана, сады-санады, ка-карын, арды-арыды, эрди-эрикти, зерикти; ай-айт, кес-кесим, быргык-бышкырык, кучды-кучактады, ж.б. Жогорудагы сөздөр айрым тыбыштардын жана муундардын кошулушу менен узарган. Түрк тилдеринин аглютинацияланышынын натыйжасында “адамгерчиликсиздик, менчиктештирүү, төкөлдөштүктөрдүкүндөгүлөр” өңдүү чубалган сөздөр кийин пайда болгон.

Сөздөрдүн “узарышынын” натыйжасында татаал сөздөр жана сөз айкаштары пайда болгон: энат-эн салдыр, андгарди-ант бердирди, ичкер-ике киргиз, күзерди-күз болуп калды, күчалды-күч менен алынды, чабды-чабак урду, сачгурды-чача жаздады, ж.б.

Эгер биз алгачкы негиздин узарышынын типтүү тилдик, морфемалык мыйзам ченемдүүлүктөрүн изилдесек, кызыктуу мисалдарга күбө болушубуз мүмкүн. М: ба деген негизден байла деген сөз пайда болгондур, мында ба уңгу, й орто аралык тыбыш (интервокалдык), -ла - этиш жасоочу мүчө. Й тыбышы “баг- боо” сөзүндөгү г нын й га өткөн формасы же орто аралык тыбыш болушу да мүмкүн. Себеби, “Диванда” ал айтылбаган башка учурлар да бар. М: туды-тыйды. Эгер жогорудагы мисалдарга таянсак, анда тойло, ыйла, сыйла сыяктуу сөздөрдүн алгачкы негизи, б.а. түп уңгусу то, сы, ы болуп калат. “Диванда” санады дегенди сады дейт, б.а. түп уңгу са, -ды өткөн чактын мүчөсү. Анда азыркы сан сөзүндөгү –н этиштен зат атооч жасоочу мүчө болот. Ошондой эле “жан-жашоо-жашады” сөздөрүнүн түпкү негизи “жа” болушу мүмкүн.

Негизи, XI кылымда негизги жана көмөкчү морфемалардын (уңгу, мүчө) маанилик талаасы кеңири болгон. Алсак,

азыр биз эки-үч сөз менен берген маанини бир эле сөз же бир гана мүчө берген. Мындай көрүнүш Орхон-Енисей эстеликтеринде да кездешет. М: “үйүн сагынды” дегенди “эбседи” деп эле айтышкан. Биз “Дивандагы” жөнөкөй сөздөрдүн азыркы кыргыз тилинде татаал сөзгө айланышына бир нече мисал келтирели:

-ык мүчөсүнүн мааниси азыр “болду” сөзү менен берилет. Азыркы кыргыз тилинде этиштин өздүк мамилесин билдирсе, “Диванда” негизги мамилени билдирет. М: татыкты-тат (перс) болду, тусукту-туш болду. (Азыр тушукту деп да айтылат) тагыкты-тоого чыгып кетти, б.а. тоолук болуп калды, чавыкты-атактуу болду (атагы чабыттады, атыкты), чыныкты-чын болду, күзүкти-күз болду, кирикди-кир болду, йатыкты-жат болду, йазыкты-жаз болду, йагыкты-жоо болду, сайыкты-сай болду, ж.б. Азыр деле –ык, мүчөсү кездешкен сөздөр арбын: машыкты-маш болду, кезикти-кез болду, бирикти-бир болду, ж.б.

-сады. “Каалады, келди” маанисин билдирген этиш сөзгө айкын өткөн чактын мүчөсү уланган форма: сатыгсады-саткысы келди, барыгсады-баргысы келди, келигсесим-келгим келди, йесады-жегиси келди, ж.б.

-ла. Азыркыдай эле буйрук этиштик мааниси менен катар байыркы кыргыз тилиндеги курал жөндөмөсүн билдирет: ташлады-таш менен урду, тизледи-тизе менен басты, чыглады-чыканак менен өлчөдү, кушла-куш уулады, көзла-көзгө урду. “Дивандагы” кырла, кышла-кышта деген сөздөр азыр деле кездешет. Жогорудагы сөздөрдүн чыканактады, тизеледи формалары мааниси бир аз өзгөрүү менен азыр да колдонулат. Дагы: бегледи-бек эсептеди, тазла-таз катары эсептеди, кесла-кесе менен урду, карылады-кары эсептеди, белекле-белек берди, кичикла-кичине катары санады, сарыглады-сарыга боёду. Азыр деле карала-кара боёкту сүрт, кылычта-кылыч менен чап- өңдүү маанилерди билдирет.

-лан. Этиштин өздүк мамилесин билдирет:

йарымланды-жарымы болду, йүреклең-жүрөктүү болду, йуаклан-буактуу болуу, үчлен-үчөө болду. Азыркы кыргыз тилинде –лан мүчөсү сакталып калган сөздөр да бар: йараклан-жарактан, йалыглан-жалдан, жалдуу бол (жылкы, короз ж.б.).

-лат. кушлат-куш уулат, кыглат-кык чачтыр, сизлат-сиз дегиз, этлат-эт кыл, б.а. кой сой. Айрымдарынын уңгусу өзгөргөн: чулгат-чулгат, сөзлет же сузлат-сүйлөт. Бул мүчө азыркы кыргыз тилинде да аркылуу мамиленин мүчөсү катары көптөгөн сөздөрдө кездешет: сувлат-суулат, кырлат-кырлат, кышлат-кыштат, сызлат-сыздат, сырдат-сырдат, карлат-карлат, кардат.

-ыт, -ат Негизги мамиле: тай ататты-тай ат болду, эритти-эр болду, б.а. эр жетти ж.б.

Ар түрдүү формалар: колуш-колун сураш, б.а. кудалаш; күчалды-күч менен

алды, белкүрди-белгилүү болду, сачгурди-чача жаздады, сайгырды-сай болду, тозар-тоз болду, тайакланды-тайактуу болду, тилкүленди-түлкүгө окшоду, катунлан-катынга окшоду, кагунлан-коондуу болду, түшөдү-түш көрдү, ошондой эле күзөдү-күздөдү, төлөди-төлдөдү дегендер азыркы айтылышына жакын.

Ошондой эле, сөздөр жеке эле узарбастан, “кыскарган” учурлар да кездешет, б.а. “Диван лугатта” жолуккан айрым муун же мүчөлөр азыркы кыргыз тилинде жок, кыскарып калган. М: түвүр (ДЛТ) – түр (кырг.), кирик – кир, теркин – тез, тамурган – тамган, казыңук – казык, ж.б.

Жыйынтыктап айтканда, “Диван лугат...” менен азыркы кыргыз тилинин лексикасында айрым окшоштуктар менен катар айырмачылыктар да бар.

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҮМЫСТАРДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МАЗМҰНЫ

Қ.А.Сарбасова

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана

Д.С.Ешмұратова

Педагогика ғылымдарының кандидаты

Қарағанды «Болашақ» университеті, Қарағанды

Резюме

В статье раскрывается актуальность проблемы, предлагается содержание национального воспитания обучающихся начальных классов для совершенствования учебно-воспитательного процесса в школе, а также рассматриваются формы и методы национального воспитания с применением информационных технологий.

Summary

Actuality of problem opens up in the article, maintenance of national education of student initial classes is offered for perfection of учебно-воспитательного process at school, and also forms and methods of national воспитание are examined with the use of information technologies.

Бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуде халықтық тағылымдарды пайдалану ерекше мәнге ие болады. Баланың жеке тұлғасын қалыптастыру мен дамыту

ісіне қажетті барлық мүмкіндіктер ауыз әдебиеті үлгілерінен табылып, халықтық шығармаларды оқып-танысу барысында адамгершілік асыл қасиеттердің адамды

арман-мұратына жеткізетініне, ал жаман жат қылықтардың зияны тиіп, жаманшылыққа ұшыратынына оқушылардың көзін жеткізеді. Жас ұрпақ ата-бабамыздан қалған мәдени мұра – ауызекі поэтикалық шығармашылық материалдарының мәнділігі мен құндылығынан, ойшылдығы мен қиялшылдығынан, тапқырлығы мен шешендігінен, тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесінен нәр алары анық. Сондықтан да бүгінгі күнде бастауыш мектепте білім мазмұнын жетілдіру үшін оқушыларға туған халқының сыр-сипатын, тілдік ерекшеліктерін, тәлім-тәрбиесін, өнеге-үлгісін танытып, оның қыры мен сырын балалар бойына ұялатып, қанына сіңіру өзекті мәселе болып табылады.

Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеті маңызды талаптарды іске асыруда үлкен мүмкіндіктерге ие, ол біртіндеп педагогикалық басшылықтың үзіліссіздігін және бірыңғайлығын, оқыту мен тәрбие берудің бірыңғай ұстанымдарын жүзеге асырады. Тәрбие өмірмен тығыз байланысты. Сондықтан сыныптан тыс тәрбие жұмыстары үлкен тәрбиелік күші бар үлес, тұлғаның жан-жақты дамуының шарты, баланың белсенді өмірлік ұстанымын құрастырудың құралы болып табылады.

Мектептегі сыныптан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары туралы С.Ш.Әбенбаев, З.Әбілова, Л.Д.Гуткина, Н.А.Смирнов және т.б. еңбектерінде қарастырылып, олардың әдістемелік теориялық негіздері ашылып көрсетілген. С.Ш.Әбенбаевтың «Сынып жетекшісі» [1] атты еңбегінде сыныптан тыс жұмыстардың оқушылардың сабақ үстінде алған білімдерін одан әрі тереңдетудегі және оларды адамгершілік қасиеттерге, өздігінен жұмыс істеуге үйретудегі мүмкіндіктері айқындалады. Бұл жұмыстарды ұйымдастыруда басты тұлға сынып жетекшісі деп саналады. З.Әбілова «Сыныптан тыс уақытта эстетикалық тәрбие беру» атты еңбегінде оқушылардың эстетикалық тәрбиесін ұйымдастырудың жолдарын ашып көрсетеді.

Қазіргі заманғы мектепте оқушыларды терең, әрі тиянақты біліммен қаруландыруға, мамандық алуға даярлауға, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға, ақыл-оймен оқытып үйретуге, ең бастысы бос уақытын тиімді пайдалануға көп күш жұмсалуда.

Бастауыш сынып мұғалімі – оқудан тыс іс-әрекет - сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының негізгі ұйымдастырушысы, оған әрқилы міндеттер мен қызметтерді атқаруға тура келеді, идеялық-тәрбиелік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, басқарушылық. Сондықтан ол мынандай міндеттерді шешуі тиіс:

- оқушыларда әлеуметтік бағыттылықты, құнды-бағдарды қалыптастыру;
- дүниеге көзқарас негіздері, саяси саналылық және қоғамдық белсенділік;
- саналы тәртіп пен мәдени қатынас адамгершілігі;
- құқықтық және адамзаттық жауапкершілік;
- әрқилы тәжірибелік іс-әрекетті ұйымдастыру (білімдік, техникалық және эстетикалық сабақтар, дене шынықтыру және спорт);
- оқушылардың ұжымда, үлкендердің кіші құрдастарымен, ер балалардың қыздармен, үлкен жастағылармен, мұғалімдермен және ата-аналармен қарым-қатынасын ұйымдастыру.

Бастауыш сынып оқушылары көп әсерленгіштігімен, басқаға назар аудара білушілігімен біршама ерекшеленеді. Сондықтан оларды оқыту үрдісімен және сабақтан тыс кездегі бірлестікте өткізілетін тартымды жұмыстармен қызықтыра білудің маңызы зор. Кіші мектеп жасындағы бала әдетте тәрбиелік ықпалға тез көндігеді. Бұл жастағы балалардың бойында қазірдің өзінде белгілі бір дәрежеде адамгершілік тәрбиесі бар екендігін есте ұстау керек. Балалардың адамгершілік жайындағы түсінігі бастауыш сыныптарда қалыптаса бастайды. Баланың іс-әрекетінде белгілі бір ортаға бейімділік байқалады. Қоғамдық ортада болғанда кіші мектеп жасындағы

оқушыларда моральдық түсінік тез дамиды және бастауыш мектептің соңына қарай оларда адамгершілік шынайы белгілі бір түсінік пайда болады. Мәселен, егер 1–2 сыныпта оқушының мораль жөніндегі түсінігі тек ата-аналар мен мұғалімдердің пікіріне негізделетін болса, 3–4 сыныпта ол басқа адамдардың іс-әрекетіне талдау жасауға және қорытындылауға тырысады. Сонымен бірге олардың бойында өздерінің оқығандары мен көргендерінен тәжірибе жинақталады және ол жеке басының әрекеттерін саналы түрде бағалай білу деңгейіне көтеріледі. Бастауыш сыныптарда оқушылардың бойында өзіне тән мінез-құлықтың қалыптаса бастайтынын және түрліше қайшылықтардың бой көрсететінін білудің маңызы зор.

Тәрбие процесінде бала өзінің дамуына қажетті жағдайларды пайдалана білуі тиіс. Осыған орай тәрбиеші ұлттық тәрбие арқылы баланың түрлі іс-әрекеттерін тиімді етіп ұйымдастырады, оның дамып жетілуіне қажетті материалдарды іріктеп алады, айналадағы табиғи және әлеуметтік ортаға көзқарасын дамытады.

Тәрбие жұмысының сара жолдарын табудың нәтижесінде баланың ой-өрісі кеңиді, ұлттық сана-сезімі мен дүниетанымы артып, адамгершілік сапасы қалыптасады.

Тәрбие тұжырымдамасына сәйкес мектепте әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескере отырып, төмендегі міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

- ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты ұлттық тәрбие беру: елжандылыққа, ұлтжандылыққа үйрету;

- адамзат қоғамында бұрын-соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу;

- жастар тәрбиесінде «бостандық», «теңдік», «демократия» деген үш ұғымның маңызын жете түсіндіру, мемлекеттік белгілерді сыйлау;

- мемлекет заңдарын білу және оған сыйқұрметпен қарау, оны жүзеге асыруға дайын, ынталы болу, қоғамдық заң ережелерін бұзушыларға төзбестік білдіру, бұл жолда азаматтық жауапкершілік көрсету, адамгершілікке жат кеселдерге қарсы күресуді әрбір жастың күнделікті мінез-құлқына айналдыру;

- жастардың ішімдікке, есірткіге әуестенуіне жол бермей, салауатты өмір сүруге баулу.

О.С.Газман «Сынып жетекшісі іс-әрекеті мазмұнының тұжырымдамалық негіздерінде» әрбір педагог-тәрбиеші міндетінің үш түрін бөліп көрсетті: денсаулық, адамгершілік, қабілеттер. Бұл міндеттерді жүзеге асыру іс-әрекеттің жетекші түрлерінде, тіл табысуда, күнделікті тұрмыста баланың жақсы дамуын қамтамасыз етеді. Сондықтан педагог тәрбие жұмысын жоспарлау үшін «Денсаулық», «Тіл табысу», «Өмір салты», «Оқу», «Бос уақыт» сияқты мақсатты бағдармаларды меңгеруі керек [2].

Тәрбие жұмысын жоспарлауда қолдануға болатын Н.Е.Щуркованың тұжырымдамасы тәрбиеге құндылық, мәдениеттілік және ұйымдастырушылық-әрекеттілік тұрғысынан қарауға негізделеді. Ол оқушылар іс-әрекетінің бірнеше түрлері мен формаларын ұсынады: танымдық, шығармашылық, еңбек, құндылық-бағдар, көркемдік, спорттық-сауықтыру, тіл табысу және т.б. [3].

М.Құрсабаевтың «Атамекен» бағдарламасы халықтық педагогикаға негізделіп, бірнеше бағыттарды қамтиды: «Салт», «Шежіре», «Жібек жолы», «Сөнбес жұлдыздар», «Толғау», «Асыл мұра», «Домбыра дастан», «Наурыз», «Зерде», «Төрт түлік», «Көкпар», «Дулыға», «Қасиет», «Ас», «Бабалар өсиеті», «Зергер», «Құсбегі», «Қыз бен жігіт», «Заман-ай», «Алыстағы бауырлар», «Достық», «Ардагер», «Ою-өрнек», «Бейнелер сыры», «Ата-ана» [4].

Бұл теориялық қағидалар мектепте және сыныпта тәрбие жұмысын жоспарлау әдістемесінің негізін құрайды. Сыныптан тыс жұмыстарда оқушылар әртүрлі іс-әрекетпен айналыса отырып, халықтық педагогика тағылымдарын игереді (Кесте 1).

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Кесте 1 – Халықтық педагогика тағылымдарын игеру бойынша бастауыш сынып оқушыларының іс-әрекеті

Халықтық педагогика тағылымдарын игеру бойынша іс-әрекет түрлері	Іс-әрекеттердің мақсаттары
Танымдық іс-әрекет	Халықтық педагогиканың салалары бойынша білімдерді игеру
Қоғамдық-саяси іс-әрекет	Жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениетке, құндылықтарға, өмірлік ұстанымға, ұлтжандылыққа негізделген дүниетаным элементтерін қалыптастыру
Көркемдік-шығармашылық іс-әрекет	Халықтық педагогиканың тағылымдарын іс жүзінде қолдану, шығармашылығын дамыту
Спорттық-сауықтыру іс-әрекеті	Спорттың ұлттық түрлеріне, ұлттық ойындарға негізделген дене тәрбиесі
Қарым-қатынас	Қоғамда қарым-қатынас жасаудың ұлттық әдептілік ережелерін игеру, ана тілін жетік білу
Бағалау іс-әрекеті	Халықтық педагогика тағылымдарына құндылық ретінде қарауға, құрмет көрсетуге үйрету, оның тұлғалық және әлеуметтік мәнін түсіну
Ойын	Ойын түрінде халықтық тәжірибені жаңғырту және меңгеру

Ұлттық тәрбие беру бойынша негізгі міндеттерді мынадай идеяларды іске асыру көзделді: білім берудің ұлттық идеясы; адамзаттың ең жоғарғы құндылығы ретінде этностың өз өмірін сақтап қалу идеясы; тәрбиенің ізгілендірілуі; тәрбиенің тұлғалық бағыттылығы; тәрбиелік әрекеттердің бірлігі; тәрбиедегі еркіндік және ұжымдық бағыттылық идеясы.

Бастауыш сынып оқушыларына сыныптан тыс жұмыстар барысында халықтық педагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беруді іске асырудың механизмдерін айқындау бізге сыныптан тыс уақытта тәрбиелік істерді ұйымдастыру барысында бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие берудің мақсат-міндеттерін, мазмұнын айқындап, формалары мен әдіс-тәсілдерін дұрыс тандап алуға мүмкіндік береді, мұның өзі халықтық педагогика құралдарын тиімді пайдаланудың кепілі болып табылады. Сонымен бірге сыныптан тыс жұмыстар әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете отырып, ұлттық тәрбие

беруде мынадай мүмкіндіктерге жол ашады:

– сыныптан тыс уақытта жүргізілетін жұмыс сабақта алған оқушылардың білімін одан әрі жетілдіріп, ұлттық тәрбиенің мазмұнын толықтырады;

– сыныптан тыс уақытта әртүрлі іс-әрекет түрімен айналысу баланың ұлттық дүниетанымын кеңейтіп, жетілдіреді, оның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті ұлттық мінез-құлық дағдысын қалыптастырады;

– сыныптан тыс әртүрлі жұмыстардың формалары оқушылардың өзіндік дара қабілетін ашуға ықпал етпейді, сонымен бірге этностық ортада өмір сүруге үйретеді.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу-тәрбие процесінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда елімізде ақпараттық технологияларды барлық деңгейде оқу-тәрбие процесін интенсификациялау құралы ретінде пайдалану саласы бойынша

шешімін табуды тез арада күтіп отырған мәселелер баршылық. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру барысында ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңыздылығы мен қажеттілігі уақыт сұранысынан туындайды. Себебі, ақпараттық технологиялардың ғылыми-техникалық прогресс дамуында атқаратын қызметі мен алатын орны ерекше болып отыр. Олар адам өміріндегі барлық іс-әрекеттерде, соның ішінде білім беру аймағында кеңінен қолданылуда.

Ақпараттық технологияның қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму факторы ретіндегі стратегиялық рөлі мойындалған және еш күмән келтірмейді. Ол ұлттық ғылыми-техникалық саясат саласында да, сонымен қатар мәдениет мәселесінде де оларға басым жағдай жасау қажеттігін ескертетін ақпараттық технологияның негізгі ерекше қасиеттерімен анықталады. Компьютерлік оқыту бағдарламалары интерактивті тәртіппен компьютер арқылы қандай да болмасын пәнді оқып-үйренуді көздейтін бағдарламалар болып табылады. Бұл бағдарламаларда теориялық материал мен блоктар болады, олар оқушылардың берілген білім көлемін меңгеруінің сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Автоматтандырылған оқыту бағдарламасы оқушыларды оқып-үйренілетін материалмен таныстыру, әртүрлі оқу жағдаяттарында қолдануға қажетті білік пен дағдыны қалыптастыру қызметін атқарады. Осы қызметтің нәтижелі жүзеге асуы үшін бағдарламаның негізін мыналар құруы қажет:

- негізгі ұғымдар мен анықтамалар, мақсаты, оқушыларға өздік жұмыстарын жүргізуге қажетті теорияның негізгі мәселелері;
- зерттеу нысаны, практикалық

жұмыстарды орындау барысында іске асырылатын мақсат туралы білім;

- жұмысты орындау кезеңдері;
- жұмысты орындауға мысалдар келтіру;
- тексеру тапсырмалар;
- сілтемелер.

Автоматтандырылған оқыту бағдарламасы ЭЕМ машиналары негізінде оқу-әдістемелік, ақпараттық, математикалық және техникалық жабдықталудың өзара байланысына құрылады. Оқу-әдістемелік тұрғыдан оқытуды жекелеңдіру қамтамасыз етіліп, оқу материалын ұсыну, оны меңгерту және бақылау көзделеді. Ақпараттық тұрғыдан оқу материалының бірнеше бөліктерге бөлінуі, міндеттері және т.с.с. қамтамасыз етіледі. Математикалық тұрғыдан бағдарламалық модуль жабдықталады, ол оқыту бағдарламасының жұмыс істеуінің негізі болып табылады. Техникалық тұрғыдан оқыту бағдарламасын қолдану мүмкіндіктері мен оны жетілдіру қамтамасыз етіледі.

Осыған сәйкес біз «Халықтық таным әліппесі» автоматтандырылған оқыту бағдарламасын жасадық. Бағдарламада бастауыш сынып оқушыларының сауатын ашып, тілің дамытуға және ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған материалдар беріледі. Бағдарламада беріліп отырған әрбір материал ең алдымен, оқушыларды ана тілің құрметтеуге үйретеді.

«Атақты тұлғалар» бөлімінде қазақ халқын әлемге мойындатқан ұлтымыздың ұлы адамдары туралы мәлімет беріледі.

«Жаңылтпаштар», «Мақал-мәтелдер», «Жұмбақтар», «Нақыл сөздер» бөлімі халық шығармашылығынан беріліп, оқушылардың тілін ширату, ой-өрісін кеңейту және адамгершілік ізгі қасиеттерді дамыту мақсатын көздейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбенбаев С.Ш. Сынып жетекшісі. – Алматы: Дарын, 2004. – 204 б.
2. Газман О.С. Концептуальные основы содержания деятельности классного руководителя (классного воспитателя) // Вестник образования: Справ.-информ. изд. Министерства образования РСФСР. 1991. № 8. С. 240.
3. Щуркова Н.Е. Воспитание: новый взгляд с позиции культуры. – М.: ОЦ «Педагогический поиск», 1998. – 78 с.
4. Құрсабаев М. «Атамекен» ұлттық ғылыми-тәлімдік, рухани-танымдық бағдарламасын оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың этнопедагогикалық-этнопсихологиялық мәселелері. – Алматы, 1993. - 110 б.

**БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ ҮРДСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДА
ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ**

Әужанова Н.Б.

І.Жасүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ. nasqul@mail.ru

Резюме

В статье раскрыты возможности использования элементов этнопедагогики при проведении дидактических игр.

Summary

In the article possibilities of the use of elements of ethnopedagogics are exposed during realization of didactic games.

Баланың психикалық даму үрдісінде ойын әрекетінің тағлымдық және тәрбиелік маңызы осы заманғы тәлім-тәрбие психологиясында өзекті мәселе болып саналады. Ойын әрекетінде баланың денесімен ақыл-ойы дамып, өзін қоршаған ортаның заттарымен құбылыстарын танып біледі.

Жоғары сатыда дамып жетілген сана-сезім мен ақыл-ой иесі – адам баласының ойын әрекеті бір жағынан, тіршілік етудің негізгі формасы болып саналатын болса, екінші жағынан, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын өмір тәжірибиесінің нәтижесі болып саналады. Міне, осы тұрғыдан алғанда адам баласының ойын әрекеті, негізінен балдырған кезінде кеңінен дамып, баланың өсіп жетілуіндегі басты және жетекші факторға айналады.

Ойынды психологиялық дамудың әр жағдайында коррекциялық бағытта қолдану мәселесінің теориялық және әдістемелік негіздері: А.Фрейд, К.Роджерс, Д.Леви, Д.Торф және т.б. еңбектерінде ғылыми позицияларға байланысты әрқилы сипатталады.

Ойын әрекетінің бала психологиясының дамуына шешуші қызмет атқаратындығы жайында Ж. Аймауытов, Т. Тәжібаев, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, Ш. Кұдайбердіұлы т.б. қоғам қайраткерлерінен бізге мұра болып


қалған еңбектерінде айрықша атап өтілген.

«Ойын арқылы бала дүниені таниды» дейді Т. Тәжібаев. Шынында да, бала үшін ойын өмір сүрудің белсенді формасы сол арқылы ересектерге еліктейді, олардың іс-әрекетін, қарым-қатынастарын үйренеді, еңбектің мәнін түсініп адамгершілік нормаларын игереді, әлеуметтік рөлдер атқарады.

Ойын арқылы бала өздігінен жұмыс істеуді үйренеді, ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры байиды. Ойынның негізгі мақсаты баланы қызықтыра отырып, лексико-фонетикалық материалды берік меңгеру. Сондай-ақ ойын үстінде балалардың тілін дамытып, ойын жүйесін айта беруге үйрету мұғалімнің басты парызы. Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері дамып, қабілеті мен белсенділігі артатынын көрнекті педагог А.С.Макаренко кезінде атап көрсеткен.

Оқушыларды дидактикалық ойындар арқылы әлемдік ізгілік пен әдептілік негіздерімен тәрбиелеуге болады. Бұл үшін әлемдік тәрбиенің озық үлгілерін, өмір тәжірибесінен өткен тәрбие көздерін биологияны оқыту барысында тиімді қолдану қажет.

Мына сызба-нұсқада этнопедагогикамен биология пәнінің арасындағы байланыстар көрсетілген.



1. Идеялық-саяси, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру;

2. Дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастыру;

3. Балаларды, жасөспірімдер мен үлкендердің үлгілі, ерлік істерімен, еңбектерімен таныстыру арқылы қоғам игілігіне адал ниетпен еңбек етуге, адамгершілікке, бір-бірін сыйлаушылыққа, адалдық пен шыншылдыққа, кішіпейіл болуға тәрбиелеу;

4. Отанымыздың мейлінше бай, көркем де сұлу табиғаты жайлы материалдармен

танысу арқылы табиғатта кездесетін өзгерістер мен құбылыстарды байқап біліп, теңдесі жоқ сұлулық, пен көркемдікті бағалай білуге, елін, жерін қадір тұтып, сүюге тәрбиелеу;

5. Балалардың алған білімдері мен оқу дағдыларын, шеберліктерін жетілдіру, тілін онан әрі дамыта түсу;

6. Халықтардың бостандық, бейбітшілік үшін жүргізген қаһармандық күрестерімен таныстыра отырып, отанды сүю,

бейбітшілік пен халықтар достығы рухында қалыптастыру;

7. Саналы тәртіпке, дұрыс мінез-құлық нормаларына үйрету;

8. Еңбекке қызығу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Демек, биологияны оқыту үрдісінде дидактикалық ойындарды оқушыларды жан-жақты тәрбиелеуге негіздеу қажет. Осыған орай биологияны дидактикалық ойындар арқылы меңгерту жұмыстарының мынадай мақсаттары болуы керек: оқушыларды ұлттық болмысқа тәрбиелеу.

Бұл төмендегі жұмыстар бойынша жүргізіледі:

– дидактикалық ойындарды ұлттық тәлім-тәрбие көздерімен ұштастыруда биологиялық жұмбақтарды, халықтың даналық, өсиет сөздерін оқыту барысында ойындар арқылы кеңінен қолдану;

– көркем шығармаларды дидактикалық ойын түрінде беру арқылы оқушылардың ұлттық мәдениет пен әдебиетке дұрыс көзқарасын қалыптастыру;

– дидактикалық ойындар арқылы оқушыларға шешендік сөздерді үйретіп, олардың тіл мәдениетін жетілдіру керек.

Мектепте қолданылатын ойындарды негізінен үш топқа бөлуге болады: ұлттық ойындар, дидактикалық ойындар (жеке пәндердің мазмұнына сәйкес пайдаланады) және қимыл-қозғалыс спорттық ойындар (дене шынықтыру сабақтарында кеңінен қолданады).

Дене шынықтыру ойындарында: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру сияқты дене тәрбиесі элементтері жүзеге асады. Бұл балаларды тез қозғалғыштыққа, ептілікке және төзімділікке баулып, жігерлендіреді. Қимыл-қозғалыстан күн сайын дамып, өсіп келе жатқан бала ағзасының қан айналымын жақсартады.

Ойын баланың қажетті әрекетінің бірі, сондықтан ойынды кіші жастағы балалардың табиғаты керек етеді. Балалардың еңбегі, оқуы ойыннан басталады. Ойын балалардың оқу әрекетін жандандырып, оқуға деген ынтасын арттыратын маңызды құрал. Бала

өміріндегі ойынның маңызы туралы В.А. Сухоминский былай деп жазады. «Ойын дегеніміз орасан зор жарық терезе, осы терезе арқылы баланың рухани дүниесіне қоршаған дүние туралы түсініктердің, ұғымдардың әлеуметтік тасқыны келіп құйылады. Ойын дегеніміз бұл ынталық пен құмарлықтың отын жағатын ұшқын». «Дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар» берілген білімді нақтылау білім, білік дағдыларын қайталау және бекіту.

«Орман тастау», «Ақ терек пен көк терек», «Жаяу жарыс», «Әуе таяқ, он таяқ», «Қап киіп жарысу», т.б. ұлттық ойындарды еркіндікке, өжеттілікке, әділдік пен адамгершіліктің жоғары ұстамдарына негізділінген. Бұл ойындар атадан балаға, үлкенінен кішіге мұра болып жалғасып отырған халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени өмір тіршілігінің жиынтық көрінісі.

Биологиялық кештерде ойналатын ойын түрлері:

1. «Жапалақ» ойыны.

Алаң шетінде бір бала жапалақ болып тұрады. Қалған балалар көбелек, құс, шегіртке кейіпін келтіреді. Мұғалім «күн батты» деген белгі бергенде барлығы тынышталады. Жапалақ аңдып жүреді. Кім қозғалса, жапалақ соны ұстап алады. «Күн шықты» дегенде барлығы тіріліп, әртүрлі жәндіктерге тән қимылын жасайды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын ән әуенімен ойналады. Ән күшейсе, күн бәсеңдесе, түн болады.

2. «Допты домалату» ойыны.

Балалар шеңбер жасап тұрады да, допты бір-біріне береді. Шеңбер ішіндегі бала допты ұстауға тырысады. Доп кімде болғанда ұсталса, сол доп иесі ортаға шығады. Ойын жалғаса береді.

3. «Белгіні тыңда» ойыны.

Ойын алдын-ала, сыртта немесе бөлмеде ойналады. Балалар екі топқа бөлінеді. Мұғалім бұйрығымен «тоқта», «тізелеп отыр», «жүгір» жаттығуын жасайды. Бұйрықты тыңдамаған бала ойыннан

шығады немесе айып төлейді (ән айту, би билеу, жұмбақ т.б.). Қай топта көп бала қалса, сол топ жеңіледі.

4. «Шеңбер» ойыны.

Шеңбер ішіне әртүрлі заттар қойылады. Ойнаушылар кеглимен (доппен) сол заттарды ұрып шығарса, сол жеңіпаз атанады (4 зат тұрғызылып 4 зат жатқызылып қойылады).

5. «Қағаз таяқпен қатысу» ойыны.

Газеттен он таяқ жасалады. 5 жұп бала таяқпен бір-бірімен сайысады. Кімнің қағаз таяғы бірінші майысса, сол бала ойыннан шығады. Ойынды осылай бірнеше рет қайталауға болады. Салауатты өмір салтын насихаттауда дене шынықтыру ойындары балаларды қазақтың спорт өнерін меңгеруге, ой-өрісін кеңейтуге, бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болып, тапқырлыққа, шеберлікке үйретеді.

«Брейн-Ринг» өткізу әдістемесі

Оқушылардың дүние танымын кеңейтіп, танымдық қабілетін өрістетуге «Брейн-ринг» зерделік-танымдық ойынын қолдану тиімді әрі қызықты болмақ. Бұл ойын мынандай мақсатты көздейді.

1. Жалпы білім беретін орта мектепте оқылатын пәндердің жекеленген тақырыптары мен мәселелері бойынша балалардың танымдық қызығуын ояту, ғылыми-мәдени білімін арттыру.

2. Оқушыларды бағдарламалық материалдарды тереңірек меңгеруге, қосымша ақпарат көздерін пайдалануға тарту. Ойынға көбірек қатыстыру.

Қажетті құрал-жабдықтар: жүргізуші мінбері, 2 ойын үстелі, 12 орындық, 2 жалаушы не электірлік дыбыс сигналы, 3 микрофон, ассистент бақылаушылар үстелі.

Қатысушылар. Ойынға кем дегенде 4 топ (6 ойыншыдан) қатысады. Олардың аталуы және өз капитандары болуы тиіс. Жүргізуші сұрақ береді, жауап беруге рұқсат етеді, ұпай беруге, немесе дауды реттеуге шешім қабылдайды, ойын барысында ассистент-бақылаушылармен кеңеседі. Ассистент-бақылаушылар уақытты есептейді, топтардың жинаған ұпай санын қадағалайды.

Ойын ережесі. Ойын екі бөлімнен тұрады: бастапқы кезең және финал. Кезеңде мезгілде екі топ қана қатысады да, 3 ұпай жинағаны (финалдық кезеңде – 5) жеңімпаз болады. Ойын алдында жеребе тасталып, ойын әдістеріне («Айналмалы», «Олимпиадалық» т.б.) қарай топтардың қайсысы қайсысымен сайысатынын анықтайды.

Топтарға сұрақ беріледі, оны талдауға бір минут бөлінеді. Топ жауапқа дайын болса, капитан жалаушаны көтеріп, белгі береді. Жалаушаны жүргізушінің «уақыт бітті» деген сөзінен бұрын көтеріп қойған топ «фальстарт» алып, жауап беру құқынан айырылады. Бұл жағдайда ойлануға қарастырылған 10 секунд уақыты бар, біріншінің берген жауабы қате болғанда да солай.

Жүргізуші сұрағына екі топ та қате жауап берсе, келесінің «құны» бір ұпайға артады. Екі топ үш сұраққа бірдей қате жауап берсе, кезең тоқтатылады. Олардың орнына басқа топтар келіп, жаңа кезең басталады.

Финалдық кезеңде әрбір сұрақтың құны бір ұпайға ғана тең. Мұнда жүргізуші дұрыс жауаптарды міндетті түрде естіртеді.

Ойын барысында қатысушылардың көрермендермен байланысуына тайым салынады, көмек беріліп қойған жағдайда, көмектесуші залдан қуылады.

Барлық даулы жағдайда жүргізуші шешеді.

Ойнау әдістері.

1. «Айналмалы». Мұнда барлық топтар өзара кезектесіп ойнап шығарылады. Мысалы 1-2, 3-4, 1-3, 2-4, 1-4, 2-3.

2. «Олимпиадалық». Топтар жұптарға бөлінеді де, одан жеңгендері тағы да жұп құрайды. Топтардың саны тақ болса, жеребе бойынша олардың біреуі келесі айналымға ауысады. Ұтылған топ ойынан шығады. Ең сонында үздік екі жұп (анықталады). Финалға шығуы тиіс.

3. «Жеңімпазды табу». Топтардың арасынан жеребе бойынша бірінші жұп анықталады. Кезең біткенде ұтылған топтың орнын келесі кезектегі топ басады. Бастапқы

кезендерді өткізуге уақыт белгілеу керек, ең көп жеңіске жеткен, немесе көп ұпай әдетте, оған 45-60 минут қажет. Содан соң жинаған топтар өзара финалдық сайысқа түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тілеужанов М.М. Қазақ халықтық педагогикасының кейбір мәселелері. Орал, 1992.
2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001.
3. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан. 1993.
4. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: Білім, 2004.
5. Әбілова З. Ә. Этнопедагогика. – Алматы, 1999.

СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Әуезбекова Ж.А.

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
«Экономика және есеп туризм» кафедрасының оқытушысы*

Резюме

В данной статье рассматривается роль культуры в межличностном отношении студентов.

Summary

This article examines the role of culture in interpersonal relations students.

Қазақта бүгінгі таңдағы жеткіншектер тәрбиесінің негізіне алу – халық педагогикасының мүддесі, әрі талабы. Жеткіншектердің әлеуметтік ортадағы сан салалы қарым-қатынасы мен іс-әрекетін ұйымдастыру барысында халықтық тәжірибе мен ізгі қасиеттерді оның бойына дарыту қашаннан игі мақсат болып келеді. Тәрбие – адамның сөйлеу мәнері мен мәнін, жүріс-тұрысын, ой өрісін қамтиды, адамға оң мен солды, жақсы мен жаманды танытады.

Ұрпақ тәрбиесі – адамзат баласының ежелден келе жатқан ортақ мүддесінің бірі. Еліміз тәуелсіздігін алғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпыадамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге

көтеруге ықпал етуде. Білім мен тәрбие – қоғамның дамуы мен болашақтағы жағдайын анықтаушы болып табылады. Кез келген елдің экономикалық және саяси тәуелсіздік жағдайы халықтың жалпы білімі, тәрбиесі және кәсіптік деңгейіне байланысты. Халықтық педагогика тұрғысынан мәдени құндылықтар мен салт-дәстүрлер, рухани-өнегелік сапаларды жас ұрпақтың бойына сіңіру, патриотизмге тәрбиелеу, ұлттық арнамыс, абыройды сезіндіру, мәдени қарым-қатынас білімсіз дами қоймайды. Сондықтан да қандай қоғам болмасын саяси жүйесінің тұрақты болуы үшін білім мен тәрбие жүйесін мемлекеттік талаптарға сәйкестендіре отырып берілуге тиіс. Ендеше, мемлекетіміздің өз бағытын айқындаудың стратегиялық мақсат-міндеттерінің

қатарына жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесін, тәжірибесін алға шығаруы – заңды құбылыс. Ел Президентінің 2004 жылғы халыққа жолдауында: «Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады...» – деп атап көрсетті [1].

Жоғарғы оқу орындарының тірегі – студенттер. Халықтық педагогика идеялары негізінде студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі ұлттық мәдениетімізді дамытуға, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларымыздың мәнін түсіну, тарихты зерделей отырып, жан-жақты дамыған, рухани мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеуде маңызы зор.

Қарым-қатынас – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс; екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады.

Қарым-қатынас барысында адамдардың танымдық хабарлармен, ақпаратпен, тәжірибемен, біліммен, дағдылармен алмасуы және өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы жүзеге асады. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты негізгі қызметі:

- 1) ақпараттық-коммуникативтік;
- 2) реттеуші-коммуникативтік;
- 3) аффективті-коммуникативтік [2, 156].

Осы аталған қызметтерді тарқата айтамын болсақ, ақпараттық-коммуникативтік қызмет ақпарат алмасу және адамдардың бірін-бірі тануымен байланысты болады, ал реттеуші-коммуникативтік қызмет адамдардың іс-әрекетін реттеу және біріккен әрекетті ұйымдастыруда болып табылады, аффективті-коммуникативтік қызмет адамның эмоционалдық аясымен байланысты болады.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы

зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, оған өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Адамдар басқаларға өз ойлары мен көзқарастарын түсіндіре отырып, түсініспеушілік, ұрыс-керіс пен дау-жанжал секілді жағымсыз құбылыстарды болдырмауға әрекет жасайды. Адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға мынадай ережелердің орындалуы көмектеседі: барлық адамдармен тең дәрежеде, дөрекілік пен жағымпаздықсыз қарым-қатынас жасау; сұхбаттасушының жеке пікірін сыйлау; бұйрық емес, өтініш деңгейінде қарым-қатынас жасау; басқа адамның пікірін сыйлау және тәжірибесін қабылдай білу. Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіреді. Адамға сыйластықпен қарау жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі өлшемі болып табылады.

Жалпы қарым-қатынас 3 аспектіден тұрады: қарым-қатынас мазмұны, мақсаты және құрамы. Мазмұнына қарай қарым-қатынас түрлері:

- Материалдық;
- Когнитивтік;
- Кондициялық;
- Мотивациялық;
- Іс-әрекеттік [3].

Енді осы қарым-қатынас түрлерін аша айтатын болсақ, материалдық қарым-қатынас адамның өзара алмасатын заттары мен іс-әрекет құралдары, когнитивтік қарым-қатынас адамның бір-бірімен байланысы барысында алмасатын мәліметтер: білім, ептілік т.б., кондициялық қарым-қатынас адамдардың психикалық және физиологиялық күйлерінің алмасуы, мотивациялық қарым-қатынас адамдардың ізденушіліктерінің, мақсаттары мен қызығушылықтарының, мотивтерінің айырбасы. Ал іс-әрекеттік қарым-қатынас адамдардың өзара іс-әрекеттері, іскерліктері, еңбек дағдылары арасындағы байланыс. Қарым-қатынасқа түсудің аспектінің бірі – қарым-қатынас мақсаты. Атап айтқанда: объективті түрде жан-жақты

білім алу немесе білім беру, оқу және тәрбие алу, жеке және іскерлік қатынас орнату т.б. Мақсатына қарай, олардың қажеттіліктеріне сәйкес *биологиялық* және *әлеуметтік* болып бөлінеді.

Қазіргі кезде әр саладағы көрнекті ғалымдар ұлттық негіздегі қарым-қатынас мәселесінің мән-маңызына, жалпы адамзат қоғамындағы рөліне айрықша ден қоюда. Әсіресе, болашақ мұғалімдердің ұлттық педагогика идеялары негізінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі арнайы зерттеуді талап ететіндігі дәлелденіп отыр.

Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қ.А.Яссауи сынды ойшылдардың адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселесіне, мәдениеттілік, оның қалыптасуындағы тәрбиелік істердің маңызына ерекше назар аударған. Мәселен, Әл-Фарабидің адамгершілік-этикалық тұжырымдамасының негізі – адам өзі қабылдаған білімі мен білігі, қарым-қатынас мәдениеті негізінде бақытқа жету, қоршаған дүниеде жан-жақты жетілуі. Ол “Бақытқа жету жайында” деген трактатында: “Мінезділік – бақытты болудың басты шарты. Кейбір адамдар қолдағы бақытынан оп-оңай айырылып қалады, тіпті бақытсыздыққа ұшырайды. Оны мұндай күйге түсіретін оның нашар мінезі” – дейді. Яғни мұнда мінез-құлық мәдениетінің маңыздылығын баса көрсетеді деп түсінуге болады. Сонымен қатар, Әл – Фараби: “адамды өз мінезіндегі теріс қылықтарды жеңуге үйрету және оң әдеттерді қалыптастыруға қабілетті ету, ол үшін адамға жас кезінен этикалық тәрбие беру арқылы жетуге болады”, – деп қарым-қатынас мәдениетін ерте кезден-ақ бастау қажеттігін айтып кеткен.

Атап айтсақ, аталған проблемаға ғалымдар әр қырынан мән беріп, түрлі зерттеулер жүргізді. Мәселен, философиялық тұрғыдан қарым-қатынастың философиялық негізін қалағандар М.Х.Балтабаев, Д.Кішібеков т.б. қарастырған. Психологиялық тұрғыдан қарым-қатынастың психологиялық мүмкіндіктерін қарастырғандардың қатар

ына Қ.Б.Жарықбаев, Ә.Алдамұратов, С.Бабаев жатады. Сондай-ақ, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Ж.Наурызбай сынды зерттеушілер қарым-қатынастың этномәдени аспектілерін қарастырған.

Шетелдік зерттеулерге сүйенсек жас буынның қарым-қатынас проблемасының әртүрлі аспектілерін Л.С. Выготский, Б.Г. Ананьев, Е.И. Головаха, А.Б.Добрович, А.А. Бодалев, И.С. Кон, Л.А. Петровская, В.В.Столин, Н.И. Шеврандин, Л.Д. Стрляренко т.б. ғалымдар зерттеген. Ал қарым-қатынастың бұзылу себептерін анықтап, оны түзету жолдарын ұсынғандар Э.Берн, Дж.Морено, Д.Карнегин. Олар әлеуметтік ортаға адамның икемделуіне негіз болатын себептер және факторларды анықтап, қарым-қатынас функциялары мен түрлерін жіктеп, бір жүйеге келтірген. Сонымен қатар, осы мәселеге қатысты «Трансактілік талдау», «Социометриялық талдау», «Ұйымдастырушылық және коммуникациялық қабілетті анықтау», «Басқа адамдарға әсерлілікті бағалау» т.с.с. көптеген әдістемелер жасалған. Психодиагностикалық әдістемелердің қалыптасуына байланысты қазіргі кезде жеке тұлғаның психофизиологиялық ерекшеліктерін, оның қарым-қатынасының қалыптасуын толық және жан-жақты талдап шығуға мүмкіндік туды.

Білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттық дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы – қарым-қатынас. Ұлттық құндылықтарға негізделген қарым-қатынас мәдениеті студенттердің саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда халықтық педагогика идеяларын жүйеге келтіріп, тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін негіздеп, бүгінгі жоғары мектептің тұтас педагогикалық процесіне енгізіп, қоғам мен ғылым интеграциясы

негізінде болашақ мамандарды халықтық педагогика идеялары арқылы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мүмкіндіктеріне мән берілсе, онда адамзаттық құндылықтарды бағалай білетін, ұлттық сана-сезімі жоғары, иманжүзді, адамгершілік мінез-құлық қасиеттерін бойына жинаған жеке тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік туындайды. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалансақ интеллектісі жоғары тұлға қалыптасары анық.

Көптеген ЖОО-да студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесінің теориялық негізі саралануда. Сондықтан бұл ұғымдардың ғылыми-педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан талқылануы маңызды құбылыс.

Осы ретте, сөзге тиек болар ұғым – мәдениет. Халықтың туған топырағында жинақталған өмірлік тәжірибесінің, тәлімі мен тәрбиесінің, өмір сүру бейнесінің жиынтығы – мәдениет. Ендігі кезекте мәдениет ұғымы жөніндегі ғұлама ойшылдарымыздың қарастырған көзқарастарынан сыр шертейік.

Мәдениеттің негізін қарастырған Абай көзқарасының маңызы зор. Ол қазақ халқының ойлау жүйесін алғаш рет әлемдегі даму мен өзгеруге, диалектикаға қатысты зерделеді. “Егер адам мәдениетін дүниежүзілік мұхитқа құятын ағысқа теңесек, онда дәстүрлер сабақтастығын қуат күшіне бірлестіруге болады”. Адам мәдениетінің қайнар бұлағын іздеу Абай шығармаларының өн-бойынан таралады.

Ендігі ретте, қарым-қатынас турасында айтар болсақ, “Қарым-қатынас” ұғымының көп анықтамаларының арасында біз “коммуникативтік іс-әрекет” ұғымымен синоним деп қарастыратын А.Н.Леонтьев, М.И.Лисинаның анықтамасы ерекше. Сонымен *қарым-қатынас* деп – екі немесе одан да көп адамның қатынастарын жасап, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, келісім мен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттерін айтамыз. Олай болса, біз зерттеуілерімізде қарым-қатынастың

мазмұнды жағына, іс-әрекет жүйесіндегі қарым-қатынастың орнына студенттің қарым-қатынасқа қажетті дағды, икемділік, білім, ұлттық рухани мотивтеріне баса аударып, оларды студенттің бойына сіңдіріп, қалыптастыруға аса назар аудардық. Тәрбиелі, интеллектісі жоғары жастардың қолындағы еліміздің болашағы өркендеп, дамыған елдің қатарынан көрінері хақ.

А.Н.Леонтьев іс-әрекеттің қай түрі болмасын қарым-қатынаспен кабаттас болады деп түсіндіреді. Ол іс-әрекетті қарым-қатынастың қажетті шарты ретінде қарастырады [4, 56]. Ал М.И.Лисинаның қарым-қатынас құралдарының үш тобын экспрессивті мимикалық, заттық-әрекеттік және тілдік құралдарына бөліп қарастыруы біздің зерттеуіміз үшін де маңызды [5,89].

Д.В.Мудрик тұжырымдамасы бойынша: “Адамдар арасындағы қиын қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде, адамдардың өзара түсініспеушілік формасында шынайы жағдайларда байқалады. Қиын қатынастың көрсеткіштері қарым-қатынас жасаудағы ұзақ үзіліс, бір сөзбен жауап беру, дауыс екпінін жоғарылату, адамды дұрыс тыңдамау, әңгімені үзіп тастау, байланысқа түсе алмау, дөрекілік, кемсіту, ұялшақтық, келіспеушілік, өтірік айту, бірбеткейлік”, – деп көрсетеді [6,156].

Халық педагогикасының мақсаты бірнеше ғасырға созылған халық тәрбиесіне сүйене отырып, болашақ ұрпақты еңбекке, өмірге дайындау, өнер білімге баулу, елдің қамын ойлау, мәдени қарым-қатынас сияқты ең жоғары адамгершілік, имандылық қасиеттерге тәрбиелеу. Олай болса, өскелең ұрпақты терең педагогикалық, психологиялық ойлармен, теориялармен, халқымыздың бай тәжірибесімен таныстырудың рөлі халықтық педагогика тұрғысынан өте зор.

Адам баласын ізгілікке, әдемі сөйлеу, мәдениетті қарым-қатынасқа тәрбиелеу ісі-халықтық педагогиканың негізгі ұстанымы. Сондықтан этнопедагогикалық ұстамдарды оқу-тәрбие үрдісіне арқау етуді бүгінгі

күннің өзекті мәселесі деп қарауымыз керек. Халқымыздың этнопедагогикалық үрдісіне оқу-тәрбие жүйесінде қолданудың жолдарын ғылыми түрде қарастыру қажеттігі туып отыр. Ол ұстанымдар жаңадан шыққалы жатқан оқулықтардан өзекті орын алуы керек.

Сөзімізді қорытындыласақ, халықтық педагогика идеялары негізіндегі студенттердің қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз – болашақ мұғалімдердің қазақ халқының рухани құндылықтарын түсінуі арқылы оларды қарым-қатынаста қолдана алуымен анықталатын, кәсіби мәнді,

тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуын құрайтын адамгершілік, саналық әрекеттері. Егер оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас мазмұнды, достық, ынтымақтастықта, бұған тән өзара сыйластық, сенім, көмек нормаларына сәйкес құрылса, онда қарым-қатынаста қиыншылықтар болмайды. Осы тұрғыдан алғанда халықтың педагогика идеялары қарым-қатынас мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді. Мысалы, “Үлкенге-ізет, кішіге-қамқор”, “Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда”.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 <http://akorda.kz/>
- 2 Бес жүз бес сөз.—Алматы: Рауан, 1994.
- 3 *Есенғұлова М.Н.* Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінде ұлттық ерекшеліктерді қалыптастырудың жолдары // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика, тәжірибесі, мәселелері мен болашағы. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. - Атырау, 2005. – Б. 113-115.
- 4 *Леонтьев А.Н.* Проблемы развития психики. –М., 1965-564с.
- 5 *Лисина М.И.* Проблемы онтогенеза общения. –М., Педагогика. 1986.
- 6 *Мудрик А.В.* Социализация человека. Москва: Издательский центр «Академия». – 2006.
- 7 *Бодалев А.А., Ковалев А.Г.* Теоретические и прикладные проблемы психологии общения в трудах. В.Н.Мясищева \ Психологические исследования общения. –М., 1985.
- 8 *Андреева Т.В., Толстова А.В.* Темперамент супругов и совместимость в браке. // Ананьевские чтения. – 2001: Тезисы научно-практической конференции. –СПб., 2001
- 9 *Бодалев А.А.* Психология общения. –М.; Воронеж, 1996.



Жалпы екі заттан - діни фанатизм мен діни көрсоқырлықтан бірдей сақтанған жөн

Нұрсұлтан Назарбаев

ИЗУЧЕНИЕ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Алиярова Л.М., Халенова А.

Старшие преподаватели КазНУ им. Аль-Фараби

Махажсанова Л.М.

гл. спец. НцНТИ

Резюме

Оқыту процесінде фразеологиялық сөз тіркестерін қолдану мәселелері мақалада қарастырылады.

Summary

This article is about the problems of studying of idioms in the process of teaching.

Фразеология, представляющая собой идиоматическое достояние языка, является живым источником пополнения речи выразительными средствами. Фразеологизмы, обладая лексическими свойствами слова, предоставляет говорящим богатые возможности для параллельных, синонимических способов выражения мысли.

Фразеологические обороты придают языку яркость черт национального характера и тот неповторимый колорит, который отличает один язык от другого. Они обогащают речь не только и не столько количественно, сколько качественно за счет своей способности метко и образно выражать сущность довольно сложных явлений.

Изучение фразеологии и обогащение речи фразеологическими единицами является одним из действенных средств познания системы языка и повышения культуры. В преподавании иностранных языков фразеологические единицы являются уникальным по своему многообразию материалом. Использование фразеологизмов в учебном процессе является эффективным способом не только обогащения словарного запаса студентов, но и усвоения грамматического материала. Благодаря своей выразительной форме фразеологические

единицы передают содержание сообщения с высокой степенью эмоциональной окраски, создают условия для высказывания личного отношения к обсуждаемому факту или явлению. А это, в свою очередь, создает мотивационное обеспечение процесса общения на уроке иностранного языка. Как показывает практика, студенты реагируют с большей заинтересованностью на образцы идиоматической речи. Использование фразеологических единиц способствует, таким образом, реализации практической цели обучения иностранным языкам – овладению навыками живого общения.

Изучение фразеологических единиц в учебном процессе чрезвычайно важно в лингвострановедческом аспекте. Лингвострановедческая направленность обучения иностранным языкам получила в настоящее время международное признание. И это объяснимо, так как отражение быта, национальной истории и социальных отношений, выражение мировоззрения, осмысления истолкования действительности, коллективного опыта – все это заключено в фразеологическом фонде языков мира.

Фразеологизмы как языковой знак той или иной ситуации является источником получения фоновых знаний, связанных

историей, географией и укладом жизни народа-носителя языка. Так как идиомы напрямую связаны с мировоззрением определенного народа, они несомненно отражают и национальный характер данного народа, который, как известно, является частью национальной культуры.

Поскольку идиомы отражают характер, культуру нации, они могут служить хорошим материалом для формирования вербального компонента лингвострановедческой компетенции студентов о стране изучаемого языка. Это можно показать на примере работы с идиомами, которые условно предлагается классифицировать в соответствии с такими качествами, как нацеленность на успех, трудолюбие, уважение к профессионализму, отражающими черты характера американской нации.

Идиомы, приводимые ниже, иллюстрируют образы великой американской мечты, предполагающей успех в любой форме, в том числе успех как трамплин для еще большего успеха:

1. Make one's pile (to make one's fortune «нажить состояние»). The rich made his pile in the stock market.

2. The powers that be (constituted authority; those in power «сильные мира сего») I have done all I can; the rest is up to the power that be.

3. Upper crust (the richest, most famous or important people in a certain place; the highest class «высший слой общества»).

It is a school that only the children of the upper crust can afford.

4. Cream of the crop (the best of a group «лучший в группе»).

May Queen candidates were lovely, but Betsy and Nancy were the cream of the crop.

5. Big cheese (an important person «важная персона»).

Big gun or: Big run (a leader «лидер»).

Big shot or big shot (a high official « крупный чиновник»).

Big wheel Big wheel (a person of high rank «человек, имеющий высокое звание»).

Bill had been a big shot in high school. John

wanted to be the big cheese in his club.

Целый ряд идиоматических выражений можно отнести к разделу «трудолюбие», они демонстрируют готовность к предельно напряженному труду (к мобилизации, рывку) ради достижения успеха, цели, выполнения обязательств, открытия собственного дела, выполнения учебных заданий и планов:

1. Sweat blood (to work very hard «работать очень напряженно»).

Jim sweated blood to finish his composition on time.

2. Burn the candle at both ends (to work too hard without enough rest «работать очень напряженно, почти без отдыха»).

He worked hard every day as a lower and went to parties and danced every nights; he was burning the candle at both ends.

3. Hit the books (to study your school assignments; prepare for classes «готовиться к занятиям»).

Jack broke away from his friends, saying: «I've got to hit the books».

4. Burn the midnight oil (to study late at night «заниматься всю ночь напролет»).

Exam time was nearer, and more and more pupils were burning the midnight oil.

5. Pull up one's sock (to try to do better «прикладывать максимум усилий»).

I'll have to pull up my socks if I am going to finish my work today.

Методика работы с фразеологизмами может включать следующие компоненты:

Текст, содержащий идиоматические выражения. В качестве текстов могут быть использованы как аутентичные, так и специально составленные для этих целей образцы. До текстовые и после текстовые упражнения, направленные на формирование речевых, лексических навыков по использованию данных идиом:

До текстовые задания.

Например:

What do you understand by success? What does it mean to you? (Что вы понимаете под успехом? Что они для вас означает?).

После текстовые задания.

Например:

– Answer the following questions (Ответьте на вопросы по тексту);

– Agree or disagree (Выразите свое согласие или несогласие);

– Fill in gap with an appropriate idiom (Заполните пропуски подходящими идиомами);

– Choose the sentence (either a, b or c) that best fits the following (Выберите предложение (варианты a, b or c), которое лучше всего подходит к следующему утверждению);

– Make up a story to illustrate each sentence below (придумайте истории, чтобы проиллюстрировать каждое предложение, приводимое ниже).

В заключение отметим, что как показывает опыт работы в вузе, фразеологизмы представляют собой ценнейший материал для формирования вербального компонента лингвокультурологической компетенции студентов. Изучение фразеологических единиц в процессе обучения иностранному языку – это не только эффективный способ обогащения словарного запаса студентов, но и один из путей знакомств с национальной культурой, национальным характером и мировоззрением народно - носителя изучаемого иностранного языка.

ЛИТЕРАТУРЫ:

1. **Кунин А.В.** Англо – русский фразеологический словарь. – М., 2000.
2. **Кунин А.В.** Фразеология современного английского языка. – М., 1972.
3. Обучение иностранным языкам в школе и вузе. – СПб., 2009.
4. **Уоррел А.Дж.** Английские идиоматические выражения для иностранных студентов. – М., 1993.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ӨЗЕКТІЛІГІ

Бекбосынова С.К. –

*№17 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
Талдықорған қаласы*

Резюме

В данной статье рассматриваются актуальность народного воспитания в начальной школе.

Summary

This article discusses the importance of public education in primary school.

Тәрбие – қандай да болмасын көрінісі мен бағытталуында білім, іскерлік, дағдыны және берілген тұлғалық қасиеттерді қалыптастыратын стихиялық емес, жоспарланған түрдегі мақсатқа бағытталған процесс. Қазақ елінің болашағын айқындайтын, оны тұрақты даму деңгейіне

көтеретін бірден-бір құндылық, ол – жасөспірімдерді отаншылдық, ұлтжандылық рухта тәрбиелеу. Ендеше, қазақстандық жаңа білім үлгісі осыдан бастау алып, жас ұрпақты білімді және сол білімді ұтымды пайдалана алатын іскер, білгір де, білікті етіп өсірумен қатар, оның адамгершілік

болмысын, ішкі жан дүниесін, азаматтық тұлғасын, халықтық қасиеттерін дұрыс және орнықты түрде қалыптастыру болмақ. Тәрбиені отбасынан бастап, мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы тығыз байланыс арқылы дұрыс бағдарға қоямыз.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал, осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде бастауыш сыныпта атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Балабақша, мектептерге ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан», – деген екен. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М. Жұмабаев болды. Ол педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатыны жайлы айтқан. «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [1].

Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру ең маңызды шарттардың бірі десек қателеспейміз. Қазіргі жаһандану кезіндегі Батыс өркениетінен біздің алатынымыз да бар, ысырып тастайтын тұстарымыз да бар. Оған қарсы тұру үшін ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу керектігін басып айтуға болады. Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды

тұсы – адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы ұлттық тәрбие, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Ол бізге мынау аждаһадай төніп келе жатқан дүлей дүниеде біржола жоғалып кетпеуімізге кепіл болуға тиіс. Қалай десек те ендігі жерде өзіндік “менін” сақтауға ұмтылған жұрт ең алдымен ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін, дәстүрлі мәдениетін аманалып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Олай болса, осы айтқанымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты жүзеге асатынын мойындаймыз [2].

Бабаларымыздың ұлттық тәрбиесін отбасы тәрбиесі мен білім ошақтарында жалғасын тауып оқыта білсек, жастарымыздың ертеңіне деген сенім дұрыс жолда болары анық. Бүгінгі білім алушы жас – ертеңгі ана немесе әке. Ол алған ұлттық тәрбиелік білімін өз санасында қалдырып қана қоймай, отбасында балаларға құйып елітер болса, егеменді еліміздің жарқын болашағы айқын. Спандияр Көбеев:

...Балаларды жас кезінен бастап әдепті, таза, ұқыпты, мейірімді, отаншыл, ұйымшыл етіп баулу – оларды адамгершілікке (гуманизмге) тәрбиелеу болып табылады. Ол – жас ұрпақтың биік адамгершілік рухында тәрбиеленуі, демек жас ұрпақтың, әр баланың кішкене күнінен бастап, әуелі адамдарды қадірлейтін, адамдарды сыйлайтын болып өсуі, кішіпейілділік, сыпайылық адамдарға деген мейірімділік, адамдарды құрметтеу, адамдардың айтқанына көңіл қою, тыңдау керек болған жағдайда қолдан келген

қадірінше адамдарға көмектесу – мәдениеттің басты бір белгісі болып табылады.

Бірақ, кейде баланың жастардың арасында, тіпті кейде үлкен адамдардың арасында да, өте тұрпайы, ерсі сөздерді айтып тұрған балаларды, тіпті үлкен адамдарды да кездестіріп қала бересің. Мұның өзі көп ретінде баланың үйдегі тәрбиесінің кемдігінен болады...», – деген болатын.

Бастауыш мектепте ұлттық тәрбиенің негізі фольклор негізі арқылы жүзеге асыруға болады. Ауызекі поэтикалық шығармаларының өте бай үлгілерінің бірі – ойындар, ойын өлеңдері. Оларда адам өмірінің сан қыры, тұрмыс-тіршілігі, еңбек, дүниетанымы, арман-тілегі, болашаққа деген сенім ержүректік пен жігерлілікке құлшынысы және т.б. ойын арқылы көрсетіледі.

Қазақ балаларының ойын-сауықтары күнделікті көшпенді-малшы отбасылардың еңбек, тіршілігімен байланысты болады. Мұның бәрі халық өлеңдерінде, аңыздарында, би мен ойын қимылдарында көрініс тапқан. Оның үстіне балалар ойынының көпшілігі олардың жасына сәйкес қара өлең түрінде ғана емес, музыка мен әннің сүйемелдеуімен өткізілетін. ширатудың қолайлы құралы, қалай болса солай, мағынасыз айтыла салған сөз емес, керісінше, ол белгілі бір желі құрылады, дүниетанымдық, тәрбиелік мәні бар.

Халық балалар мен жастардың эстетикалық тәрбиесін қалыптастыруда ауыз әдебиетінің елеулі туындыларының бірі

– жұмбаққа мән берген. Жұмбақ қара сөз түрінде де, өлең түрінде де, айтыс түрінде де кездеседі, бейнелі суретпен айтылады.

Қазақ халқының эстетикалық тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі – ертегі. Халықтың фольклорлық шығармаларының бір мол саласы – ертегілер. Қазақ халқы ертегіге бай елдердің бірі. Ертегілерде халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінездерінің, қазақ халқының ең жақсы қасиеттері – еңбек сүйгіштігі, өз халқына, отанға, туып-өскен табиғатқа және тағы басқаларға деген сүйіспеншілігі бейнеленген. Қай халықтардың да ертегілері баланың жас ерекшеліктеріне, олардың мақсат-мүддесі мен талап-тілектеріне сай құрылып, өзінің тартымдылығын, бейнелілігімен және сезімге ықпал етуімен ерекшеленіп отыратыны аян. Басқа халықтар сияқты, қазақтың халықтық педагогикасында да ертегі жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде орасан зор рөл атқарып отыр. Қазақ халқының ертегілері өзінің тереңдігі, шыншылдығы, тапқыр әжуа-мысқылы және әлеуметтік мәні жағынан алғанда көрнекті көркем құбылыс болып табылады.

«Тәрбиесіз берген білім қауіпті», – деген екен әл-Фараби. Технологияның дамып, әлемдік жаһандану үдерісі кезінде білім беру жүйесіне ұлттық инновацияны енгізу керектігін көпшілік мойындап отыр. Қоғамға қызмет ететін болашақ жеткіншектерге сапалы білім мен өнегелі ұлттық тәрбие беру – ұстаздар қауымының басты парызы.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1994.
2. Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану // «Егемен Қазақстан».
3. Оқушы бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда мектеп пен ата-ананың рөлі // <http://40.astana-mektep.kz/>

РЕАЛИЗАЦИЯ КОММУНИКАТИВНОГО ПОДХОДА В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Жауыншиева Ж.Б., Есимкулова С.С.
Старшие преподаватели КазНПУ им. Абая

Түйін

Бұл мақалада коммуникативтік әдістің тиімділігі мен оның басты принциптері қарастырылады.

Summary

The article deals with the main principles of communicative method and its effectiveness.

Современное состояние теории обучения иностранным языкам и накопленные знания делают необходимым ещё раз вернуться к концепции коммуникативного обучения. С учётом перспектив развития экономики и социальной сферы сегодня важно сформировать у выпускников школы новые профессиональные и личностные качества, такие, как системное, творческое мышление, экологическая, информационная культура, языковая и коммуникативная компетенция, способность к осознанному анализу своей деятельности, самостоятельным действиям в условиях неопределённости. Вследствие того факта, что этого можно достичь только при коммуникативном подходе, цель которого состоит в том, чтобы научить, свободно ориентироваться в иноязычной среде и уметь адекватно реагировать в различных ситуациях, я и использую в своей работе именно этот подход.

Прежде всего, давайте рассмотрим понятия «коммуникативное обучение» и «коммуникативно-ориентированное обучение» иностранным языкам.

Коммуникативное обучение иностранным языкам представляет собой преподавание, организованное на основе заданий коммуникативного характера, т.е. общения. Коммуникативно-ориентированное обучение имеет целью научить иноязычной

коммуникации, т.е. общению на иностранном языке, используя все необходимые для этого (не обязательно только коммуникативные) задания и примеры.

В реальности обучение на основе только коммуникативных заданий практически не встречается. Поэтому «коммуникативное обучение» и «коммуникативно-ориентированное обучение» постепенно становятся синонимами.

Итак, в настоящее время конечной целью обучения иностранным языкам является обучение свободному ориентированию в иноязычной среде и умению адекватно реагировать в различных ситуациях, то есть общению.

Чтобы научиться общению на иностранном языке, нужно создать реальные, настоящие жизненные ситуации (т.е. то, что называется принципом аутентичности общения), которые будут стимулировать изучение материала и вырабатывать адекватное поведение.

Готовить учащегося к участию в процессе иноязычного общения нужно в условиях иноязычного общения, созданных в классе. Это и определяет сущность коммуникативного обучения, которая заключается в том, что процесс обучения является моделью процесса общения.

Коммуникативный подход как нельзя

лучше мотивирован: его цель состоит в том, чтобы заинтересовать обучаемых в изучении иностранного языка по средствам накопления и расширения их знаний и опыта. Обучаемые должны быть готовы использовать язык для реальной коммуникации вне занятий, например, во время посещения страны изучаемого языка, во время приёма иностранных гостей дома, при переписке, при обмене аудио и видеокассетами, результатами заданий и т. п. со школами и друзьями в стране изучаемого языка. При этом термин коммуникативность «не сводим только к установлению с помощью речи социальных контактов, к овладению туристическим языком. Это приобщение личности к духовным ценностям других культур – через личное общение и через чтение» (И. Л. Бим). Этот подход привлекает обучаемых путем сосредоточения на интересующих их темах и представления им возможности выбора текстов и задания для достижения целей программы. Коммуникативная способность обучаемых развивается через их вовлечение в решение широкого круга значимых, реалистичных, имеющих смысл и достижимых задач, успешное завершение которых доставляет удовлетворение и повышает их уверенность в себе.

Коммуникативное обучение языку подчёркивает важность развития способности

учащихся и их желание точно и к месту использовать изучаемый иностранный язык для целей эффективного общения.

Коммуникативная методика способствует быстрому овладению учащимися навыками разговорной речи. Это обеспечивается за счёт усвоения различных видов монологической речи, типовых диалогов и форм языкового моделирования. Здесь, на первом плане находится конкретная языковая модель. Основной единицей урока и всей стратегии обучения данной методики является акт говорения.

Особенности коммуникативного подхода в обучении иностранным языкам наиболее чётко выражается в положениях, отражающих существенные закономерности учебной деятельности, служащих для построения теории обучения, основанием для разработки соответствующего метода и ориентира для должной организации обучающей деятельности. Такие положения приобретают статус принципов обучения.

Принципы обучения могут быть концептуальными (выводимыми из теоретических рассуждений в рамках концепции) и рефлексивными, то есть «возвращёнными» после практической апробации и построенными на анализе реального опыта учителей. В таблице 1 сформулированы основные признаки этих принципов.

Таблица 1.

Концептуальные принципы	Рефлексивные принципы
Разрабатываются в рамках теоретической концепции.	Выходят за рамки определённой концепции
Формулируют теоретические положения об организации обучения	Формулируют практические рекомендации об организации обучения
Являются «теорией мысли»	Являются «теорией действия»
Отражают состояние идей в научном мире.	Отражают убеждения учителей.
Выбирают научно-исследовательский опыт.	Выбирают практический опыт преподавания.
Выводятся из теоретических рассуждений.	Выводятся из педагогического опыта.

Носят обобщенно-абстрактный характер.	Носят конкретный прикладной характер.
Подсказаны теоретической логикой.	Подсказаны педагогической практикой.
Соответствуют современным научно-исследовательским интересам.	Соответствуют реальным практическим потребностям учителей и учащихся.

Разница этих принципов заключается в том, что концептуальные принципы основаны на теории обучения иностранным языкам и опираются на научно-исследовательский опыт, а рефлексивные принципы основаны на практике и опыте учителей, а значит, они соответствуют реальным практическим потребностям учителей и учащихся.

Мы рассмотрим наиболее общие современные концептуальные принципы коммуникативного обучения иностранным языкам с учётом как российской, так и зарубежной теории.

Принцип 1. Коммуникативно-ориентированное обучение иностранным языкам в условиях деятельностного подхода.

Коммуникативное обучение иностранным языкам носит деятельностный характер, поскольку речевое общение осуществляется посредством «речевой деятельности», которая, в свою очередь, служит для решения задач продуктивной человеческой деятельности в условиях «социального взаимодействия» общающихся людей. Участники общения пытаются решить реальные и воображаемые задачи совместной деятельности при помощи иностранного языка. Этот принцип детализируется в следующих принципиальных положениях:

1.1. Деятельностная сущность коммуникативно-ориентированного обучения иностранным языкам осуществляется через «деятельностные задания». Они реализуются с помощью методических приёмов и создают упражнения.

1.2. Деятельностные задания для коммуникативно-ориентированного обучения иностранным языкам строятся

на основе игрового, имитационного и свободного общения.

1.3. Деятельностная сущность коммуникативно-ориентированного обучения иностранным языкам реализуется в положении «здесь и теперь». (Положение «здесь и теперь» осуществляется, если на уроке: создаются условия для речемыслительного творчества учащихся; процесс иноязычного речемышления осуществляется непосредственно в момент развития речевой ситуации; иноязычное общение представляет собой спонтанный опыт.)

1.4. Деятельностная сущность коммуникативно-ориентированного обучения иностранным языкам повышает важность методической организации процесса обучения. (Дело в том, что коммуникативные задания не редко выполняются в условиях повышенной речевой и физической активности, оживление учащихся, свободного их передвижения по классу и непроизвольного усвоения ими учебного материала. В этих условиях особенно важна тщательно продуманная организация коммуникативно-познавательной деятельности в виде строго определённой процедуры. Практически любое задание может выполняться (и это повышает эффективность работы) в 3 этапа: подготовительный; исполнительный; итоговый).

1.5. Деятельностная сущность коммуникативно-ориентированного обучения иностранным языкам реализуется в условиях гуманистического подхода к обучению. (Гуманистический подход

предполагает обучение, центрированное на ученике. Это означает, что ученик, а точнее, взаимодействующие между собой учащиеся являются центром познавательной активности на уроке.)

Принцип 2. Формирование у школьников коммуникативной компетенции.

В понятие компетенции был вложен смысл о том, что высказыванию присущи свои правила, которым подчиняются правила грамматики, и усвоение которых обеспечивает способность пользоваться языком в процессе коммуникации. Наиболее подробное описание коммуникативной компетенции принадлежит Л.Ф. Бахману. Автор относил сюда языковую, дискурсивную, разговорную, прагматическую (практическую), социально-лингвистическую, стратегическую и мыслительную компетенцию.

Рассмотрим подробнее принципиальные положения, вытекающие из принципа формирования у обучаемых коммуникативной компетенции:

2.1. Важным компонентом коммуникативной компетенции является лингвистическая компетенция, представляющая


собой готовность использовать иностранный язык как орудие речемыслительной деятельности.

2.2. Существенным компонентом коммуникативной компетенции является прагматическая компетенция, представляющая собой готовность передавать коммуникативное содержание в ситуации общения.

2.3. Необходимым компонентом коммуникативной компетенции является когнитивная компетенция, представляющая собой готовность к коммуникативно-мыслительной деятельности.

2.4. Значимым компонентом коммуникативной компетенции является информативная компетенция, то есть владение содержательным предметом общения.

2.5. Коммуникативная компетенция формируется во всех видах речевой деятельности – слушании и говорении, чтении и письме, что обеспечивает их осуществление. Функция коммуникативной компетенции в видах речевой деятельности может быть представлена рисунком 2.



На рисунке показано, что коммуникативная компетенция с необходимостью присутствует во всех четырёх видах речевой деятельности, обеспечивая восприятие речевых произведений и их порождение в условиях устного или письменного взаимодействия участников общения.

Принцип 3. Коммуникативно-ориентированное обучение иностранным языкам возможно в условиях аутентичного процесса социализации учащихся.

В данном контексте понятие «аутентичный» предполагает не только использование на уроке «взятого из жизни

учебного материала, но и создание методически целесообразных условий естественного учебного общения. Для этого в учебных условиях обеспечивается «репетиция реального употребления языка».

Рассмотрим данный принцип подробнее в принципиальных положениях:

3.1. Аутентичное коммуникативно-ориентированное обучение иностранным языкам осуществляется с применением заданий речевого взаимодействия. (Задания речевого взаимодействия построены так, что их невозможно выполнить без партнёра или партнёров. Они выполняются в парах или малых группах).

3.2. Аутентичное коммуникативно-ориентированное обучение иностранным языкам осуществляется с применением заданий, предполагающих «информационное неравенство» учеников.

3.3. Аутентичное коммуникативно-ориентированное обучение иностранным языкам осуществляется с применением проблемных речемыслительных заданий. (Проблемные речемыслительные задания могут быть основаны на следующем: на последовательности действий, на догадке, на классификации, на нахождении сходств и различий, на исключении лишнего и т. д.)

3.4. Аутентичное коммуникативно-ориентированное обучение иностранным языкам осуществляется с применением организованного ролевого общения. (Ролевое общение реализуется в ролевой игре – виде

учебного общения, который организуется в соответствии с разработанным сюжетом, распределёнными ролями и межролевыми отношениями).

3.5. Аутентичное коммуникативно-ориентированное обучение иностранным языкам осуществляется с применением спонтанного общения. (Такое общение имеет следующие особенности: его содержание не всегда предсказуемо; возможны переходы от одной темы к другой; требуются незнакомые или забытые слова, грамматика; иностранный язык используется в реальном действии.)

Итак, мы рассмотрели основные концептуальные принципы коммуникативного обучения иностранным языкам. Они сведены всего к трём ключевым формулировкам: «о деятельности на основе коммуникативного обучения», «о формировании коммуникативной компетенции» и «об аутентичных формах обучения». Все эти три принципа, которые существуют при коммуникативном подходе обучения иностранным языкам, я стараюсь использовать при создании своего собственного эскиза (плана) урока.

Мне бы хотелось наглядно показать использование этого подхода на примере одного урока немецкого языка. Итак, этот урок проходил в 8 классе и его тема очень актуальна и интересна для учеников данного возраста.

ЛИТЕРАТУРА

1. Комков И. Ф. Методика преподавания иностранного языка. – Мн., 1979.
2. Коньшева А. В. Современные методы обучения // ТетраСистемс, 2005.
3. Леонтьев А. А. Мыслительные процессы в усвоении иностранного языка. – Иностранные языки в школе, 1975, № 5.
4. Andrewes, Simon (2005) The CLT Police: Questioning the communicative approach. Modern English Teacher Vol 14. No 2.
5. Doman, Evelyn (2005) Current Debates in SLA. Asian EFL Journal Vol 7. Issue 4. Article 8 Retrieved October 20, 2006 from http://www.asian-efl-journal.com/December_05_ed.php

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ –ҰЛЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

Ауезбекова Айдын Берікқызы

Подгорное орта мектебінің мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Юбилейный ауданы

Резюме

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы национального воспитания в учебном и воспитательном процессе в школе.

Summary

This article discusses the current problems of national education in the teaching and educational process at school.

Болашақ бүгіннен басталады, яғни бүгінгі жастар – ертеңгі азаматтар. Егеменді еліміздің жоғары ертеңгі ұрпақтары әдепті, адамгершілігі жоғары болып өссін десек, ұлттық тәрбиенің берері мол.

Білім мен тәрбие тетіктерін ұрымтал іске қосу арқылы ұрпақ бойына отаншыл болатындай асыл қасиеттерді дарыту, түптеп келгенде, Отан әлеуетін нығайтудың ең сенімді кепілі. Бұл мәселені Президент Н.Ә.Назарбаев бір сәт қаперден тыс қалдырмай, тіптен жеке басының қадір-қасиетімен отаншылдықтың, елжандылықтың тамаша үлгісін көрсетіп келе жатқанына куәміз. Тәуелсіздік жылдарында Елбасының қаламынан туған “Ғасырлар тоғысында”, “Тарих толқынында”, “Қазақстан-2030”, “Сындарлы он жыл” сияқты терең мазмұнға толы еңбектерінде шын мәнінде Отанын шексіз сүйген, сол жолда қажыр-қайраты мен білім-білігін жан-тәнімен жұмсай білген жанның отаншылдық рухы айқын аңғарылады. Содан да болу керек, Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымына ресми кірісу рәсімінде сөйлеген сөзінде айтқан мына ойлары біздің әрқайсымыздың жан-жүрегімізді отаншыл болуға үндеген өсиеттей баурады: “Біз Отанымыздың қасиетті байтақ даласын қантөгісті шайқастарда қорғаған батыр

бабаларымыздың рухына лайық болуымыз керек. Олар тәуелсіздікті аңсады, біртұтас, қуатты мемлекет құруды армандады. Осы ұлы мұратты жүзеге асырудың асқақ абыройы біздің ұрпақтың пешенесіне жазылды. Біздің тарихи міндетіміз елімізді әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына қосу, сөйтіп келер ұрпаққа өркенді де өршіл Қазақстанды табыстау” [1].

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін оқу орындарына қойылатын талап – тәуелсіз еліміздің азаматын тәрбиелеу, жастардың ұлттық сана-сезімін ояту, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік көзқарастарын қалыптастыру. Ал ұлттық тәрбие берудің ең басты жолы – ұлттық қадір қасиетті дәріптеп, ана тілімізді сақтап, мәдениетімізді дамыту, Егемен еліміздің өзінің экономикалық және саяси дербестігін алғанына 21 жылдан асты. Тәуелсіздік еліміздің алдына жаңа мақсаттар мен талаптар қойып отыр. Солардың бірі – азаматтардың бойына патриотизмді қалыптастыру. Біз бұл тұрғыда қазақ этнопедагогикасы арқылы патриоттық тәрбие беруді қарастыруды жөн санап отырмыз.

Халқымыздың патриоттық үлгісін Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Ақтамберді, Бұқар жырау және XX ғасырдың басында қалыптасқан Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт

Торайғыров, Мағжан Жұмабаев сынды қазақ қайраткерлері жасап берді деуге негіз бар.

Әйтеке би «Өмірім халықтікі, өлімім ғана өзімдікі» деп, халыққа қызмет етудің, патриотизмнің айнасы бола білді. Тәуке хан заманынан бері қазақ қоғамында патриотизм байлықтан да жоғары бағаланады.

Қазақстан Республикасының Ата заңында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және оны азаматтардың ой-санасына сіңіруді мемлекеттік дәрежедегі мәселе ретінде жариялаған. Бірақ бізде патриотизмді қалыптастыруда шешілмеген мәселе көп. Шынына келсек, өте көп күрделенген мәселелер бар. Оның ішінде ұлтымыздың өзінде патриотизмнің деңгейі жоғары деп айту қиын. Осыған байланысты қазақ этнопедагогикасында патриоттық тәрбие берудің жолдарын қарастыру өзекті мәселе болып отыр.

Тәрбиенің іргетасы қаланатын тұсы – отбасы мен тұрмыс. Сондықтан өмірде жастар арасында кездесіп жататын ана тілін ұқпау, салт-дәстүрді білмеу, үлкенді сыйламау сияқты келеңсіздіктердің пайда болуы, отбасындағы тәрбиенің жеткіліксіздігі ата-ананың бала тәрбиесіне аса мән бермеуінен болып отыр. Осыған орай Бауыржан Момышұлының мынадай сөзін келтіре отырып «тәрбиенің қайнар көзі – ата-ана. Олардың тыныс-тіршілігі, өмірге көзқарасы, рухани өрісі, өзара қарым-қатынасы, қысқаша айтқанда, бүкіл болмысы балаға тәрбие» деген сөзінде, ар-ұят, намыс, имандылық секілді адамның азаматтық қасиеттерін насихаттауға болады.

Адамның бойында ұят сезімі қалыптасқан күнде ғана Отан алдындағы парызды орындау үшін саналы түрде қауіп қатерге бас тіге алады. Б.Момышұлы «Әрбір азамат өз ұлтын сүйуге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге міндетті» деген. Бұны отбасында өсіп келе жатқан жас буындарды патриотизмге тәрбиелеуде ерен үлес қосатын аса маңызды әлеуметтік

орта деп ой түюге болады. Сол себепті де жастарды патриотизмге тәрбиелеуді ғылыми-педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыруды қарастыру өз алдына бүгінгі күні кезек күттірмейтін мәселесі екендігін атап көрсетуге болады. Ендеше жастарды оқытумен қатар тәрбиелеу үрдісінде қазақ этнопедагогикасын басшылыққа алу қажеттігі сезіледі.

«Халық кемеліне келіп, өркендеуі үшін, ең алдымен, азаматтық пен білім керек» деп ұлы Шоқан Уәлиханов өте орынды айтқан. Ендеше жан-жақты ел тарихын жетік білетін, заман талабына сай жастарды тәрбиелеу – бүгінгі күн талабы.

Сыныбымда 16 оқушы бар. Оларға әр сабағымда халмыздың салт-дәстүрін, ұлттық ерекшеліктерімізді насихаттап отырамын. Оқушалардың сөздік қорын дамытып, ойын түсінікті жеткізу үшін қазақ тілі сабақтарында ауыз әдебиеті үлгілерін, шешендік сөздерді пайдаланып, сабақты түрлендіріп, өткізу әр мұғалімнің әдісіне байланысты. Өз тәжірибемнен оқушылардың материалды түсініп, оқығандарын есте сақтап, қолдана білуі оларды сабаққа қызықтыруға байланысты. «Баланың бас ұстазы – ата-анасы» демекші, мұғалім ата-анамен тығыз байланыста болуы керек. Оқушыларға екі тараптан қадағалау болса, ұлттық құндылықтарымызды бойына тез сіңіреді [2, 65].

Ұлттық тәрбиенің тағылымы мол. Біз қашанда ұлттық дәстүрлерімізді дәріптеп отырамыз. Мысалы, қонақжайлық, үлкенді сыйлау, бауырмалдық сияқты мінез-құлықтар қазаққа тән қасиеттер.

Халықтың жаны – тіл. Тіл – біздің ең қымбат қазынамыз. Туған тілімізді жете білу арқылы өнер-білімнің, мәдениет пен ғылымның биігін жете аламыз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халыққа Жолдауында 2050 жылға дейінгі даму жоспарының негізгі түйіндерін атап өтті. Елбасы көптеген мәселелермен қатар, мемлекеттік тіл – қазақ тілін дамыту жөнінде де тоқталып өтті. Қазақ пен

қазақ қазақша сөйлесін деуі арқылы мемлекеттің тілді құрметтеуге шақырды. Сондықтан да тілімізді, ата салтымызды сақтау әрқайсысымыздың парызымыз.

Халқымыз «Ата дәстүр, салтынды сақта, Туған жер, халқыңды сатпа» деп баланы тәрбиелеген. Халқымыздың асыл сөздерімен сусындап өскен жастарымыздың бойынан адамгершікті, әдептілікті көру – ата салтымызды сақтау болып табылады.

Тәуелсіз еліміздің ертеңгі жас ұрпақтары білімді, парасатты болып өссін десек, ұлттық құндылықтарымызды бүгінгі күн талабымен ұштастыра білейік.

Дала мінезді қазақтың көңілі шалқар, кейде сағымдай бұлдырап, жұмбақ болып қалатын сәттері де бар, өрлік пен кеңдік, батырлық рух, патриоттық сезім бойына дарыған қазақ халқы ешқашан өз рухын түсірмек емес. Көшпенді күй кешсе де, үлкен мәдениет тұрғызды, отырықшы күй кешсе де, далаға тән рухын, өзіндік болмысын сақтап отырды. Орта адамды қалыптастырады, оның даралық қасиеттерін айқындай

түседі. Олай болса, халқымыздың ұлттық рухын көтеріп, ұлттық тұрғыда тәрбиені бойынан сусындатып, этнопедагогикалық құндылықтарын қастерлеп, жастардың патриоттық сезімдерін жоғарылата түсу керек деп есептейміз. Әр мектепте өзінің тәрбие жүйесі бар. Өзінің бағыт бағдары бар. Біздің мектебіміз қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін үйретуде, ұлттық тұлғалардың есімі оқушыға үлгі-өнеге болып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруде жұмыстар жүргізудеміз.

«Тәрбие баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді, – деген болатын А.С.Макаренко [3]. Тәрбие тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуде. Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат-міндеттерімен байланысты болуы керек». Ата-бабаларымыз баланың дүниеге келуін ерекше күткен. Балаға қамқорлық о дүниеге келмей-ақ жасалған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан.
2. Дүйсембінова Р.Қ. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын мектептің оқу-тәрбие үрдісіне ендіру. А., – 2000.
3. Макаренко А.С. «Из лекций о воспитании детей. Семейное воспитание». Педагогические соч.: В 8 т.- М., 1984. т. 4.- С. 28-30.



«Адамдарға ақыл-парасат өз өмірін жақсарту үшін берілген»

Нұрсұлтан Назарбаев

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Бекбосынова Г.К. –

№6 «Шұғыла» балабақшасының тәрбиешісі

Талдықорған қаласы

Резюме

В данной статье рассматривается актуальность национального воспитания в детском саду.

Summary

This article discusses the relevance of the national воспитаниya in kindergarten.

Әйгілі жазушымыз Мұхтар Әуезовтің «Ел болам десең – бесігіңді түзе» деген сөзінде сан-алуан астар бар. Кеменгеріміздің бұл жерде «бесігіңді түзе» деген сөзді «Ұрпағыңды түзе» деген сөздің баламасы ретінде қолданып отырғанын біреуіміз білсек, екіншіміз аңғара бермеуіміз әбден мүмкін. Ұрпағын түзетуді көздеген қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, оған тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, қарастыру әрбір ұжымның тапқырлығы мен іскерлігін, ізденімпаздығы мен шығармашылығын талап етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деген ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби ойын әрбір ұстаз, әрбір ата-ана өздеріне қағида ретінде ұстанса нұр үстіне нұр болар еді. Оқу мен тәрбие – бір-бірінен бөлек алынып қаралмайтын күрделі процесс. Жаңа заманның жаңашыл ұстазы осы екі үрдісті бірдей теңестіріп алып жүру оның шеберлігі мен іскерлігін көрсетеді.

Өркениетке ұмтылған бүгінгі күннің талабына орай болашақ ұрпақты ұлттық тәлім-тәрбие өнегесіне сүйене отырып парасатты тұлға ретінде қалыптастыру, ақыл-ой, таным қабілеттерін жетілдіру, дербес іс-әрекетке баулу, адамгершілік,

эстетикалық сезімталдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу міндеттері қойылып отыр. Бұл міндеттер мемлекеттік құжаттарда Қазақстан Республикасының Конституциясында, “Тіл туралы” Заңында, “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетіледі. Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың оқу, тәрбие жағдайы қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылып отыр. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңының 23-бабында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мәселелеріне баса назар аударылған. Ел Президенті өзінің “Қазақстан-2030” стратегиясында “Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады. Бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады” деп сенім білдіреді. Қазақстан Республикасының әлеуметтік мәдени даму тұжырымдамасында: “Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-мәдени даму жолы дегеніміз - ең алдымен адамзат қазыналарына баса назар аудару, прогресшіл халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының толымды түлеуі, гуманитарлық ғылымдарға, өнерге, халықтардың рухани байлықтарына қайта оралу, мәдениеттің барлық салаларында

ұлттық мәдениеттің қазыналары мен дербестігін мойындау” деп атап көрсеткен. Осы қағидалар негізінде балаларды мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап еңбекке баулу, іскер, еңбекқор, өз еңбегін де, өзгенің еңбегінде бағалай білетін, еңбек дағдысы қалыптасқан елінің әлемдік өркениетті мемлекеттер қатарына қосылуына үлес қосатын білімді азамат етіп тәрбиелеу әрбір ата-ана мен педагогтың міндеті. Халық ұлт ретінде ежелден келе жатқан өзіне тән өнері мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдени тұрмыстары арқылы жетілетіні белгілі. Өйткені, ғасырлар сынынан еленіп, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып жалғасын тауып, мазмұнын жетілдіріп келе жатқан халық мұраларындағы озық үлгілер, әрбір жеке тұлғаның дамуына себепші болады. Қазіргі таңда ұлттық салт-дәстүрлерді жинақтап, жаңа көзқараспен болашақ ұрпақты тәрбиелеу мақсатында зерттеу қажеттілігі өмір сұранысынан туындауда [1].

Ұлттық салт-дәстүрдің тәрбиелік қағидаларын ұрпақ бойына сіңіру баланың мектепке дейінгі кезеңнен отбасы, балабақша, мектеп арқылы орнығатын ұзақ үрдіс. Қазақ халқының бай мұрасы, тұрмысындағы терең мазмұнды мәдени ұлттық ерекшеліктері, бүлдіршіндердің талғам-сезімдеріне, қиялдары мен ерік-жігерлеріне ықпал етіп еңбекқор болып өсуіне тигізер маңызы зор. Осыған орай қазақ балабақшаларындағы оқыту, тәрбиелеу мазмұнын жаңарту тұжырымдамасында “...балабақшадағы тәрбие мазмұнын қайта құру, демократияландыру, баланы ұлттық дәстүрлер негізінде тәрбиелеудегі басты міндеттің бірі – бойында ұлттық психология қалыптасқан, ұлттық салт-дәстүрлерді меңгерген дені сау, тілі түзу, еңбекқор ұл мен қыз тәрбиелеуде әулет пен балабақша арасында халықтық педагогика негізінде ізгілікті тәрбие берудің негізін қалау” – деп көрсетіледі.

Ал, халық педагогикасының түп тамыры қазақ халқының әлеуметтік, тұрмыстық, шаруашылық кәсібімен, қолөнерімен

сабақтасып, салт-дәстүрлерімен тығыз байланыста туындап, дамып ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырғаны белгілі. Бұған орта ғасыр ғұламалары әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Ибн Сина, М.Дулати, т.б. еңбектеріндегі еңбек тәрбиесі туралы айтылған ой-пікірлері дәлел. Ұлы ғұламалар адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі аталуының биік шоқтығы, сондықтан оларға жоғары адамгершілікпен адал еңбек ету тән деп санады.

Әл-Фарабидің ғылыми ой түйіндерінде еңбек қоғамның өмір сүруінің, соның ішінде, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырады. Ж.Баласағұн бала тәрбиесін бесіктен бастау қажет екендігін және барлық байлық, молшылық адал кәсіппен еңбектену арқылы жететінін баса айтады. Ибн Сина еңбекке, еңбек етуге еңбек тәрбиесіне гуманистік, қоғамдық тұрғыда қарап, еңбектің тазалығы мен халықтығын талап етеді. XV-XVII ғасырларда өмір сүрген қазақ ақын-жыраулары (Шалкиіз, Бұқар жырау, Ақтамберді, т.б.) халқының азаттығы мен бірлігі, ел тұтастығы мен амандығы жолында адал еңбек ететін өз заманының тұлғаларын тәрбиелеуде ұлттық салт-дәстүрдің озық түрлерін үлгі еткенін тарихтан белгілі.

Ұлт болмысы мен болашағын халқының тамырынан іздеген Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, халықтың әл-ауқатының, санасымен мәдениетінің, салт-дәстүрінің даму кезі еңбексүйгіштікте, ғылым, білім алудың түп-төркіні еңбекте деген философиялық ой-түйіндері, бүгінгі педагогика ғылымының қағидаларымен өте жақын қабысады. Қазақ елінде психология, педагогика, тіл тағылымы сияқты тұңғыш оқулықтардың негізін жасаған Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, Х.Досмұхамбетов, Т.Шонанов, т.б. ғалым-ағартушыларымыз өз еңбектерінде болашақ ұрпақты еңбекке баулуды халық тәжірибесінен іздеп, оны тәрбиеге арқау ету керектігін баса айтқан.

Қазақтың ұлттық мұраларын, салт-

дәстүрі мен ауыз әдебиетін, оның мазмұнын, маңызын Ә.Диваев, В.В.Радлов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, С.Сейфуллин, М.Ғабдуллин, Ө.Жәнібеков еңбектерінде зерделеп жас ұрпақтың ұлағаттылыққа тәрбиелеуге кеңестер береді. Қайта өрлеу дәуірінде жаңа педагогиканың негізін салушы Я.А.Коменский [2], И.Песталоцци, Р.Оуэн, Ж.Ж.Руссо, т.б. балаларды бірінші өз ұлт тілдерінде оқытып, халқының озық тәрбие дәстүрлеріне сүйеніп, жастайынан жақсы мінез-құлыққа және еңбекке баулуды ұсынады. Ресейдегі халық тәрбиесінің мәнін, мазмұнын ашқан К.Д.Ушинский орыс халқының бала тәрбиелеу ісін оның

сан ғасырлық тарихымен байланыстырып, халықтың мәдени салт-дәстүрінен іздестірді [3, 154].

Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтарымыздың қолында десек, ұрпақты тәрбиелеу балабақшадан басталатынын аңғардық. Егеменді еліміздің түп қазығы мықты болсын десек, балабақша бүлдіршіндерін ұлттық құндылықтарды, ұлттық символикамызды, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық әдебиет, өнерімізді қадірлеуге тәрбиелеу парызымыз. Яғни Отанға деген патриоттық сезімін балабақшадан қалыптастыру.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан
2. Коменский Я.А. Учитель учителей («Материнская школа», «Великая дидактика» и др. произв. с сокращ.). М.: Карапуз, 2009, 288 с.
3. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания. Том II – 1869.



«Ақыл-парасат — адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсы қылық пен жаман қылықтың ара жігін ашуына көмектесетін күш»

Әбу Насыр әл-Фараби

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де - ақымақшылық»

Абай Құнанбаев

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Пірәлиев С.Ж., Ермағанбетов М.Е., Нуриев М.А., Намазбаева Ж.И., Оразбаева Ф.Ш., Иманбаева С.Т., Хан Н.Н., Калиева С.И., Нарикбаева Л.М., Берікханова А.Е. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту (тұжырымдама).....	6
Нуриев М.А. Ауыл шаруашылығын дамыту – ел экономикасын дамыту кепілі.....	18
Мардахаев Л.В. Социально-педагогическое сопровождение (поддержка) ребенка в трудной жизненной ситуации.....	21
Roza Sadykova Nauryz holiday and kazakh national traditions – the basis of youth education..	28
Иманбаева С.Т. Тұлғаның патриоттық құндылықтарын қалыптастыру – әлеуметтік-педагогикалық мәселе.....	32
Совет-Хан Ғаббасов Тіршілік тылсымдары.....	38
Әдібай Табылды Ұлттық тіл – ұлттық тәрбиенің басты құралы.....	52
Нуриев М.А., Саметова Ж.Ш. Ұлттық символдардың оқушы интеллектуалын көтерудегі рөлі.....	56
Сарбасова Қ.Б. Студенттерді өзіндік жұмыс арқылы шығармашылық белсенділікке тәрбиелеу.....	65
Жумаева Ж.Н. Производственное обучение – основа профессионального становления будущего специалиста.....	69
Султаналиев Ишенбек М.Кашгаринин “Диван лугат ит түркү” менен азыркы кыргыз тилинин лексикалык өзгөчөлүктөрү.....	71
Сарбасова Қ.А., Ешмұратова Д.С. Сыныптан тыс жұмыстарда бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру мазмұны.....	76
Әужанова Н.Б. Биология пәнін оқыту үрдісінде ұлттық ойындарда этнопедагогикалық материалдарды пайдалану.....	81
Әуезбекова Ж.А. Студент жастарды халықтық педагогика тұрғысынан қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.....	85
Алиярова Л.М., Халенова А., Махажанова Л.М. Изучение фразеологических единиц в процессе обучения иностранному языку.....	90
Бекбосынова С.К. Бастауыш мектепте ұлттық тәрбие беру өзектілігі.....	92
Жауыншиева Ж.Б., Есимкулова С.С. Реализация коммуникативного подхода в обучении иностранному языку.....	95
Ауезбекова А.Б. Ұлттық тәрбие – ұлылықтың бастауы.....	100
Бекбосынова Г.К. Балабақшадағы ұлттық тәрбие беру мәселесінің өзектілігі.....	103

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында екі тілде түйін беріледі (егер мақала қазақ тілінде жазылса, онда түйін орыс және ағылшын тілдерінде, егер мақала орыс тілінде жазылса, онда түйін қазақ және ағылшын тілдерінде жазылады т.с.с.). Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на двух языках (если статья написана на казахском языке, то резюме должно быть написано на русском и английском, а если статья написана русским языком, то резюме следует писать на казахском и английском). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Тікелей репродукциялық әдіспен басылады
Печатается методом прямого репродуцирования

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Анар Құрманғали
Беттеген/Верстка – Анар Құрманғали*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ,
каб. 24.

Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8702 951-87-61,
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 18.03.2013 ж. Пішімі 60x84 $\frac{1}{8}$.
Қағазы сықтықкар. Басылым – офсет. Көлемі 14 б.т.
Таралымы 500. Тапсырыс №. 83